

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Әлісжан Сарқыт Қалымұлы

ҒЫЛЫМИ ДИСКУРСЫҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ
(коммуникативтік-прагматикалық аспект)

Алматы 2017

ББК 81.2-2(2К)

Пікір жазғандар : филология ғылымдарының докторы,
профессор Ж.А. Жакупов
филология ғылымдарының докторы,
профессор З.С.Күзекова

Назарбаев Университеті Қазақ тілі және түркітану кафедрасы баспаға ұсынған.

Ә Әлісжан С.Қ. Ғылыми дискурстың танымдық негіздері (коммуникативтік-прагматикалық аспект) – Алматы: «...», 2017. – 89 бет.

Оқу құралында ғылыми дискурстың белгілері мен ерекшеліктері, негізгі ұғымдары, ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымы, ғылыми мәтіндердегі субъект факторы қарастырылады. Сондай-ақ ғылыми дискурстағы коммуникативті-когнитивтік кеңістікті қалыптастыратын кейбір метафоралық модельдер сипатталады.

Оқу құралы ғылым тілі, ғылыми дискурс мәселесі қызықтырған мамандарға, ғылыми жұртшылыққа, филология мамандықтарында оқитын студенттер мен магистранттарға арналады.

ISBN

Автордан

Ұсынылып отырған бұл кітап автордың 2007 жылы А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институтында қорғаған докторлық диссертациясының негізінде жазылған «Ғылыми прозаның синтаксисі (құрылымдық және коммуникативтік негіздері)» (Алматы: Арыс, 2007) атты монографиясының логикалық жалғасы іспетті. Біз өз тарапымыздан сол кездегі Тіл білімі институтының ғалымдар ұжымына шексіз алғысымызды білдіреміз. Диссертацияны талқылау барысында айтылған пікірлер мен ұсыныстар одан кейінгі зерттеу жұмыстары үшін негізге алынды. Кейбір мәселелер қайта қаралды. Тақырыпқа қатысты жаңа тұстарды қазіргі тіл білімі тұрғысынан баяндауға тырыстық. Тақырып аясында жоғары оқу орнында (Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ) жүргізілген курс барысында айқындалған жайттарды назарға алдық. Соның бәрін осы еңбектің мазмұнына жинақтауға ұмтылдық.

Автор осы кітап жайында мамандар тарапынан ұсыныстар түсіп жатса, алдын ала алғысын білдіреді.

КІРІСПЕ

Тәуелсіздік алғалы бері қазақ тілінің қолданыс аясының мейлінше арта түскені рас. Қазақ тілін еліміздегі мемлекеттік тіл ретінде заңнамалық негізін бекітетін едәуір құжаттар жарық көрді, соның бірегейі – Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Онда «Қазақ тіліндегі ғылыми шығармашылықты одан әрі дамыту талап етіледі» деп атап көрсетіледі және бұл игі бастама жеміссіз де емес.

Ғылым мен білімге сұраныс өсіп тұрған қазіргі кезде қазақ тілінде түрлі салалар бойынша ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттің жарық көруі заңды. Қазақ тілінде көп жанрлы ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиет, публицистика пайда болды. Тілдің ғылыми қарым-қатынас аясындағы қызметі арта түсті. Қоғамдық ғылым салаларын айтпағанның өзінде жаратылыстану, техникалық әдебиеттерді қазақ тілінде жазу дәстүрі кең өріс алуда.

Ғылыми салада осындай қомақты арнаулы әдебиеттің жарық көруі, жариялануы – ғылым тілінің қазіргі әдеби тілге жан-жақты әсер етуші, ықпалы зор стильдердің біріне айналып, ұлттық тілдің осы салада жұмсауға қажетті, қабілетті дейтін тілдік құрылымдарының жасалуына қызмет етіп отыр.

Қазақ тілінің ғылым саласындағы қызметі екіжақты баяндалуы тиіс: теориялық және практикалық. Ұсынылып отырған жұмыс негізінен теориялық жағын сипаттап беруді мақсат тұтты. Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттарды негізге ала отырып, ғылыми дискурстың мазмұндық және лингвистикалық кейбір қырларына жан-жақты тоқталуға тырыстық. Сонымен бірге тілдің ғылыми қарым-қатынас барысында жұмсалудағы тәжірибелік тұстарды да назардан тыс қалдыруға болмайды. Әсіресе ғылыми саладағы тілдің мәртебесі артқан қазіргі кезеңде ғылыми стильде жаза білуге баулитын, тілдік бірліктердің қолданысын нақтылап дәйектейтін қолданбалы бағыттағы жұмыстардың қажеттігі сөзсіз. Мұндай оқу құралдары жас ғалымдар үшін керек. Дегенмен осы орайда атқарылатын жұмыстарды алдағы уақыттың еншісіне қалдыра отырып, оқырмандар үшін ғылым тілінің теориялық жай-жапсарын қарастыратын еңбектер де қажет болар деп шештік.

Кітаптың негізгі мақсаты – қазіргі тіл біліміндегі жаңа парадигмаларға сүйене отырып, ғылыми дискурстың мағыналық құрылымы мен ерекшеліктерін, ондағы субъект категориясын, ақпараттың жеткізілуіндегі метафоралану тәрізді кейбір танымдық үдерістерді қарастыру.

Осы мақсатқа сәйкес біз еңбекте мынадай міндеттерді шешуге тырыстық:

- дәстүрлі *ғылыми стиль* терминінің *ғылыми дискурсқа* ұласуының теориялық мән-жайын нақтылау;
- *ғылыми мәтін* дегеніміз не және ол қандай мағыналық бөліктерден тұруы мүмкін тәрізді сауалдың басын ашып алу;
- *ғаламның ғылыми бейнесі* ұғымының жай-жапсарын айқындау;

- ғылыми дискурстың интертекстуалдығына қызмет ететін *дәйексөз* мәселесін, оның танымдық тұрғыдан қарастырудың ерекшеліктерін ашу;
- ғылыми мәтіндердегі субъект категориясын (автор және оқырман бейнесі) қарастыру;
- ғылыми дискурстағы кейбір метафоралық модельдердің қызметіне шолу және т.б.

Қазақ тіл білімінде, соның ішінде, қазақ стилистикасы үшін аталған мәселелер өзекті болып табылады, өзінің ғылыми сипаттамасын толық алды деп айту қиын. Оның үстіне прагмалингвистика, танымдық тіл білімі тұрғысынан ғылыми дискурс енді-енді сөз бола бастағандығын ескерсек, бұл жұмыстың осы орайда қосар үлесі бар деп санаймыз. Әрине, ғылыми дискурстың лингвистикалық қыр-сыры толықтай зерттелді деуден аулақпыз, бұл еңбекті «Ғылыми дискурстың танымдық негіздеріне кіріспе» деп атауға да болар еді.

Кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде ғылыми дискурстың түйінді ұғымдары – *ғылыми стиль, ғылыми мәтін, ғылыми дискурс, ғаламның ғылыми бейнесі*, сондай-ақ ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымы мен ондағы бағалаушытық көріністері қарастырылады, дәйексөз бен оның ғылыми мәтіндердегі орны сөз болады.

Екінші бөлім ғылыми мәтіндердегі субъект мәселесіне арналған, ғылыми-танымдық қызмет үшін негізгі бірліктердің қатарынан саналатын *автор бейнесі* мен *оқырман бейнесі*, олардың тілдік берілу жолдары сипатталады.

Үшінші бөлім ғылыми дискурстағы коммуникативті-когнитивтік кеңістікті қалыптастырып, соны ұйымдастыруға қызмет ететін басты тетіктің бірі – метафоралану үдерісіне, яғни метафоралық модельдерге арналады.

Тілдік материалдар әр ғылым салалары бойынша қазақ тілінде жарық көрген ғылыми монографиялардан, оқулықтар мен оқу құралдарынан, мақалалардан алынды.

Еңбек филолог мамандарға, ғылыми стиль мәселесі қызықтыратын ғылыми жұршылыққа арналған.

I. ҒЫЛЫМИ ДИСКУРС: ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН БЕЛГІЛЕРІ

1. *Ғылыми стиль – ғылыми мәтін – ғылыми дискурс: ұғымдарды нақтылау*

Стилистика кез келген ғылым саласы тәрізді өз дамуында ілгерілеуді де, дағдарысты да бастан кешірді және осындай даму мен тоқыраудың салқыны әлі күнге сезіледі. Сондай бірізді қолданылмау, мамандар арасындағы кейбір дүдәмал жайттар – жалпы «стиль» мен «дискурс» ұғымдарының арақатынасынан көрінеді. Өйткені бүгінгі таңда зерттеушілер *стиль* және *дискурс* терминдерін түрлі бағыттарда қолдануда. Бүгінге дейінгі «стиль» аталып, стилистика саласының ауқымындағы мәселелер ендігі уақытта «дискурс» терминімен алмастырылып, дискурсология саласына тиісті болып шықты. «Дискурс» термині «стиль» терминіне синоним ретінде қолданыла бастады, *дискурс* сөзін қолдану сәнге айналды десе болады, ғылыми айналымнан біртіндеп *стиль* ұғымын шығаруды көздейтін зерттеушілер де жоқ емес. Сондықтан ғылыми стильдің ғылыми дискурсқа ұласуына дейінгі аралыққа тоқталмас бұрын, жалпы *стиль* мен *дискурс* ұғымдарының ара жігін ажыратып, осы уақытқа дейін стилистикада қалыптасқан ғылыми дәстүрге орай нақтылай кеткен жөн.

Дәстүрлі функционалды стилистикада әрбір функционалды стильдің өзіндік ерекшеліктері тілдік жүйедегі қаттауларға сәйкес (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, ал ауызекі сөйлеу стилі үшін – фонетикалық деңгей) қарастырылды. Стилистиканың өзі деңгейаралық пән ретінде стилистикалық және стильдік заңдылықтарды қарастыратыны белгілі. Осы бағытта қазақ тілінің стилистикасы да бұрынғы кеңестік стилистиканың жетістіктеріне сүйене отырып, едәуір зерттелгені бәрімізге мәлім. Стилистиканың зерттеу әдістеріне сүйене отырып, тілдің функционалдық жіктелістері жан-жақты зерттелді. Әрбір функционалдық стиль экстралингвистикалық негіздері мен интралингвистикалық ерекшеліктеріне сай егжей-тегжейлі қарастырылды, әр стильге тән ерекшеліктер, стильдік нормалар анықталды десе болады [1; 2].

Орайы келгенде айта кеткен жөн, қазіргі ғаламтор бетінде, әлеуметтік желілерде қазақ тілінің стильдік тармақтары жайында скептикалық пікірлер кездесіп қалады. Олардың ойынша, біздің тілде ауызекі тіл мен көркем әдебиеттен өзге стиль дамымаған, жоқтың қасы. Бұл маман еместердің пікірі, «қазақ тілі – ғылым тілі бола алмайды» деген әрәдік айтылып қалатын алып-қашпа сөз. Қазақ тіліндегі тұрақталған бес функционалды стильді қалыптастыратын тілдік және тілдік емес заңдылықтар да жетерлік әрі олардың ғылыми тұрғыдан (тіл білімі) зерттелуі де қазіргі кезде орын алып отыр [3].

Әдетте стилистика теориясы үш мәселеге негізделіп баяндалады: 1) қоғамдағы барлық сөйлеу (тілдік) тәжірибесін жүйелі сипаттайтын *функционалдық стильдер теориясы*; 2) *сөз таңдау*, автордың, белгілі бір

жанрдың және функционалдық стильдің мақсатына сай жүзеге асатын;
3) *нормадан ауытқу* көріністері [4, 45-б.].

Дәстүрлі стилистиканың осы қадау-қадау мәселелері қазақ тіл білімінде едәуір сипатталды.

Академик М. Серғалиевтің стилистикадағы ең негізгі саналатын *стиль* ұғымына берген анықтамасы дәстүрлі стилистикалық зерттеулердің тәжірибесін өзіне сіңірген: стиль дегеніміз – 1) әдеби тілдің түрі, демек, сол тілде сөйлейтін баршаға түсінікті сөздер мен конструкциялар; 2) тілдік құралдардың қалай болса солай тіркескен тобы емес, шартты түрде тұйықталған тобы; 3) стиль – тарихи қалыптасатын категория, олай болатыны – тілдік құралдардың қоғамдық қызметтің бір саласында жұмсалып, тұрақталуы, бір күннің, бір айдың немесе бір жылдың жемісі емес, ол көптеген жылдарды басынан кешіріп, әбден қалыптасқан категория; 4) стиль қоғамдық қызметтің бір саласында жұмсалады [1, 26-б.].

Сөз таңдау, сөз өнері, нормадан уәжді және уәжсіз ауытқулар туралы қазақ стилистикасында зерттеулер бар [5].

Тілді зерттеудегі жаңа коммуникативтік тәсіл лингвистикалық бірліктерді сипаттаудың жаңа әдісін ұсынады. Сөз жоқ, аталған зерттеулер тіл біліміндегі коммуникативтілікке дейінгі ғылыми байқаулар мен тәжірибелер болды, жаңа тәсілдің қалыптасып одан әрі қанат жаюына белгілі бір дәрежеде ықпал етті, сонымен бірге қазіргі уақытта да негізгі бағыт ретінде тың бастамаларға түрткі бола алады әрі өмір сүруін тоқтатпақ емес. Сайып келгенде, *стиль* де, *дискурс* та стильжасаушы және дискурстүзуші мәтіндер негізінде көрініс табады. Егер функционалды стилистикада *мәтін* – тілдік деңгейдің жоғары қаттауы ретінде саналса, ал коммуникативтік тәсіл бойынша *мәтін* адресанттан адресатқа жөнелтілетін мақсатты қарым-қатынастың тілдік өнімі ретінде қарастырылады.

Дискурс терминінің басымдық танытуы – қазіргі лингвистикадағы ғылыми парадигмалардың ауысуының нақты көрінісі, ол тілді зерттеудегі жүйелік талдаудан (тіл «жүйедегі жүйе» ретінде қарастырылады), коммуникативтік зерттеулерге ұласудың көрінісі болмақ.

Қазіргі түсінік бойынша *дискурс* ғаламды бейнелеудің, ұғынудың бір тәсілі ретінде қаралып жүр. Көптеген зерттеушілер *дискурс* – *стиль* – *мәтін* ұғымдарын былайша саралайды: *мәтін* – тілдік конструкт, ойдың аяқталу, тиянақталу моделін іске асыратын қарым-қатынас актісінің вербалды компоненті; *стиль* – белгілі бір сферада қабылданған қарым-қатынас формаларының ерекшелігі бейнеленген мәтіннің тілдік құрылымы; *дискурс* – коммуникативті және вербалды параметрлердің жиынтығы, нақты бір саладағы қарым-қатынастың жүзеге асу тәсілдерін анықтайтын, мәтіндер жиынтығы арқылы көрініс табатын, тілдік бірліктердің өзіндік түрлері (стилистикалық ерекшелігі) қатысатын белгілі бір қарым-қатынас аясында қабылданған ғаламды бейнелеудің ерекше тәсілі.

Аталған осы аспектілер *стиль* мен *дискурсты* ажыратудың теориялық негізін құрайды.

Біздің тұрғымызда, *ғылыми стиль* термині ғылыми дискурсқа дейінгі дәстүрлі функционалды стилистиканың бірегей ұғымы ретінде қала береді. *Ғылыми стиль* өзі сияқты басқа да стиль түрлерін жіктеуге негіз болған тілдің қарым-қатынас, хабар беру, ықпал ету қызметтеріне сәйкес функционалды стилистиканың ұғымы ретінде өмір сүруін жалғастырмақ. Бұл термин тілдің ғылыми мәтіндердегі синтезделу заңдылықтарын қарастыру үшін қолданылады.

Ұғымдық-логикалық түрде теориялық ойлауды жүзеге асыратын ғылыми стиль үшін *объективтілік* (шынайылық), *үзілді-кесілді еместік*, яғни баға берудегі байсалдылық пен бірізділік, *жапыламалық* (ықшамдылық), *ерекше логикалылық*, *дәлелдемелік*, *дәлдік* пен *анықтық* тән, сондай-ақ адресатқа коммуникативтік бағыттаудың көрінісі, яғни баяндаудың *диалогтілігі* тән болып келеді. Бұл негізгі деген стильдік белгілер болып табылады, яғни жүйелі түрде қайталанып отырады, сондықтан әрбір ғылыми мәтін үшін стандарт сипат береді. Олар стильтүзуші экстралингвистикалық факторлардың нәтижесі ретінде көріне отырып, белгілі бір тілдік құралдардың, құрылымдардың, мәтінішілік жүйелі қолданысын анықтайды. Сонымен бірге ғылыми стильді осы белгілермен шектеп тастауға тағы болмайды, тілдік дереккөздер (ғылыми мәтіндер) ғылыми стиль үшін қайшы кейбір белгілердің (мысалы, субъективтілік) кездесетіндігін де көрсетіп отыр.

Ғылыми мәтін – ғылыми стильдің тілдегі көрінісі мен бейнесі, шындық болмыс туралы жаңа білімді хабарлау міндетіне сай және ол білімнің шынайылығын дәлелдеу мақсатында қызмет етеді. Ғылыми мәтіннің мазмұнын тілдік қалыптағы (вербалданған) ғылыми білім құрайтындықтан, өз кезегінде *ғылыми дискурс* ұғымымен барабар.

Бұлайша айтуымызға мыналар себеп, ғылыми мәтінді талдау негізі ғылыми дискурсты талдаумен теңбе-тең, өйткені мәтін мазмұны мәтінді тудырудың менталды және коммуникативті-типологиялық талаптарымен, когнитивтік және прагматикалық стратегиялар жүйесімен, ғылыми мәтін авторының адресатпен бірге қарастырылатын логикалық ұстанымдарымен, тілдік ерекшеліктерге негізделетін экстралингвистикалық факторлардың кешенімен үздіксіз байланыста. Осы тұрғыдан келгенде, ғылыми мәтін «ғылыми дискурс» ұғымымен синоним ретінде қабылданады.

Сонымен бірге, ғылыми дискурсты мәтіндегі барлық нәрселердің, ғылыми білімді ғылым субъектілерінің таным қызметінің нәтижесі ретінде тілдік қалыпқа (вербалды) енгізетін факторлардың жиынтығы ретінде қабылдауға болады. Ғылыми дискурс бойынша мәтіндер кең мағынада алғанда бір-бірімен өзара тығыз байланыста және коммуникативтік, функционалды-мақсаттық аспектіде бірігіп кеткен десе болады.

Ғылыми мәтіннің осы тектес мағыналық құрылымы, мазмұндық және тілдік деңгейдегі бірліктердің басын біріктіретін басқа да мәселелер кітаптың келесі бөліктерінде қарастырылады.

Өзге стильдік тармақтар тәрізді қазақ тілінің ғылыми стилі де зерттеушілердің назарын әрқашан аударып отырды. Осы орайда алғашқы

көлемді жұмыстардың бірі ретінде Ж.Р.Амированың еңбегін атауға болады. Дәстүрлі стилистикалық ұстаныммен жазылған бұл жұмыс ғылыми стилге тән тілдік белгілерді жүйелі сипаттайды, орыс тілінің қазақ ғылыми стилін қалыптастырудағы ықпалын салыстырмалы түрде көрсеткен. Тілдік деңгейлердің ғылыми қарым-қатынас аясындағы жұмсалу мүмкіншіліктері, әсіресе ғылыми стильдің синтаксистік ерекшеліктері едәуір сипатталған [6].

Қазақ тіл білімінде ғылыми стильдің зерттелуі бұдан кейін де жалғасын тауып отырды. Айталық, ғылыми және ғылыми-көпшілік стильдің тарихи қалыптасуы Ж.Д. Құрмамбаеваның еңбектерінде сөз болса [7], проф. А.Қ. Жұбанов қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік мәтіндердің абзацтарға тән функционалды-мағыналық топтарының статистикалық ерекшеліктерін анықтайды [8]. А.И. Тілембекова ғылыми-техникалық мәтіндердің (электроника және байланыс салалары бойынша) лингвопрагматикалық құрылымын қарастырған [9].

Осындай үлкенді-кішілі зерттеулер бола тұра, соның бәрі ғылыми стильдің дискурс ретіндегі барлық ауқымды жақтарын толықтай көрсете алмайды, ғылымның қарым-қатынас аясында туындайтын көптеген тілге дейінгі және тілдік мазмұнын айқындау үшін жаңа бағыттағы жұмыстар қажет.

Сөйтіп, табиғаты жағынан қаншама функционалдық тән болса да, *ғылыми стильдің* аясына ене алмайтын, оның әлеуеті көтермейтін функционалды стилистикада «экстралингвистикалық факторлар» деп аталатын мәселелер ендігі жерде *ғылыми дискурстың* құрамында қарастырылмақ. Олар: адресант, оның мақсаты (интенциясы), прагматикалық міндеттері, сондай-ақ адресат, оның ниеті, ғылыми қарым-қатынасқа қатысушылар. Бұлайша қарастыру функционалдықпен қоса коммуникативтілікті де өзіне қосады, зерттеу көкжиегі одан сайын кеңейе түседі.

Сонда ғылым тілін дискурстық негізде қарастыру дегеніміз – ғылымның мәнін қарым-қатынас аясында зерттеумен тығыз байланысты. Өйткені *дискурс* дегеніміздің өзі – белгілі бір саладағы қарым-қатынастың жүзеге асу тәсілдерін анықтайтын, мәтіндер жиынтығы ретінде жүзеге асатын, тілдік құрылымдардың өзіндік (стилистикалық) түрлері қатысатын, белгілі бір қарым-қатынас аясында қабылданған әлемді бейнелеудің ерекше тәсілдерін бойына сіңіретін коммуникативтік және тілдік белгілердің (параметрлердің) жиынтығы [10].

Дискурстүзуші маңызды белгілер ретінде жалпы тіл білімінде мыналар аталып жүр:

- тақырып;
- хронотоп;
- адресант;
- адресант интенциясы;
- дискурстың интенционалдығы (идеологемдер/концептілер негізінде жүзеге асатын);

- мәтін (автор талабына орай белгілі бір стильде жазылған);
- адресат (аудиторияның белгілі бір типі) [10].

Ғылыми қарым-қатынас хронотопы екі жағдайда *нақты* және *мәтіндік* әрекеттер негізінде анықталады. Нақты әрекеттер нақты уақыт пен кеңістікте жүзеге асса, мәтіндік әрекеттер ол аядан шығып, өзіндік ерекше ментальдік кеңістік құрайды, онда ықшамдалған кеңістік пен мезгілден тыс теориялар мен тұжырымдар көрініс табады. Ғылыми дискурстың құндылығы – ғылыми шынайылық – ғалам құрылымы жайында шынайы білім ұсынады, олар абсолютті емес, зерттелетін нысанның бір бөлігін анықтауға септігін тигізеді және эмпирикалық дәлелдемелерді қажет етеді. Сол себепті ғылыми дискурстың маңызды өлшемдері: жүйелілік, әдістемелілік, сындарлылық, нәтижелердің мәнділігі болып табылады. Ғылыми қарым-қатынас стратегиясы коммуникативтік мақсаттарға орай анықталады. Ғылыми қарым-қатынастың негізгі мақсаты жаңа білім алумен тікелей байланысты. Ғылыми дискурс аясындағы мәтін авторының коммуникативтік мақсаты ақпаратты толықтай айқындауға бағытталған.

Сонымен, дәстүрлі стилистиканың өзге терминдері тәрізді *ғылыми стиль* ұғымы да тіл біліміндегі жаңа парадигма – когнитивтіліктің – туындауымен *ғылыми дискурсқа* ұласып отыр, бұл зерттеу аумағын кеңейтіп, қазақ тіліндегі ғаламның ғылыми бейнесін толықтай тануға жетелейді. Ғылыми қарым-қатынастың негізгі тілдік өнімі – *ғылыми мәтін* – қарым-қатынас актісін жүзеге асыратын мазмұн мен оның тіл арқылы берілуін бейнелей отырып, дискурсқа тән бүкіл ерекшеліктерді қамтиды. Функционалды стилистика тілдің қызметіне назар аударса, дискурстық талдаулар тілдің мәнін қарым-қатынас аясында қарастырады, тілге дейінгі және тілдік факторлар тығыз байланыста зерттеу міндетіне алынады, бұл бағыттың артықшылығы да осында болмақ.

2. Ғаламның ғылыми бейнесі

Ғаламның тілдік бейнесі – сан-салалы, кең ұғым, оның негізінде ғаламның көркем бейнесі (шындық болмыстың көркем бейнесін жасайтын тілдік модельдер), ғаламның ақпараттық бейнесі (ақпаратты жеткізу, өңдеу, сұрыптау үшін пайдаланылатын тілдік тетіктер) т.т. көптеген салалар туындап отыр. Айналып келгенде, бұлардың барлығы тіл арқылы шындықты тануға (ғалам дегеніміздің өзі – бізді қоршаған объективті шындық деп түсінсек) бағыттталып, ақпараттарды жеткізу мен сақтаудың құрылымдары мен тәсілдерінің тілдік тетігін игеруге арналады. Осы сияқты ұғымдардың қатарынан *ғаламның ғылыми бейнесін* (бұдан әрі – ҒҒБ) де көруге болады. ҒҒБ-да дүниені ғылыми дискурс арқылы танудың негізі жатыр.

Кез келген ұлттық тіл мынадай негізгі қызметтерді атқарады: қарым-қатынас қызметі (коммуникативтік), хабарлау қызметі (ақпараттық), әсер ету қызметі (эмотивтік). Ал арнаулы тілдің (ғылыми тілдің) кемел әдеби тілдің функционалдық бір түрі ретінде төмендегідей қызметтері болады: а) ақиқатты бейнелеу; ә) білімді сақтау (эпистемалық); б) жаңа білім алу (когнитивтік); в) арнаулы ақпарат беру (коммуникативтік) [2, 35-б.].

ҒҒБ-ны қалыптастыратын тірек ұғым – ғылым. Ғылым – шындық болмыс туралы шынайы білімді жасау мен жүйелеуге бағытталған танымдық қызметтің ерекше бір түрі. Өзінің мәні жағынан ғылым – әлемге деген адамның танымдық қатынасын білдіретін, мәдениет пен кәсіптің ерекше бір түрі ретінде танылатын сала. Жалпы мәдениет құрамында ғылым шындық болмыс туралы шынайы білімді жасау, жүйелеу, жинақтау мен дамыту қызметін атқарады. Осы қызметті атқарушы оқымыстылар қызметтің әлеуметтік жағынан қажетті басқа түрлерінен (айталық, материалдық өндіріс саласы) азат етіліп, қоғамның рухани жетілуіне, дамуына үлес қосады. Д. Кішібеков пен Ұ. Сыдықовтың жазғанына сүйенсек: «... ғылым дегеніміз – заттардың, құбылыстар мен процестердің ішкі болмысын, табиғатын ашып көрсететін, олардың даму заңдылықтарын тұжырымдайтын шынайы, ақиқат білім жүйесі» [11, 301-б.].

Ғылымтануға қатысты еңбектерде «ғылым» ұғымын түсіндірудің екі түрлі жолы кездеседі: 1) ғылым – тұжырымдардың жиынтығы ретіндегі танымдық қызметтің нәтижесі, «білімнің қамбасы» (И.Г. Герасимов, В.И. Иванов, В.Ф. Кузмин, А.К. Сухотин т.б.); 2) ғылым – материалдық дүниені тануға, оны жаңғыртуға және тәжірибеде пайдалануға бағытталған іс-әрекеттердің, субъектінің белсенді қызметінің жиынтығы (В.Ф. Барков, Г.М. Добров, В.В. Ильин, А.Т. Каменкин т.б.) [Ғылым ұғымының мәні мен әдістанымдық маңызы туралы мына еңбекті қараңыз: 12]. Ғылым ұғымын түсіндірудің бұл екі жолынан қандай айырмашылықтың барын байқау қиын емес. Ол айырмашылық субъект факторына байланысты туындайды. Бірінші анықтама субъект факторын ескермейді, керісінше, екінші анықтамада субъектінің қызметі алдыңғы орынға шығарылған.

Тілші-ғалымдардың арасында да ғылыми мәтін екі түрлі аспектіде каралады. Бұған жалпы ғылымтанудағы көрсетілген екі көзқарас негіз болса керек. Ғылыми әдебиеттер тілін зерттеудің бай тәжірибесі жинақталған орыс тіл білімінде ғылыми мәтінді (ғылыми тілді) былай түсінеді: 1) ғылыми мәтін – сала туралы объективті білім аясына қатысты ғылыми-зерттеу нәтижелерінің ұғымдық, қатаң логикалық баяндалуы (И.В. Арнольд, А.Н. Васильева, С.А. Лаптева, Д.Н. Шмелев т.б.); 2) ғылыми мәтін – танымның субъективті параметрлер кешенін қосатын ақпараттық (рационалды) және коммуникативтік (эмотивтік) бірліктерінің де жиынтығы (М.Н. Кожина, М. П. Котюрова, Н. М. Разинкина, Л. В. Славгородская, Е.А. Баженова, Р.С. Аликаев т.б.).

Ғылыми тілді немесе ғылыми мәтін ұғымын ғылыми ақпараттардың логикалық ұйымдасқан түрінде тану жеткіліксіз (бұл бірінші көзқарастан байқалады), ғылыми тілдің лингвистикалық мәртебесі оның қарым-қатынастағы орны тұрғысынан қарастырылып, айқындалуы қажет. Осы орайда қарым-қатынас аясы экстралингвистикалық факторлардың басын біріктіретін түпкі негіз десе болады. Жалпы ғылыми стильдің мәнінен көрінетін қоғамдық сана, ойлау типі, ғылыми мәтіндердегі танымның сабақтастық мәселесі, ғылыми мәтіннің мазмұндық-мағыналық құрылымы т.т. экстрафакторлар қарым-қатынастың ғылыми аясында жүзеге асады.

Бәрімізге белгілі, жалпы *ғылымның мәні* шындық болмысты танудың ерекше үдерісін бейнелеуден көрінеді. Сол мақсатта *тілдің коммуникативтік бағытталуы* жүзеге асады. Тіл арқылы қоршаған шындықтың құбылыстары мен үдерістері, олардың түрлі қасиеттері мен белгілері, өзара қатынастары мен байланыстары тіркеліп сипатталады әрі жеткізіледі. Тілдің лексика-грамматикалық мүмкіншіліктері сыртқы (тілге дейінгі) жағдайларды ескере отырып, ғылыми қарым-қатынас аясында қалыптасады. Бұл – ғылыми тілдің лингвистикалық зерттеудің нысаны екендігін айқындайды, сонымен бірге ғылым тілінің шындық болмысты танудағы қызметін белгілейді. Ол қызмет тілдің ғылыми білімді жинақтау, сақтау, құру, тарату әрекеттерімен тығыз байланысты және мынадай түрде көрініс табады: 1) когнитивтік (ойлау); 2) аккумулятивтік (білімнің қорлануы); 3) коммуникативтік (мамандардың қарым-қатынасы, жаңа білім алу мен қалыптастыру).

Адам қызметінің ғылыми саласы, жалпы ғылыми қарым-қатынас, оның тілі қазіргі танымдық тіл білімінде тілдің қызметіне орай қолданылатын *ғаламның тілдік бейнесі* (ҒТБ) ұғымын тудырды. Осы орайда тілдің дүние, шындық болмыс жөніндегі білімнің барлық тарамдарын бейнелеу мен сақтау қызметі ерекше тұрады. Ғылыми білімге деген қызығушылық, білімнің осы түрінің кең арналы үлкен құрылымға айналуы, ғылыми білімді жүйелеу мен жеткізудің формаларын тану қажеттігі жалпы ғылым әлемінде келесі бір ұғым *ғаламның ғылыми бейнесі* (ҒҒБ) терминін қалыптастырып отыр. Дүние жүзінің әйгілі ғалымдары А.Эйнштейн, А.И.Вернадский, М.Планк және т.б.

көптеген зерттеушілер ҒҒБ жөніндегі көзқарастардың дамуына, жетілуіне қызмет етті [Қараңыз: 13, 4-75 бб.].

ҒҒБ – адамзат қауымдастығы дамуы барысындағы барлық жеке ғылым салалары арқылы жасалатын дүние жөніндегі ғылыми білімнің бүкіл жиынтығы.


ҒҒБ – дүние туралы ұжымдық білімнің тіл арқылы бейнеленуі, ал ұжымдық білім өзіне табиғат, қоғам және қоғамдық тірлік иесі – адамды қосады [13, 4-75 бб.].

ҒҒБ-ны түсінуде адам қызметінің орны ерекше. Осы орайда М. Хайдеггердің адам факторы мен ғалам бейнесі жөнінде айтқандары аса өзекті. М. Хайдеггер «ғалам» ұғымына адам факторын енгізеді, сонымен бірге адамның дүниені танитын, сипаттайтын және өзгертетін субъект ретіндегі рөлін ерекше бағалайды [14, 227-228 бб.].

ҒҒБ – көп салалы, аса күрделі ұғым. Зерттеушілер ҒҒБ-ны айқындау барысы төмендегідей бағыттарда көрінетінін жазады: 1) философиялық білімнің бір тарауы; 2) дүниеге ғылыми көзқарастың ерекше құрамдас бөлігі, компоненті; 3) ғылыми білімді жүйелеудің формасы; 4) ҒҒБ – жеке зерттеу бағдарламасы ретінде қарастырылады [15, 150-б.].

Біздің мақсатымыз – ҒҒБ жөніндегі барлық ғылыми көзқарастарды талдап шығу емес, келтірілген бағыттардың ішінен өз нысанамызға жақын тұжырымды іріктеп алу. Соған сәйкес аталған үшінші бағыт осы жұмыстың мақсатына сәйкес келеді деп түсінеміз: **ҒҒБ – ғылыми білімді жүйелеудің формасы, барлық нақты (мұның ішіне гуманитарлық ғылымдар да енеді) ғылымдардың жиынтығы.**

Дүние жайындағы ғылыми білім белгілі бір халықтың ғылым тілінде бекітіліп бейнеленеді. Қай ғылым саласын алсаңыз да, оның лексика-семантикалық өзегі (ядрасы) – терминдер болып табылады. Сонда ғылыми білім, ең алдымен, ғылыми ұғымдар мен категориялардың таңбалану жиынтығымен өлшенеді. Осы орайда қазақ тілі – терминологиялық жүйесі едәуір қалыптасқан тіл. Ахмет Байтұрсынұлы лингвистикалық білім саласы бойынша бүкіл терминдік жүйені жасаған: *дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі*. Аталған терминдік жүйелер өз ішінен тар мәндегі өзге ұғымдармен парадигмалық қатар құрайды. Мұны төмендегідей сурет арқылы беруге болады.



Дыбыс жүйесінің құрамы (А. Байтұрсынұлы бойынша)

Тірек (бастапқы) категориялардың үлкен семантикалық топтарға ажыратылуы қай ғылым саласында болмасын кездеседі. А. Байтұрсынұлы негізін қалаған тілтаным саласы бойынша *сөз жүйесі*, *сөйлем жүйесі* тірек категорияларын жоғарыдағыдай семантикалық топтарға ажыратуға әбден болады, олар өз ішінен терминологиялық лексиканы құрайды, ана тілінде қалыптасқан ұлттық терминологияны жасайды және сол арқылы тілдегі ғылыми дәстүрдің негізі қалыптасады.

Зерттеушілер А. Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі ғылыми дәстүрді қалыптастырудағы рөлін ерекше атайды. «А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге, көптеген әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасаған ғалым» [16, 139-б.]. «...А. Байтұрсынұлы терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет кеңінен пайдаланған ғалым» [6, 140-б.].

Ғылыми білім ұлттық терминологиядан ғана емес, грамматикалық құрылымнан да, сөз саптау үлгілері мен модельдерінің белгілі бір тілде қалыптасу тәжірибелерінен де көрінеді және мұның өзі «ғаламның ғылыми бейнесіне» тікелей қатысы бар.

А.Қ. Жұбанов өзінің еңбегінде «Қ. Жұбанов зерттеулеріндегі модельдеу әдісінің көрінісін» баяндайды [17, 122-140-б.]. Құдайберген Жұбанов зерттеулерінің, соның ішінде қазақ тілінде жазылған «Сөйлем мүшелері», «Жетек сөз бен жетекші сөз», «Сөйлем мүшелерінің орын-орны» ғылыми мақалаларындағы зерттеушілік ізденістің, «әлі ашылмаған шындықты ашу немесе соның ашылуына ықпал ету, сол арқылы қоғамға қызмет ету» әрекетін дұрыс көрсетеді. Көрнекті ғалымның сөйлем ішіндегі тәуелділіктердің кесінді сызба түріндегі беруін айта отырып, одан «Қазақ сөйлемдерінің синтаксистік модельдерінің үлгілерін» көруге болатынын жазады. Құдайберген Жұбанов қолданысындағы ғылыми операцияларды жүзеге асыруға қатысатын мынадай сөз қолданыстарын мысал ретінде келтіреді: «сызық арқылы байланыстарын көрсетсек», «мұның арқандалу ретін сызықпен көрсетсек», «қай сөз қай сөзді жетектеп тұрғанын да сызбамен таңбаласақ», «сөздердің қалайша қиындасып тұрғанын сызықпен көрсетсек» және т.б. [17, 128-б.].

Бұл айтылғандардан ҒҒБ белгілі бір халықтың тілінде ұлттық формада іске асатынын көруге болады. Сондықтан зерттеуші О.А. Корниловтың «**Ғаламның ұлттық ғылыми бейнесі**» («национальная научная картина мира») ұғымын сөз етуі әбден орынды. Автордың көрсетуінде, ғаламның ұлттық ғылыми бейнесі (ҒҰҒБ) – бір мазмұндық инварианттың ұлттық формада ұсынылуы [13, 46-б.].

Әдетте, «ғылым» ұғымының өзі жалпы адамзаттық сипатта қаралады. Ғылыми білім шынайылықты білдіреді, оған белгілі бір халықтың менталитетіне, дәстүр-талғамына, мәдениетіне т.т. ерекшеліктеріне

бағыныштылық тән емес. ҒҒБ-да «тілдік субъективтілік» болмайды, ол дүние жүзі халықтарының барлығына ортақ мазмұнда жұмсалады. Сонымен бірге, ҒҒБ, ілгеріде де айтылғандай, ұлттық тілде (терминологиясында, грамматикалық құрылымында) көрініс табады. Сонда ғылыми білімнің мазмұны – жалпы адамзаттық сипатта болса, ал жасалу формасы жағынан ұлттық сипатта жүзеге асады. ҒҒБ-ның ұлт тіліндегі мұндай көрінісі ортақ мазмұнға ешбір нұқсан келтірмейді, әмбебап білімді нақты бір тілдік ұжымның ғылыми қажеттілігіне бейімдейді. ҒҒБ-дағы ұлттық сипат, міне, осыдан көрінеді.

Айта кеткен жөн, қазіргі қазақстандық қоғамда «көптілділікті» желеу ете отырып, қазақ тілін жаратылыстану мен техникалық салалардан ығыстыру белең алуда. Ғылыми мақаланы ағылшын тілінде жариялау талабы уақыт өткен сайын күшейіп келеді, ең қызығы, зерттеушінің ана тіліндегі және ағылшын тіліндегі басылымын салыстырса, соңғысы алдыңғысына қарағанда әлдеқайда басымдылыққа ие, шет тіліндегі (ағылшын) жарияланым жоғары бағаланатындығы қазір жиі кездесетін жайт және бұл шетелде емес өз еліміздегі жағдай.

Ғылым саласындағы мұндай іс-әрекеттердің тілдік аспектісі аса қауіпті. Бұл жағдай ғылым тілінің біркелкіленуіне, бір тілдің үстемдігіне әкелетіндігі сөзсіз, ана тіліндегі ғылыми зерттеулер құнсызданады, есесіне ағылшын тілінің ортақ ғылым тілі ретіндегі рөлі өседі. Ал ағылшынтілді ғылыми басылымдардың өзіндік талабы, жазу мәнері, стандарттары болатындығын ескерсек, біздің зерттеушілер сол стандарттарға сай болуға ұмтылады, ал мұның ар жағында біркелкі, бірыңғай ойлауға баулу, стандартты ойлау моделі тұр. Ұлттық тілдің ойды берудегі ерекшеліктері ескерілмейді, орысша ойлаудан толық азат етілмеген біздер үшін енді басқасына жармасу абырой әпермесі анық, керісінше, енді-енді қалыптаса бастаған ғылыми танымымызға үлкен соққы болып тиеді.

Осы орайда белгілі ғалым Н.Уәлидің мына пікірі ерекше: *«Қазақ тілі қоғамның «ғылыми санасын» көтеретін тілдік құрал болуға тиіс, өйткені ғылым-білім – қоғамдық сананы көтеретін, ұлтты интеллектуалдық жақтан жетілдіретін ерекше құбылыс. Соның нәтижесінде ғылымда үлкенді-кішілі жаңалықтар ашылып жатады. Сондай-ақ, ғылым тек материалдық байлықты арттырудың көзі ғана емес, ғылым – ең алдымен рухани байлықтың көзі. Ал рух дегеніміз В.Гумбольдтің айтуынша, тіл арқылы өмір сүреді... Халықты өзінің ана тілінен, яғни ғылыми сананы қалыптастыратын рухынан айыру қоғамның рухани дүниесін күйзеліске ұшыратуы мүмкін.*

Ғалымдар ана тілінде жазбаса, өзінің жұмыс тілі қазақ тілінде болмаса, ол өзге ұлттың, өзге мәдениеттің жыртысын жыртытын «бейұлтты тұлға» болады. Бейұлтты тұлғада «Отаным», «Қазақстаным» деген ұғым мен патриоттық сезімнің болуы екіталай, олардың түсінігінде «ғылым арқашанда интернационалдық сипатта болады» деген біржақты ой басым болады. Сондай-ақ ана тілінен қол үзген тілдік тұлғалар мұндай

жазғайда өзге мәдени кеңістіктің өкіліне айналады. Әдетте ғылыми сана ғылыми білімдер жүйесі, ұғым, концептілік бірліктер арқылы бекиді. Ал қоғамдық сананың ғылыми түрі тілдік тұлғада өз ана тілінде орнықпаса, ондай индивидтің санасы тұрмыстық деңгейде қалып қоймақ» [18, 35-36 бб.].

Біздің ойымызша, ана тілінің ғылым тілі ретіндегі рөлін бұдан артық сипаттау қиын, сол себептен ғалымның пікірін толық күйінде бердік.

Әрине, әлемдік қауымдастыққа неғұрлым түсінікті тілде өз еңбектерін жария ету зерттеушілердің қайсысына болмасын қажет. Алайда бұл ана тілін ысырып қою деген сөз емес, мұндай тәжірибелердің аударма арқылы іске асатындығы бұрын да болған және бола береді де. Ұлттық тілде жарияланатын үздік ғылыми еңбектер ешқашан өз топырағында қалмаған, қашанда әлем жұртшылығының игілігіне айналып отырғандығын тарихтан жақсы білеміз. Демек, ғылым саласындағы бір ғана тілдің басымдығы ұлт тілдері үшін соншалықты дұрыс емес, ғылым деген арналы мұхит ұлт тілдері арқылы алуан бастаудан нәр алатындығын естен шығармаған жөн.

Шынайы білім ана тілі арқылы беріліп, іргетасы қаланатынын кезінде Алаш зиялылары айтып кеткен. Олай болатын себебі, ана тіліндегі, ұлт тіліндегі білім еркін бастаудан арнасын алады, оларға алдын ала бекітіліп қалыптанған, жаттанды ойлау моделі жат және қажет те емес, сондықтан оларға еркін тыныс, өзгешелік тән. Ана тіліміздің сөздік қорында, сөз мағыналарында біздің ойымызды дәл жеткізетін мағына болады, терең білім осы сөз мағыналарының байланысына, қолданысына негізделген, ұлттық тіл мен әлемді танудағы ұғым-түсініктердің тығыз байланысы сол арқылы жүзеге асады. Ғылыми қарым-қатынас шет тілінде қалыптасса, осындай ұлттық сипаттан айрыламыз. Ғылыми ойлаудың өзіндік логикалық тәсілдері бұзылады, проф. Н.Уәли айтқандай, өзге мәдени кеңістіктің өкіліне айналады.

Қазіргі қазақ зиялылары осыны түсінгеннен кейін бұндай бастамаға қарсы. Белгілі ғалым, математик Асқар Жұмаділдаев ғылымның барлығы ана тілінде оқытылуы керек деген пікір айтты. Ол пікірін «Қазақтың тілі мен тарихы – ұлттың алтын қазығы» деген тақырыпта өткен қоғамдық талқылау барысында білдірді. Ғалымның өз сөзімен айтсақ: «Егер біз жаратылыстану ғылымдарын тек қана ағылшын тілінде өткіземіз десек, онда біз тілден айырылды деп есептеңіз... Советтік кезеңде Қазақстанда математика, физика ғылымдары дамыды. Жақсы оқу жүйесі қалыптасты. Жаман ба, жақсы ма, оқулықтарымыз бар. Оның сапасы нашар болуы мүмкін, бірақ, еншалла бар» (*Жарқын Сәленұлының “Фэйсбуктегі” жазбасынан*).

Мәдениет қайраткерлерінің қазақша ғылым тілін дамыту туралы осылай дабыл көтеруі тегіннен-тегін емес. Өйткені ғылыми тіл – ғылым жетістіктерін, ғылыми ақпаратты жеткізетін тіл ғана емес, «ғылым тілі бүгінде әдеби тіліміздің ең сүбелі саласы, жон арқасы» (Ә. Қайдар). Адамзат дүниені ғылым арқылы танып біледі десек, соны жеткізудегі тілдің рөлі орасан. Сондықтан биология ғылымының докторы Н. Аралбаевтың мына бір

сөздері өте орынды айтылған деп білеміз: «Қандай ғылым болсын сөз арқылы ұғындырылады, жария болады, үйретіледі. Әр ұлт оны өз тілінде түсініп, өз тілі арқылы дамытады. Қазақстанда ботаника ғылымы да қазақ тілінсіз өркендей алмақ емес. Әдебиетте өсімдіктер дүниесі көркемдік тұрғыдан бейнеленсе, ботаника ғылымы оның сыр-сипатын, құпиясын нақты ашып ұғынуды мақсат етеді... Бір сөзбен айтқанда, тіл мәселесі ғылымның дамуы үшін де маңызды. Сондықтан да қазақ тілін дамыту туралы сөз болғанда оның ғылыми салаларға да тікелей қатысы бар екенін түсіну қиын болмаса керек...» [19].

Қорыта келгенде, ҒҒБ – ғалам туралы ұжымдық білімнің ұлттық тіл арқылы бейнеленіп жеткізілуі. Қазақ тілінде жасалған, сондай-ақ жасалып жатқан ғылыми жұмыстардың, іс-әрекеттердің барлығы ҒҒБ-ны құруға ат салысады. Ғылыми саладағы қарым-қатынастың негізгі бірлігі – ғылыми мәтін, ғылыми мәтінді интерпретациялау тетіктері (прагматикалық факторлар – болжам, түсініктілік деңгейі, бағалауыштық мәндер), субъект категориясы (адресант және адресат факторлары), терминология ҒҒБ аясында терең зерттеуді қажет ететін мәселелер болмақ. Бұлар өз кезегінде қазақ тілінің ғылым саласындағы тыныс-тіршілігін, қолданыс өрісін нақты дәйектеп беретін іс-әрекеттер.

3. Ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымы

Ғылыми мәтін – бұл ғылыми білімді жеткізудің тілдік қалыптанған формасы. Басқаша айтқанда, ғылыми мәтіннің мазмұнын ғылыми білім құрайды. Осыған сәйкес, ғылыми тілде жазылған мәтіннің туу үдерістері ғылыми-танымдық үдерістердің заңдылықтарын бейнелеу қажеттілігімен тікелей байланысты.

Ғылыми білім – мамандардың ғылыми-танымдық іс-әрекетінің нәтижесі десек болады. Ғылыми білім қандай логикалық түрде кездеспесін – ұғым, пікір, ой қорытындысы, теория, тұжырым т.т. – барлық кезде даму үстінде, үнемі қозғалыста болады. Кез келген ғылыми білім, бір жағынан, зерттеу мен байқаудың нәтижесі ретінде көрінсе, екінші жағынан, танымдық қызметтің бір сәтін көрсетеді.

Тілдік жағынан келсек, нақтырақ айтқанда, функционалды стилистика тұрғысынан, ғылыми білім – автор баяндайтын мәтіннің мазмұны. Басқа да мәтін түрлері тәрізді ғылыми мәтін де белгілі бір бірліктерден тұрады, сол бірліктердің басын қосатын – ғылыми білім. Егер көркем мәтін оқиғалар желісі – сюжеттен тұрса, ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымы сол «оқиғалар желісінің» орнындағы ғылыми біліммен алмасады.

Мына екі мәтінге назар аударайық:

1. *Көптеген тәжірибелердің қорытындысы берілген дененің массасы неғұрлым үлкен болса, ол денеге белгілі бір үдеу беру үшін күшпен әсер ету керек екендігін дәлелдеді. Екінші сөзбен айтқанда, дененің массасы неғұрлым үлкен болса, ол соғұрлым инертті деп есептеліп, оның қозғалыс күйін өзгерту үшін көбірек күш қажет болатындығы байқалды. Сонымен, масса дененің инерттік мөлшері болып және оның динамикалық сипатын білдіреді. Енді Ньютонның екінші заңын айтылған пікірлерді ескере отырып, былай тұжырымдауға болады: дененің алған үдеуі әсер етуші күшке тура пропорционал, дене массасына кері пропорционал және әсер етуші күштің бағыты бойынша өзгереді (Ж. Абдулаев. Физика курсы).*

2. *Фразеологизмдердің семантикалық жүйесі жайында мынаны айтуға болады. Тіл иесі – халықтың басынан өткен, өмір шындығына сай туған сан-салалы фразеологиялық тіркестер әлеуметтік, шаруашылық, діни, т.б. факторлар ауанымен пайда болған. Олардың құрылымы жағынан қалыптасуында, компоненттерінің тіркесу амалдарында нақтылы бір заңдылығы болатын тәрізді. Фразеологиялық единицалардың мағына тұрғысынан саралануында да тиянақты тәртіп, жүйе бар. Бұлай болуының себептері өзінен-өзі түсінікті, өйткені олар әлеуметтік жағдайға жанасып, өз заманының талабына лайық туып жатады. Бұл тақылеттес талай дәуірден елес беретін фразеологизмдер тіл қорынан мықтап орын теуіп, әрдайым жұртшылық кәдесін өтеп отырады. Сөздікте сол фразеологизмдер мүмкін қадырыныша мол қамтылған. Екінші сөзбен айтқанда, әр қилы экстралингвистикалық, яғни сыртқы факторларға (тарихи-әлеуметтік, экономикалық, діни т.б.) сәйкес туған*

фразеологизмдермен барабар жынысқа, мекен-мезгілге, өлшемге, көңіл-күйіне, адамдардың өзара қарым-қатынасына, жас ерекшелігіне, мінез-құлыққа, салт-санаға т.б. байланысты топтастырылатын да фразеологизмдер бар. Тозығы жеткен заманның талай нышаны байқалатын тіл фактілері аз емес... (І. Кеңесбаев).

Екі мәтінде де ғылыми-танымдық үдерістердің басын қосып, бір мәтіннің төңірегіне біріктіріп тұрған – ғылыми білім бар, біріншісінде, ғылыми білім – физикалық құбылыс («дененің қозғалыс күйі») болса, екіншісінде – тілдік бірліктер («фразеологизмдер») арқылы көрініс тапқан. Осы ғылыми білім әртүрлі логикалық операциялардың қатысуымен бірізді тілдік мәтінге айналған, мысалы, байқау: *Көптеген тәжірибелердің қорытындысы ... дәлелдеді; ... мынаны айтуға болады;* нақтылау, салыстыру: *екінші сөзбен айтқанда..;* сөйлем құрамындағы шартты рай тұлғаларымен бірге *незұрлым, соғұрлым* сөздерінің болуы; қорытындылау, жинақтау: *сонымен, бұлай болуының себептері..;* ескі білімге сілтеме: *Ньютонның екінші заңын айтылған пікірлерді ескере отырып..;* логикалық тұрғыдан саралау, бөлу: *әр қилы экстралингвистикалық, яғни сыртқы факторларға (тарихи-әлеуметтік, экономикалық, діни т.б.) сәйкес туған фразеологизмдермен барабар жынысқа, мекен-мезгілге, өлшемге, көңіл-күйіне, адамдардың өзара қарым-қатынасына, жас ерекшелігіне, мінез-құлыққа, салт-санаға т.б. байланысты топтастырылатын да фразеологизмдер бар* т.б.

Ф. Оразбаева мәтінді қатысымдық тұлғалар (коммуникативтік) қатарына жатқыза отырып, оны «қатысымды тұлғалардың ішіндегі мазмұнды тұтастығымен ерекшеленетін бүтін жүйе» [20, 25-б.] – деп атап көрсетеді. Ол – ойлау, хабарлау, баяндау, қабылдау, пайымдау құбылыстарымен байланысты адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға [20, 26-б.].

Ғылыми мәтіндерді ғылым саласындағы қарым-қатынас құралы ретінде қарастырсақ, оның «бүтін жүйе» болып қалыптасуының негізін табуымызға тура келеді, демек, ғылыми мәтіннің мазмұны болып табылатын ғылыми білімнің өзара байланысқан қандай да бір бірліктердің жиынтығы екендігін анықтауымыз керек және бұл өз кезегінде ғылыми мәтіндердің мағыналық құрылымын нақты айқындауға мүмкіндік береді.

Осы орайда ғылыми мәтінді зерттеудегі ресейлік Пермь мектебінің өкілі М.П.Котюрованың көзқарастары функционалды-стилистикалық зерттеулерде басшылыққа алынып жүр [21]. М.П. Котюрова ғылыми тілді зерттеу теориясына *эпистемиялық жағдаяттар* (білім қоры) ұғымын ғылыми тілдің басты экстралингвистикалық факторы ретінде енгізеді. Эпистемиялық (грек. episteme – білім, яғни ғылыми-танымдық) жағдаяттар мәтін субъектісінің (ғылыми мәтін авторының) танымдық қызметтің үш негізгі аспектісін, яғни *онтологиялық* (ғылыми білімнің пәндік мазмұнына байланысты), *әдіснамалық* (білімді алудың процедурасы), *аксиологиялық*

(ғылым субъектісінің бағалаушылық бағдары) аспектілерін санада қорытудың нәтижесі ретінде анықталады [21].

Бұл тұжырым кейіннен Е.А. Баженованың зерттеулерінде толықтырылды, онда эпистемиялық жағдаяттарды құрайтын аталған үш аспектіге (*онтологиялық, әдіснамалық, аксиологиялық*) *рефлексивтік және коммуникативті-прагматикалық* аспектілерді қосады, демек, эпистемиялық жағдаяттар көрсетілген аспектілердің өзара байланыстағы бірлігінің жиынтығы деп түсіндіріледі, бұлар ғылыми тілдің қалыптасуына, ғылыми мәтіннің композициялық-мағыналық және стилистикалық-тілдік құрылымына жүйелі түрде ықпал етіп отырады [22, 58-б.].

Ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымын анықтаудағы осы қағида М.П. Котюрова мен Е.А. Баженованың соңғы кездегі еңбектерінде де нақтылана түседі [23].

Ғылыми мәтіннің құрылымындағы «эпистемиялық жағдаяттың» маңыздылығы және оның ғылыми танымның метамоделі, композициялық-мағыналық, тілдік құрылымын анықтайтын әмбебап экстралингвистикалық негізі болып табылатындығы ғылыми мәтінді зерттеген басқа да зерттеушілер тарапынан атап көрсетіледі [Қараңыз: 24].

Аталған зерттеулерге сүйене отырып, эпистемиялық жағдаяттар мен оны құрайтын бірліктердің әрқайсысына тоқтала кетеміз.

Сөйтіп, эпистемиялық жағдаяттар ғылыми мәтіннің әмбебап экстралингвистикалық моделі ретінде мынадай анықтамаға ие болып жүр: *Эпистемиялық жағдаяттар – танымдық қызметтің өзара байланысты белгілерінің, оны құрастырушы онтологиялық, әдіснамалық, аксиологиялық, рефлексивтік және коммуникативті-прагматикалық компоненттерінің ғылыми мәтіннің қалыптасуы мен стильдік ерекшелігіне ықпал ететін жиынтығы* [23, 47-48 бб.].

Онтологиялық компонент білімнің пәндік мазмұнымен байланысты, яғни шындық болмыс (табиғат, қоғам мен адам) құбылыстарының ғылыми түсінілімі болса, *әдіснамалық* компонент танымдық қызметтегі ғылыми білімді алу жолдарын, әдістерін сипаттайды.

Аксиологиялық компонент таным табиғатының бағалаушылығына орай қолданылады, субъект (ғалым) ойлау арқылы ғана емес, бағалау негізінде де әрекет жасайды. Бағалауға бұрынғы (ескі), сондай-ақ жаңа білім де (автор арқылы алынатын) ұшырап отырады. Білімнің неғұрлым маңызды тұстары оның шынайылығы, жаңалығы мен өзектілігі болып табылады, бұлар ғылыми ақпаратты бағалаудың әмбебап формалары.

Рефлексивті компонент танымдық қызметтің жекелік сипатына байланысты, зерттеушінің өзіне тән жекелік ойлау стилі, белгілі бір ғылыми құбылысқа қатысты реакциясының көрінісі, сондай-ақ ғылымдағы өзіндік ұстанымы қарастырылады. Басқа сөзбен айтқанда, рефлексия зерттеушінің ғылыми іс-әрекетіндегі жеке сапалық ерекшеліктерін айқындайды, өйткені таным қызметі үшін орталық тұлға әрқашан шығармашылық жеке тұлға

(индивид) болып табылады, жеке тұлғаның өзіндік психикалық ерекшеліктері болатындығы сөзсіз.

Коммуникативті-прагматикалық компонент танымдық қызметтегі барлық экстралингвистикалық факторлардың лингвистикалық құбылысқа, нақтырақ айтқанда, мәтінге айналуына орай кездесетін күрделі және көпқырлы үдеріске байланысты мәселелерді қарастырады, бұл аспект таным мен қарым-қатынас нәтижесін бір жерге жинақтайтын желі ретінде көрінеді.

Демек, бұл компонент бойынша орталық бірлік – мәтін болып табылса, дәл осы мәтінде ғана эпистемиялық жағдаяттардың барлық компоненттерінің тілдік амал-тәсілдер арқылы объективтенетін мағыналық құрылымға айналуы жүзеге асады. Мәтін ғана қарым-қатынастың басты құралы ретінде – бір ғалымды екінші бір ғалыммен, яғни маманаралық, салалық білімнің дамуындағы белгілі бір кезеңді басқаларымен байланыстырады, сөйтіп, ғылымның күрделі айналымын қамтамасыз етеді.

Ғылыми мәтінге эпистемиялық жағдаяттар тұрғысынан қарау мәтіннің мәнін тұтастай білім ретінде көруге мүмкіндік туғызады. Ғылыми білімнің қалыптасу барысы әдетте мынадай негізгі кезеңдерден тұратыны белгілі: проблемалық мәселелер – мәселе (зерттеудің әрі қарайғы бағдарламасын түзетін негізгі сауалдар) – идея (теориялық элемент, зерттеушілердің барлығында бірдей кездесе бермейді) – болжам (мәселенің қойылысына берілген жауап) – болжамды дәлелдеу (зерттеу барысындағы сауалдарға логикалық негіздеме беру, теория құру) – шешім (қорытынды, жаңа білім ретінде ұсынылатын мәселенің түпкі шешімі).

Ғылыми білімнің қалыптасу үдерісіндегі мұндай сабақтастық ғылыми мәтіннің метамоделін жасауда аса маңызды болып табылады, өйткені бұл жүйе ғылыми мәтіннің танымдық аспектісінің өзара ықпалдастығын көруге мүмкіндік береді.

Ғылыми білім үнемі дамуда болады, жаңартылып отырады, айталық, жасалған тәжірибелерді қайталауға болады, ой қорытындыларын тексеру мүмкіндігі бар, ескі білім мен жаңа білім салыстырылады т.т. Ғылыми білімнің жаңартылып отыруы мәтіндік кеңістіктегі оның қозғалысынан, дамуынан, динамикасынан көрінеді: танымдық кеңістікте (белгілі бір білім саласы бойынша) зерттеуші мәселе (проблема) көтереді, өз болжамын ұсынады, әдіснамалық негізін айқындайды, мысалдар арқылы дәйектейді, өзіне дейінгі ғылыми тұжырымдармен байланыс орнатады, өзіндік ұстанымын нақтылайды, сөйтіп, теориялық білім қалыптастырады.

Мәтіннің тілдік қалыпқа айналуындағы ең басты ерекшелік – жүйелілік болса, ғылыми білімнің дамуындағы бұл аталған ғылыми-танымдық іс-әрекеттер осындай тұтастықты қалыптастыру үшін қызмет етіп, мәтіннің мағыналық және құрылымдық жағынан байланысуына, логикалық мүшеленуіне негіз болады, мәтіннің мағыналық құрылымы түзіледі.

Мәтіннің мағыналық құрылымы – тұтас мәтіннің мазмұндық ұйымдасуы, «тілге дейінгі» немесе «мәтіналды» экстралингвистикалық факторлар қалыптастыратын бүтін мағына. Тұтас мәтінде ғана өзара

байланыстағы мәндердің жүйелі ұйымдасуы, белгілі бір тәртіппен құрылған композициялық құрылым көрініс табады.

Ғылыми мәтіннің прагматикасы оның ұйымдасуындағы түрлі деңгейлерде – композициялық-мағыналық құрылымнан бастап, тілдік деңгейге дейінгі аралықта көрініс табады, ескі білім мен жаңа білімнің алмасуында, ғылыми ақпаратты бөлшектеп ұсыну барысында, танымдық кезеңдердің жекелеген тұстарында (айталық, мәселе қою, идея ұсыну, дәлелдеу тәрізді) нақты көрінеді. Танымдық әрекеттің осындай тұстары жақсы сақталса, ғылыми мәтінді оқырмандардың (мамандардың) тез қабылдауы, оңай түсінуі, жеңіл оқылуы жүзеге асады және әрбір ғылыми мәтін авторы осы мақсатты көздейді (өкінішке орай, көп жағдайда бұл талаптың орындалмай жатуы да кездеседі). Әрбір эталон, яғни үлгі боларлық ғылыми мәтін мағыналық құрылымы жағынан болсын, композициясы жағынан болсын, ғылыми ақпараттардың арасындағы тепе-теңділіктің, нақтылықтың сақталуы жағынан болсын жүйелілікке, байланыстылыққа ұмтылады, бұл өз кезегінде автор мен оқырман арасындағы ғылыми сұхбаттың тиімділігі үшін ең бір қажет фактор болып табылады.

Тұтастай алғанда, эпистемиялық жағдаяттардың әр компонентінің өзара үйлесімділігі, бірлігі ғылыми мәтінді түсінудің басты кілті десе болады. Әрәдік мамандар арасында түсініспеушілік, ұсынылған ғылыми мәтінді үлкен қиындықпен оқу кездесіп жатса, осындай үйлесімділіктің болмауынан немесе жоқтығынан деп түсінген жөн. Қарастырылып отырған метамодель мәтінді «бір қарағаннан» түсінуді, мәтін мазмұнына «іштен» үңілуді қамтиды, экстралингвистикалық факторлардың тілдік қалыпқа үйлесімді айналуының мүмкіндігін тудырады. Оқырманның интеллектуалды ойлау энергиясы үнемделеді. Ғылыми тілдегі логикалық сығымдалу (компрессия) бірізді түрде іске асады, артық-ауыс мазмұннан арылады. Әрбір компоненттің өзіне тән тілдік бірліктері сұрыпталады, сол тілдік құрылымдардың (сөз, сөз тіркесі мен сөйлемдер түрінде, абзац, мәтін) мәтін кеңістігіндегі мағыналық және жұмсалымдық (функционалдық) ортақтығы қалыптасады, бұл ортақтық компоненттерді бір типтегі құрылымдық-мағыналық кешендерге (блоктарға) біріктіруге негіз болады.

Эпистемиялық жағдаяттардың онтологиялық компоненті мәтіннің пәндік мазмұнына байланысты қалыптасады. Білімнің пәндік мазмұны ұғымдар мен терминдер арқылы беріледі. Мысалы:

Атом құрылысы туралы ілім молекуланың түзілу механизмін, сондай-ақ молекуладағы атомдардың арасында химиялық байланыстардың табиғатын түсіндіреді. Сыртқы электрон деңгейінде 8 электроннан кем электрон болатын көптеген элементтер артық электрондарын беруге немесе жетпейтін электрон санын 8-ге жеткізуге бейім келеді. Осының нәтижесінде атомның электрнейтралдығы бұзылады. Электрон берген атомда оң зарядтың артық мөлшері пайда болады. Мұндай зарядталған бөлшектерді иондар деп атайды (Е.М. Шайқұтдінов және т.б.).

Мысалдан мәтіннің негізгі сұлбасын құрап тұрған *атом, атом құрылысы, атом құрылысы туралы ілім, молекуланың түзілу механизмі, химиялық байланыстар, атомдардың арасындағы химиялық байланыстар, молекуладағы атомдардың арасындағы химиялық байланыстардың табиғаты, сыртқы электрон* т.б. терминдер мен терминдік тіркестерді көруге болады. Бұл терминдер өз кезегінде пәндік мазмұнды сипаттайды, ғылымдағы екі маңызды ұғым *ескі білім* мен *жаңа білімнің* мазмұнын ашатын бірліктер болып табылады. Ескі білім бұрыннан өмір сүретін қалыптасқан терминдер негізінде көрінсе, жаңа білім ғылым саласына енді еніп жатқан, жеке автор арқылы дүниеге келген ұғымдар мен терминдерге қатысты болып келеді.

Жаңа білімнің пәндік мазмұны негізгі терминнің жаңа ұғымдарға ажыратылуы арқылы, я болмаса тектік ұғымның түрлік ұғымдарға бөлінуі негізінде жүзеге асады. Мына мысалдарға назар аударайық: *Айтыс негізінен екі түрлі: әдет-салт айтысы және ақындар айтысы* (Әдебиеттану терминдерінің сөздігі) немесе *Бірақ өмір сыңаржақ пікір екенін дәлелдеп, барлық уақытта бірдей қолданыла беретін абсолюттік ақиқат болмайтынын айқын көрсетті* (Д. Кішібеков, Ұ. Сыдықов. Философия). Бұл сөйлемдерді жаңадан ажыратылатын мынадай ұғымдарға саралауға болады: *айтыс* → *әдет-салт айтысы, ақындар айтысы*; *ақиқат* → *абсолюттік ақиқат*. Алдыңғы екі сөз тіркесіндегі тектік ұғым – *айтыс*, соңғысында – *ақиқат* немесе бұларды тірек терминдер деп атауға болады. Тектік ұғымның түрлі ұғымдарға осындай жолдармен ажыратылуы белгілі бір ғылыми нысанды, құбылысты жаңа қырынан танытады. Айталық, философияда *адам* деген тектік ұғым бар: *Адам дегеніміз – белгілі бір дәрежеде биологиялық-әлеуметтік тіршілік иесі* (Философиялық сөздік). Сол *адам* сөзінің ұйытқы болуы нәтижесінде бұл категорияның жаңа қырлары, түрлері сараланады: *жеке адам, адам болмысы, адам әлемі және әлемдегі адам, адамның әлеуметтік мәні, адамның ұлттық тұрпаты, адамның мақсатты әрекеті, адам санасы* т.т. Сонымен бірге бұл ұғымдар басқа сөздермен тіркесуі арқылы көп салалы ұғымның тууына жағдай жасайды: *жеке адамның тарихтағы рөлі, адам санасының мазмұны мен табиғаты, адам мен қоғам бірлікте және* т.б.

Әдебиеттану бойынша *лирика* тектік ұғымының түрленуіне мысал: *азаматтық лирика, философиялық лирика, көңіл-күй лирикасы, махаббат лирикасы, табиғат лирикасы* немесе сұлба түрінде:

1

азаматтық лирика

2

қазақ жазба әдебиетіндегі азаматтық лирика

3

қазақ жазба әдебиетіндегі азаматтық лириканың түрлері

Мысалдардан көрінетіні білімнің пәндік мазмұны дербес ұғымдардың нақтылануы, іштей саралануы негізінде салалық білім мазмұнын дамытуға қызмет етеді, ғылыми білімнің динамикасын көрсетеді.

Әрбір саланың өзіне тән ұғымдар жүйесі болады. Олар сол салаға қызмет етіп, сала «сөздігі» қызметін атқарады, оларда салаға тән ұғымдардың анықтамасы мен түсініктемесі қамтылады. «Математика тілі», «химия тілі», «лингвистика тілі» т.б. дейтін ұғымдар солай қалыптасқан. Терминдік жүйе нақтылықты, дәлдікті, жүйелілікті қажет етеді. Мәтіндегі терминдік жүйенің дәлдігі мен нақтылығын қамтамасыз етуге қатысатын өзіндік тілдік амал-тәсілдер болады, бұл рөлде көбінесе сөйлемде баяндауыштық мәні солғындаған етістіктер қызмет етеді:

Зоналық балқыту таза үлгідегі металды сақиналы пеш арқылы созу болып табылады (Қ.С. Құлажанов. Аналитикалық химия); *Гомогенді жүйе – оны құрайтын бөлімдерге ажырататын, жіктеуші беттері жоқ жүйе болып табылады* (Сонда); *Кинетика тек қана химиялық реакцияның механизмі мен жылдамдығын сипаттайды* (Сонда); *Гаметогенез деп жыныс клеткаларының даму және қалыптасу процесін айтады* (С.Ж. Стамбеков. Жалпы генетика).

Сөйлемдердегі *болып табылады, сипаттайды, айтады* етістіктері терминдік мәнді түсіндіру барысындағы логика-семантикалық қатынастарды (бірдейлік, болымсыздық, қосу, себеп-салдар т.т.) түзеді, шындық болмыс құбылыстарын ғылыми тұрғыдан игеру үшін ат салысады, мұндай етістіктердің қатарына *анықталады (анықтайды), енеді, тұрады, ажыратылады* т.б. жатқызуға болады.

Осы тәріздес сала ұғымдарын дұрыс түсіндіру біліктілікті қажет етеді. Түсіндіру немесе анықтама беру арқылы жаңа білім алынатындығын, сондықтан жаңа білім үшін берілетін анықтаманың маңыздылығын, жалпы термин ретінде өміршеңдігі мен пәннің мазмұндық мәнін танытудағы өзіндік орнын естен шығармауымыз керек.

Әдетте ұғымды немесе терминді түсіндірудің мынадай амал-тәсілдері пайдаланылады:

Тура анықтама беру, бұл ұғымның тектік және түрлік ерекшеліктеріне нұсқау арқылы жасалады, мысалы: *Философия дегеніміз материя мен сана, таным мен болмыс, адам мен қоғам жайлы адамзат ой-санасы даму барысында жинақталған, жүйеленген ғылыми ой-пікірдің жиынтығы;*

Еркін түрде анықтама беру, құбылыстың негізгі белгілерін толық емес, атап көрсету арқылы, мысалы: *Мидың осы бөлігін тор тәріздес құрылым деп те атайды;*

Синонимдік қатар түзу арқылы анықтама беру: *Интуиция – тәжірибеге негізделген сезім, сезік, түйсік;*

Этимологиялық түсініктемелер арқылы анықтама беру: *...бұл терминде «функция» сөзі «рөл, мақсат, арнау» деген мағыналарды аңғартатын болса, орыс тіліндегі «функциональный стиль» дегенді қазақша «мақсаттық*

стиль» немесе «арнаулы стиль» деп атағанымыз дұрыс болар ма еді?; Кибернетика (гр. kybernetike басқару өнері)..;

Жанама анықтамалар: Оны миды энергиямен қамтамасыз ететін аккумулятор не басқару пульті деуге болады;

Жаңа білімнің пәндік мазмұнының мәтінде баяндалуы ғылыми-танымдық қызметтің негізгі кезеңдерін бейнелейді, ол өзіне проблемалық жағдаятты, мәселенің қойылысын, идея және болжамның көрінісін, дәлелдеу мен қорытындыны қосады. Бұл аталған бөліктер ғылыми мәтіннің стандарт блоктарының қатарында көрініс табады, ал төменде келтірілетін бөліктер ғылыми мәтін үшін міндетті болып табылады:

- мәселенің қойылуы немесе міндеттер;
- негізгі ұғымдарды анықтау мен саралау;
- идея, болжам ұсыну немесе ғылыми тұжырымның негізгі тезисін баяндау;
- дәйектеу құралдары арқылы болжамды дәлелдеу;
- зерттелетін нысанның сипаттамасы;
- жаңа білімнің шынайылығын білдіретін эмпирикалық материалдар;
- қорытынды (шешім).

Ғылыми мәтіннің жаңа білімді дамытатын негізгі блоктары (*мәселе, идея, болжам, дәйектеу, қорытынды*) авторлық тұжырымды тілдік тұрғыдан жүзеге асыруда «стратегиялық» қызмет атқарады, тұжырымды негіздеу барысында «тактикалық» қызмет ететін жекелеген фрагменттерді қосады. Айталық, *дәйектеу* формализациялауды, дәлелдеудің түрлерін (түсіндіру, теріске шығару, талқылау т.т.), метафораландыруды, аналогияны, мысалдармен бекітуді, топтастыруды және т.б. амал-тәсілдерді пайдаланады.

Нысанды сипаттау блогында зерттелетін құбылыстардың маңызды ерекшеліктері репрезентацияланады. Сипаттау құралдары ретінде, әдетте, құбылыстың сапалық және сандық белгілерін білдіретін сын есімдер, үстеулер, сын есімнің шырай көрсеткіштері қолданылады:

Фаза сұйық, қатты және газ тәріздес болады; Хромопротеидтер – түсті белоктар; Молекула дегеніміз осы заттың химиялық қасиеттерін сақтап тұратын ең кіші бөлшек; т.б.

Жаңа білімді жеткізетін бұл мәтіндік кешендердің құрамы мен бірізділігі мәтіннің жанрына сай бейімделеді.

Эпистемиялық жағдаяттың *әдіснамалық* компоненті танымдық қызметтегі ғылыми білімді алу жолдарын, әдістерін сипаттайды, яғни танымдық іс-әрекеттің құралы мен жұмсайтын қаруы болмақ.

Ғалымның қандай ғылыми ұстанымды көздейтініне орай оның зерттеуінде эмпирикалық және теориялық білім түрлі әдістерді қолдану арқылы іске асады, оған талдау мен синтез, индукция мен дедукция, байқау мен тәжірибе, идеализация мен формализация, өлшеу мен аналогия т.т. енеді.

Зерттеушілер ғылым әдіснамасының төрт деңгейін атайды [12]. Жоғары деңгей әлемнің бір ғана бейнесін жасауға бағытталған ортақ теория

ретіндегі *философиялық әдіснама* болып саналады. Бұл деңгей ғылыми зерттеулердің жалпытанымдық қағидаттарына құрылады. Екінші деңгейді *жалпығылымдық әдіснама* құрайды, ғылыми ойдың қызметі мен дамуындағы әмбебап заңдылықтарға орай түрлі ғылым салаларындағы зерттеу қағидаттары мен түрлерін, әдістерін біріктіреді. *Арнайы-ғылыми әдіснама* нақты білім саласында қолданылатын зерттеу процедураларының жиынтығы ретінде үшінші деңгейді құрайды. Төртінші деңгей зерттеудің *нақты әдістемесімен* сипатталады, бұл танымдық міндеттердің белгілі бір типін шешу үшін пайдаланылады.

Әдіснамалық компонент тілдік тұрғыда екі бағытта көрініс табады, оның бірі – ғылыми сипаты жалпыға ортақ болып келетін кең мағынада қолданылатын лексика арқылы болса, екіншісі – әрбір салаға тән арнайы терминдер арқылы. Алғашқысына мына сөздер жатқызылады: *мәселе, мақсат, міндет, сауал, идея, болжам, ұсыныс, дәлел, негіздеме, бекіту, аксиома, теория, тұжырым, заң, қорытынды, нәтиже, принцип, категория, ұғым, постулат, өлшем, белгі, жүйе, құрылым, қызмет, ерекшелік, үдеріс, классификация* т.т. Келесісіне арнайы терминдер енеді, мысалы, математикалық терминдер: *теңдеу, функция, формула, теорема, тепе-теңдік, алгоритм* т.б.

Ғылыми мәтіндердің «маман» + «маман» формуласына сай құрылатындықтан, оның логикалық құрылымында «адресат факторының» да ықпалы орасан екендігін ескермесе болмайды. Автор әрдайым өз оқырмандарын баяндалған мәселелердің шынайылығына, шешімдерінің дұрыстығына толықтай көзін жеткізуге тырысады. Соған сәйкес ғылыми еңбектің композициялық құрылымы түзіледі, оның дұрыс құрылуы коммуникативтік тұрғыдан нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Мәтін еш кедергісіз, тез оқылады, дұрыс *түсінілім* қалыптасады, ғылыми ойдың өрістеуіне жол ашылады. Осының бәрі эпистемиялық жағдаяттың *әдіснамалық* компоненті үшін өте маңызды. Сонымен бірге зерттеу мәселесін белгілеуде, білім формалары болып табылатын идея мен болжамды жеткізуде көптеген тілдік амал-тәсілдер жұмсалады, солардың негізгілері мыналар болып келеді:

Дәйектеу, дәлелдеу етістіктері: *анықтау, айқындау, көрсету, дәлелдеу, түсіндіру, негіздеу, қарастыру, талдау, жинақтау, жүйелеу, қорытындылау, ұсыну, табу, алу* т.б.;

Зат есімдер: *себеп, салдар, негіздеме, тұжырым, түсініктеме, ұғым* т.б.;

Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін клише құрылымдар: *осыған байланысты, ...салдары болып табылады, бұдан шығатын қорытынды, бұның айғағы* т.б.; *Осыған орай, жүргізілген прагматлингвистикалық зерттеу нәтижесінде төмендегі өзекті мәселелер өз шешімін тапты...*;

Себеп-салдар мәндегі, шарт, мақсат, жинақтау т.т. мәндегі шылаулар, шылау мәндес сөздер: *өйткені, сондықтан, себебі, сол себепті, керісінше, демек, сөйтіп* т.б.

Сонымен, қорыта келгенде, ғылыми мәтіннің «бүтін жүйе» болып қалыптасуы оның мағыналық құрылымының тұтастығынан, бірізділігінен, жинақылығынан көрінеді. Эпистемиялық жағдаяттар – ғылыми мәтіннің мазмұндық тұтастығын қамтамасыз ететін басты экстралингвистикалық фактор. Эпистемиялық жағдаяттар ғылыми танымның метамоделі ретінде ғылыми мәтінді композициялық-мағыналық, тілдік құрылымын айқындайтын әмбебап мәтіндік деңгейдегі бірлік болып табылады. Ғылыми мәтінге осындай эпистемиялық жағдаяттар тұрғысынан қарау мәтіннің мәнін тұтастай білім ретінде қабылдауға мүмкіндік туғызады. Эпистемиялық жағдаяттар арқылы ғылыми білім мазмұндық және тілдік тұрғыдан ұйымдасады, мәтіннің мағыналық құрылымын нақты түзеді. Эпистемиялық жағдаяттарың әрбір компонентінде ғылыми білімнің қалыптасу үдерісі бейнеленеді, олардың өзара мазмұндық үйлесімділігі мен өзіндік тілдік құрылымдардың сұрыпталуы арқылы ғылыми мәтіннің мағыналық блоктары түзіледі, бұл мағыналық блоктар мәтін тұтастығына қызмет етеді.

3.1. Ғылыми мәтіндердегі бағалаушытық

Бәрімізге белгілі, адам санасы үшін ежелден бағалау тән. Ғылыми-танымдық қызметте де бағалау маңызды орын алады, өйткені бағалау арқылы ғылыми ізденіс алға жылжиды, жаңа білімді сараптау мен саралау (біліктеу) іске асады. Бағалау білімді игеру мақсатында жүйелеу үшін қызмет етеді, жаңа идеялар мен жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізуді көздейді, нақты бір ғылыми жобаның (бағдарламаның) дамуына мүмкіндік береді. Қысқасы, бағалаушытық мән білімнің пайда болғандығынан бастап, оның дамуы мен өрістеуі барысында қоса жүреді, мәтін арқылы жеткізілу кезінде де қатысады.

Ғылыми мәтіндердегі бағалаушытық мән эпистемиялық жағдаяттың *аксиологиялық* компонентіне байланысты орын алады. Аксиологиялық компонент екі бағытта көрініс табады: 1) танымдық қызметтің бағалаушытық табиғатымен байланысты; 2) ғалым-автордың ескі білім мен алынатын жаңа білімнің сипатына орай бағалаушытық бағдарымен байланысты.

Ғылыми мәтіндерде бағалаушытықтың екі түрі кездеседі: *рационалды* (логикалық) бағалау және *иррационалды* (эмоционалды) бағалау.

Рационалды бағалау автордың ескі және жаңа білімге деген интеллектуалды қатынасын білдіреді, яғни білім салаларының жалпы ғылымның даму тарихындағы белгілі бір нормалар мен талаптарға сәйкестігін немесе сәйкес еместігін айқындайды. Ғылыми қарым-қатынас аясындағы стандарт ғылыми білімнің жаңалығы мен маңыздылығы, шынайылығы тұрғысынан қалыптасады. Бұл бағалаушытық мәні бар категориялар іштей шағын бөліктерге жіктеліп нақтыланады: *зерттеудің өзектілігі / өзекті еместігі; маңыздылығы / маңызды еместігі; зерттелуі / зерттелмегендігі; дәлдік, нақтылық / дәлдіктің, нақтылықтың жоқтығы; мақсаттылық / мақсаттылықтың жоқтығы; айқындық, анықтық / айқындықтың, анықтықтың жоқтығы; белгілілік / белгісіздік және т.б.* Осы

бағалауыштық мағыналардың бірін таңдау және оны тілдік қалыпта жүзеге асыру нақты бір танымдық жағдаятқа (салаға байланысты) орай анықталып, субъектінің (автордың) бағалауын, бағалау нысанын (бағаланатын құбылыс), бағалауыштық тілдік амал-тәсілдерді біртұтас бірлік ретінде біріктіреді. Мысалы: *Ұлттық әдеби тілдің дәстүрлі нормаларын сақтау, оның дамуындағы негізгі үрдістерді айқындау, жаңа нормалардың сипаттамасын жасау ... қазақ сөз мәдениетіндегі өзекті мәселелер болып табылады* сөйлеміндегі бағалау мәні өзектілікті білдірсе, *...қазақ тілінің интонациялық құрылымы туралы зерттеулері тілдік норманың теориялық, фактологиялық базасын толықтыра түсті* жолдарында зерттеулердің маңыздылығына назар аударады. Бұл жерде бағаланатын нысан, автор бағалауы, бағалауыштық тілдік амалдар (*өзекті, толықтыра түсті*) бір айтылымның бойынша жинақталып, тұтас құрылымға айналған. Бұл құрылымдар өзінше дербес мағыналық кешен түзіп, ғылыми мәтіннің мазмұндық-мағыналық құрылымын жасауға қатысады.

Иррационалды бағалау негізіне эмоционалды жатады. *Қанағаттану / қанағаттанбау, қолдау / қолдамау, ұнату / ұнатпау, таңданыс, қызу пікір білдіру* тәрізді т.т. әртүрлі мағыналық реңктерді қамтиды, автордың тікелей реакциясын, эмоционалды күй-қалпын сипаттайды. Мысал үшін акад. Р.Сыздықтың «функционалды стилистика» мәселелерінің зерттеулеріне байланысты айтылған «өткір» пікірлерін алуға болады, мұнда қанағаттанбау тәрізді бағалауыштық мән етістіктің болымсыздық түрі арқылы беріледі: *Қазақ стилистика мәселелерін зерттеушілер тіл білімінің бұл саласына қатысты өз ойларын айтып, тың теориялық ізденістерге бармайды. Тіпті «функциональный» деген сөзді не орысша қолдана салудан сақтанып, не қазақша баламасын іздестіру әрекетін жасамай, терминнің бұл компонентін мүлде атамауды жөн көргендік бар...*

Ғылыми мәтіндерде рационалды бағалау басымдыққа ие, дегенмен эмоционалды бағалау да кездесіп отырады. Мұның себебін былай түсіндіруге болады: біріншіден, танымдық қызметтің жекелік-психологиялық компонентінің мәтіндегі көрінісімен, проблемалық мәселеге деген ғалымның эмоционалды үнімен (пікірімен) және оны шешу жолдарына байланысты болса, екіншіден, автордың оқырманға көрсететін ықпалын «салқынқанды ақыл-ой» емес, «сезімнің күші» арқылы беруге байланысты, өйткені ол кейбір жағдайларда «объективті» ойдан гөрі сезімнің ықпалы оқырмандар үшін әсерлі болатындығын ескергендіктен туындайды. Айталық, акад. Р.Сыздықтың келтірілген пікірі жарияланғаннан бері сол салада көптеген жаңа зерттеулер жарық көріп, тіпті, кейбір мамандар «функционалды» ұғымының Р.Сыздық ұсынған «мақсаттық» деген қазақша баламасын пайдалана бастады, демек, бағалаудың бұл түрі белгілі бір дәрежеде, Р.Сыздықтың өзі айтқан, «камшылар» мен «тоқпақтардың» рөлін атқаратыны сөзсіз және мұндай жайт ғылымның басқа да салаларында ұшырасып жатады. Бұған қарағанда, эмоционалды баға беру ескі білімнің жетіспейтін тұстарын көрсету үшін қолданылып, мәтіннің пікірталастық бөліктерінде кездеседі.

Ғылыми мәтінге тән болып келетін бағалауыштық мазмұн түрлі тілдік бірліктер арқылы беріледі, олар ғылыми тілдің бағалауыштық қабатын құрайды.

Зат есімдер: (мәселенің) *маңыздылығы, нәтижелілік, (айқын) басымдық, (зерттеу әдісінің) ыңғайлылығы* т.б.

Сын есімдер: *маңызды, өзекті, өнімді, белгілі, шешуші, нақты, толымды, бағалы, терең, сындарлы* т.б.

Үстеу сөздер: *ерекше, айрықша, дәл, жатық, өзгеше* т.б.

Етістікті тіркестер: *шешуші рөл атқарды, маңызды орын алады, материалдармен байыта түсті, айқындауға негіз болады, қызығушылық таныту* т.б.

Тұрақты тіркестер: (зерттеулер) *жоқтың қасы* т.б.

Клише тіркестер: *маңызды үлес, маңызды рөл, ерекше көзқарас, көрнекті ғалым, академиялық еңбек* т.б.

Жақсыз құрылымдар: *келісу / келіспеу қиын, нақты айтуымызға болады, қарастыру қиын, дәлелдеуге болар* т.т.

Сұраулы сөйлемдер: *Сөйтін, бұл текст кімдікі, қай ғасырдікі? Тілі жағынан, әрине, бертінгі, ХІХ ғасырдікі деуге болады, бірақ ХV- ХVІ ғасырдан бізге ауызша жеткен өзге текстердің тілдік белгілері сақталған ба? Жоқ. Рас...*

Ғылыми мәтіннің аксиологиялық мәнмәтінін құрауда бағалауыштықтың интенсификаторлары болып үстеулер маңызды рөл атқарады, олар бағалауды күшейту немесе керісінше әлсірету мақсатында жұмсалады. Мұндай күшейткіш амалдар авторлық ұстанымды нақтылай түсу үшін қолданылады әрі баяндаудың сенімділік сапасын күшейтеді, қараңыз: *тиімді тәсіл – өте тиімді тәсіл, тиімді әдіс – өте тиімді әдіс*, сондай-ақ *айрықша, мүлде (зерттелмеген – мүлде зерттелмеген)* т.б. сөздер пайдаланылады.

Осы айтылғаннан басқашалау прагматикалық мақсатты көздейтін, яғни күшейту емес, айтылымды неғұрлым жұмсарту, сыпайы түрде жеткізу, айтылымдағы үзілді-кесілді мәнді азайту тәрізді мақсатта жұмсалатын бағалауыштық сөздер тобы да ұшырасады. Мына қолданыстар *термин соншалықты сәтті емес* немесе *...негізделген пікір емес* осының мысалы бола алады. Бұл қолданыстарда автор үзілді-кесілді пікір айтқысы келмейді, өз айтқанын бұлтартпас ақиқат деп санамайды. Жалпы пікірдің тиянақтылық дәрежесі модаль сөздер арқылы беріледі: *даусыз, сөзсіз, мүмкін, мүмкіндігінше* т.б.

Ғылыми мәтіндерде ұнамды бағалау және ұнамсыз бағалау кездеседі.

Ұнамды бағалау оң бағалауыштық тілдік құрылымдар арқылы беріледі: *Зерттелген материал ... толықтай растайды; ... нақты дәйекті, дәлелдерді келтіреді; ... шынайылығын көрнекілейтін бірқатар мысалдар келтіреді; ... біздің түсінігімізді, қабылдауымызды тереңдетеді; сенімді дәлелденген; ... жұмыстың құндылығы көрінеді* т.т.

Ұнамсыз бағалау кері бағалауыштық тілдік құрылымдар арқылы беріледі: ... *тексеруді қажет етеді; ... нақты, толық, сенімді емес; ... сенімсіздікке әкеледі; жұмыстың кемшін тұстарына мыналарды жатқызуға болады; ескеретін маңызды кемшілігі мыналар...; ... сенімсіз пайымдайды; дәлелді, дәйекті емес* т.т.

Бұл екеуінің аралас келетін түрлері көбінесе қарсы мәндегі *алайда, дегенмен, бірақ* жалғаулықтары кездесетін тілдік құрылымдармен беріледі: *Зерттелген материал ... толықтай растайды, дегенмен...* тәрізді.

Ғылыми стильдің шеткері жанры – рецензияда – бағалауыштықтың мол тобы шоғырланған, өйткені оларда бағалауыштық мән мақсатты түрде қолданылады. Рецензияда ғылыми еңбектің тілінен бастап композициялық құрылымына дейін сөз болады. Мысалы үшін мынадай типтес сөйлемдерді кез келген рецензиядан ұшырастырамыз: *Оқулық тілі жатық; Тілі қарапайым; Қарапайым тілмен ұтымды баяндауға ұмтылған* т.т. Рецензияда баяндаудың кең мағынасындағы анықтығы бағаланады және оның ішкі белгілері – логикалылығы, ықшамдылығы, дәлдігі, экспрессивтілігі атап көрсетіледі. Бұл сапалар ғылыми шығармаларға ең қажет белгілер, олар баяндалатын материалдарды ғылыми стильде беру үшін, ғылыми туындының мақсаттылығын көрсету жұмсалады. Рецензенттердің бағалауындағы *жатық, қарапайым, ұтымды, ғылыми тілмен жазылған, ұғынықты* деген сын есімдерден шығарманың тілі мен стилінің жалпы түрде берілгенін аңғаруға болады. Рецензия мәтіндерінде шығарманың композициясы міндетті түрде сөз болады. Мысалы:

Оқулықта органикалық қосылыстардың негізі, оларды зерттеу, кеңістіктегі құрылысы, аралас және дара функционалды өкілдері, көмірсулар, гетероциклдер, изопренондар берілген. Әр тарауда ілімдік түсіндірмелер мен реакция механизмдері ең соны ғылым жетістіктері арқылы тиянақты талданған. Анықтамалар мен заңдардың, ережелер мен қағидалардың түпкі мәнін ашып көрсету үшін авторлар күрделі физикалық-математикалық сынақтан бас тартып, бұл мәселелерді реакция механизмі, сызба-сурет, кесте арқылы көрсетіп, қарапайым тілмен ұтымды баяндауға ұмтылған;

Оқулық кіріспе, негізгі, қорытынды деп аталатын үш курстан тұрады. Оқу материалдар жеке дара сабақ бірлігінде ұсынылған. Кіріспе курс (барлығы 12 сабақ) қазақша дыбыстау дағдысын қалыптастыруды, мейлінше жиі қолданылатын грамматикалық және лексикалық құрылымдармен таныстыруды көздейді. Негізгі курстың (25 сабақ) оқу материалдары күнделікті өмір мен тұрмыс, оқу, жұмыс және демалыс салаларында қарым-қатынаста аса қажет болатын қазақ тілінің өзіне тән табиғатын қамтиды;

Қорытынды курс (8 сабақ) синтаксистік заңдылықтарға арналған. Қазақ әдебиеті мен тарихына қатысты лексикалық тақырыптар ұсынылған; т.б.

Мысалға алынып отырған мәтін үзіктерінде бағалауыштық сөздер мен сөз тіркестері молынан кездеседі. Рецензия тіліндегі бағалауыштық өзінше бір жеке зерттеу нысаны болары сөзсіз.

Сөйтіп, бағалауыштық тілдік элементтер ғылыми мәтіннің өн бойында кездесіп отырады. Бағалауыштық қабат мәтіннің мағыналық блоктарында әртүрлі дәреже ұшырасады. Бұл тілдік амалдардың топтасуы мәтіннің Кіріспе бөлігінде, «мәселенің зерттелу тарихына» шолу жасау барысында, мәселенің қойылысы мен оны шешу жолдарын негіздеуде жиі ұшырасады. Мәтіннің пікірталастық бөлігінде, яғни талқылау, сараптау барысында кездеседі.

4. Дәйексөз және оның танымдық қызметі

Жаңа білім өздігінен пайда болмайды, ескі білімнің негізінде қалыптасады. Ескі білім мен жаңа білімнің өзара байланысы жаңа білімді тудырады, демек, жаңа – ескінің жалғасы болып табылады. Ғылыми тілді зерттеуші мамандардың пікірінше, бұл құбылыс «интертекстуалдылық» деп аталады [25, 48-49 бб.]. Интертекстуалдылық – ғылыми мәтіндердің өзара байланысы, мәтінге «бөгде мәтіндердің» кірігуі дегенді білдіреді. Ғылыми мәтіннің абсолютті интертекстуалдығы мәтіннің ашықтығын көрсететін фактор. Бұл дегеніміз әрбір ғылыми шығарма өзінен бұрынғыларымен жаңа білімді алу диалогын құрайды деген сөз. Интертекстуалдылық ғылыми мәтіндерде мазмұндық жағынан жоғары деңгейде көрініс табады да, берілу формасы әртүрлі болып келеді. Ол мәтін түзудің ерекше бір түрі ретінде қабылданып, ғылыми мәтіндерді мазмұндық деңгейде құрудың әмбебап құралы ретінде көрініс табады. Интертекстуалдылықтың кең тараған түрі – *дәйексөз*, бұл тараушада дәйексөздің қызметі мен ғылымдағы сабақтастықты қалыптастыратын рөлі баяндалмақ.

Дәйексөз мәселесі қазақ тіл білімінде арнайы қарастырылған жоқ десе болады. Анықтамалық, оқулық, оқу құралдары деңгейінде бөгде сөздің құрамында қаралғаны болмаса [26, 73-б.; 27, 92-б.], дәйексөздің қызметі, оның тілдік тұрғыдан алатын мән-мағынасы, ақпараттық әлеуеті, тіпті дәйексөздің келтірілу жолдары т.т. мәселелер төңірегінде бұл ұғым жете зерттелмеді.

Дәйексөз жалпы зерттеулерде бөгде сөз аясында қарастырылады, төл сөздің бір түрі болып саналады. Бұл дәйексөзді кең мағынада түсінуден туындайды. Дегенмен функционалдық стильдің қолдану түріне қарай дәйексөздің қаншалықты маңыздылығын атап өтетін пікірлер кездеседі. Акад. М.Серғалиев: «Функционалдық стильдің түрлеріне қарай дәйексөздің қолданылу түрлері түрліше болып отырады. Ғылыми әдебиетте дәйексөздің қайдан келтіріліп отырғаны толық көрсетілуі керек... Стильдің басқа түрлерінде мұндай нақтылық пен дәлдік талап етіле бермейді» [26, 73-б.] – деп жазады. Бұдан дәйексөздің ғылыми стиль үшін маңыздылығын түсіну қиын емес, автор басқа стиль түрлеріне қарағанда дәйексөздің ғылыми стильдегі ерекшелігін аңғартып өткен.

Әлемдік тіл білімінде дәйексөзді ғылыми тұрғыдан бірнеше бағыт аясында қарастырады [Мына еңбектерді қараңыз: 28; 29]. Дәйексөз мәселесінің әсіресе әдебиеттануда жеткілікті зерттелгендігі сөз болады. Ал дәйексөзді тілдік құбылыс ретінде тану лингвистикалық еңбектерде тіл білімінің арнайы нысаны ретінде зерттелуіне жол ашты. Сол зерттеулерге сүйене отырып, қазіргі кездегі дәйексөздің табиғаты мен мәні зерттеу бағыттарына қарай бірнеше топқа бөліп қарастырылады.

Тіл білімінде дәйексөзді зерттеудің алғашқы кезеңі – олардың құрылымдық синтаксистің нысаны ретінде зерттелуін атайды. Осы орайда дәйексөз бөгде сөз синтаксисінің мәселелері ретінде назарға алынады

(Л.Н. Мурзин, Г.М. Чумаков). Сондай-ақ, дәйексөздің графикалық ресімделуі мен оның мәтінге кірігу жолдары, бөгде сөздің формалды маркерлері, дәйексөз бен оны қоршаған мәнмәтіннің синтаксистік қатынасы сөз болады.

Мәтін лингвистикасы аумағының кеңеюіне қарай тіл білімінде мәтіннің контексті-вариативті мүшеленуінің бір түрі – дәйексөзге – қызығушылығы артты. Дәйексөз мәтіннің құрылымдық-композициялық ұйымдасуының табиғи компоненті ретінде қарастырылып, оның формалды-мазмұндық байланысын жүзеге асырады (М.И. Булах, И.Р. Гальперин, К.Н. Даирова, F.G. Kilgour, N.L. Feder).

Дәйексөз бөгде сөздің берілу формасы ретінде кез келген функционалдық стильдің тілдік жүйесінде пайдаланылады. Функционалды стилистика аясында дәйексөз – көркем (Н.Д. Арутюнова, В.П. Андросенко, С.Т. Золян, Н.А. Кузьмина, Е.А. Козицкая, И.М. Михалева, Н.В. Семенова, А. Lehrer, M. Short), ғылыми (Е.А. Баженова, С.С. Гусев, Е.В. Петрова, Г.С. Салова, В.Е. Чернявская, W.S. Haas, K. Nyland, S.Jacoby) және публицистикалық (И.В. Алещанова, С.Ю. Зайцева, Г.И Вальц, Е.А. Земская, M. Short) мәтіндердегі ерекшелігі зерттеу назарына алынып жүр. Бұл зерттеулерде функционалдық стильдердегі дәйексөздердің қызмет ету ерекшеліктері, дәйексөзді мәтінге енгізу тетіктері сипатталады, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері, инварианттары мен варианттары бөлініп көрсетілді, мәтіндегі олардың негізгі қызметі анықталады.

Лингвомәдени бағытта дәйексөз белгілі бір мәдени ақпаратты тасымалдаушы құбылыс ретінде қарастырылып, олардың тілдік ұжым үшін маңызды әлеуметтік және тарихи аспектілері айқындалды (Г. Майер, З.Г. Минц, Ю.М. Лотман).

Әрине, дәйексөз теориясындағы осындай зерттеулерге қарамастан, бұл саладағы әлі шешімін таппаған мәселелер де баршылық. Айталық, дәйексөзді лингвистикалық тұрғыдан зерттеушілер дәйексөздің тілдік жағына көп назар аударады, ал оның мәтіндегі қызметіне көп назар аудара бермейді. Біздің басты назар аударатынымыз, акад. М. Серғалиев атап көрсеткендей, дәйексөздің ғылыми тілдегі мәнмәтін тұрғысынан қарағандағы ерекшеліктері, ғылыми мәтінді құрастырушылардың бірі ретіндегі сипаты, оның «интертекстуалдылық» қырлары, танымдық тұрғыдан келгендегі құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері т.т. Қазіргі лингвистикада ғылыми функционалдық стиль көп жағдайда негізінен мәтінге дейінгі деңгейде ғана қарастырылған. Дәйексөздің «мәтін ішіндегі мәтін» түзуіне орай мәтін бірлігі болып саналады, оны зерттеу арқылы ғылыми мәтінді құрастырушылардың көпқырлылығын талдауға мүмкіндік туатындығы сөзсіз.

Осы тәріздес дәйексөз мәселелері қазақ тіл білімінде тиянақты зерттеуді қажет етеді, бұл барлық сала бойынша қазақ тілінде ғылыми еңбектер жазу өріс алып отырған қазіргі кезде аса өзекті, оның қолданбалылық мәні де жоғары болмақ. Біз негізінен гуманитарлық салалар бойынша жазылған ғылыми мәтіндерге сүйене отырып, соның материалдары негізінде дәйексөздің танымдық қызметінің мән-жайын ашуға талаптандық.

Дәйексөзді ғылыми мәтінге кіріктіру негізінен үш түрлі жағдайда жүзеге асатыны белгілі: *тікелей дәйексөз алу, еске салу және сілтеме арқылы беру*. Тікелей дәйексөз алу дереккөз ғылыми әдебиеттен сөзбе-сөз алынған үзінді болып табылады, алушы мәтінде дереккөзге сілтеме жасайды. Мысалы:

Интонацияның сипаттамасын М.В. Ломоносов өзінің «Российская грамматика» деген кітабында береді. Онда Ломоносов интонацияның төрт қасиетін белгілейді: «Дәйексөз» (З.М. Базарбаева. Тіл жүйесіндегі интонацияның орны).

Тікелей емес дәйексөзге бөгде ойды төлеу сөз арқылы немесе өз сөзімен беру жатады. Еске салу – гипермәтіндік ақпаратты неғұрлым тұжырымды, ықшам күйде енгізу, ол қысқа және жинақы болады:

Ағылшын оқымыстысы Джошуа Стильдің 1776 жылы шыққан «Prosodia Rationalis» деген еңбегінде ең алғашқы рет интонацияны ерекше символдар арқылы қағазға түсіру әрекеті жасалады. Оның әдістемесі интонацияның қарқынын, әуенінің жоғарылығын, созыңқылығын, екпінді-екпінсіздігін, паузаны белгілей алған. Д. Стиль интонация әуенінің жоғары-төмен өзгеруі сөйлеу сөздерін өзгертпей-ақ оның мәнін басқаша алуға мүмкіндігі бар екенін дәлелдейді (Сонда, 5-б.).

Сілтеме арқылы беру авторларды көрсетумен шектеледі. Мысалы:

Осы талапқа орай түркітану саласында дүниеге келген бірнеше ірі-ірі мақалалар мен арнайы монографиялық зерттеулерді атауға болады. Олардың қатарында біз неміс ғалымы Карл Фойдың осман түрік тілі [сілтеме], неміс ғалымы Р.Шоудың ұйғыр тілі [сілтеме], итальян ғалымы Л.Боннелидің болгар түрік тілі [сілтеме], поляк ғалымы Т.Ковальскийдің жалпы түркі тілдері бойынша [сілтеме] қос сөздерге арналған зерттеулерін, орыс түркітанушыларынан Н.К.Дмитриевтің баишқұрт тіліндегі және Е.И.Убрятованың саха тіліндегі қос сөздерге бағытталған еңбектерін [сілтеме] атаған болар едік (Ә. Қайдар. Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік).

Келтірілген мысалдарда дәйексөздің белгілі бір қызмет атқарып тұрғаны сөзсіз. Г.С. Салова өзінің мақаласында гипермәтіндік ақпаратты дәйексөз арқылы түсіндірудің (интерпретациялаудың) мынадай типтерін атайды: 1) *ойды қайта акцентуациялау* – жаңа мәнмәтінде дәйексөздердің мазмұнындағы жекелеген компоненттерді арасындағы қатынасты өзгерту; 2) *ойды ықшамдау* – дереккөзге қарағандағы жаңа мәнмәтіндегі дәйексөз мазмұны; 3) *ойдың өсуі* – дәйексөздің бұрынғы мазмұнына толықтырулар, жаңа мазмұн енгізу; 4) *ойды нақтылау* – дереккөздегі абстракті мазмұнды жаңа мәнмәтіндегі дәйексөз мазмұнында азайту; 5) *ойды жинақтау* – дереккөздегі мазмұнға қарағанда жаңа мәнмәтіндегі дәйексөз мазмұнындағы жинақтау; 6) *ойды экстрароляциялау* – дәйексөздің бұрынғы мазмұнын толықтай өзгерту [29, 119-б.].

Қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік бағытқа сәйкес дәйексөздердің танымдық қызметі ерекше назар аудартады. Дәйексөздердің танымдық

қызметі ғылыми білімді одан әрі өрістетуге тікелей байланысты, таным субъектісі (автор) белгілі бір мәселе жайында дәйексөздерді қолдана отырып, ғылыми білімді дамытады, сондай-ақ өзінің де танымдық ойлау қызметін дамыта түседі. Осыған байланысты «ескі білім», «жаңа білім» деген ұғымдар туындайды. Дәйексөз – ескі білімнің көрінісі, оларды келтіре отырып, яғни ескі білімді жаңғырту арқылы жаңа білімнің өрістеуіне, қалыптасуына жол ашады. Демек, дәйексөз ескі білімді ғылымның кәдесіне жаратудың тәсілдерінің бірі. Әрине, дәйексөз арқылы берілген ескі білім еш өзгерместен сол қалпында қайталанбайды, зерттеушілер ескі білімді өзектей (актуалдандыра) отырып, жаңа білім алу немесе қалыптастыру үшін пайдаланады, ескі білім жаңа біліммен қатынасқа түседі, таным субъектісі – автор арқылы танымдық қызметтің түрлі кезеңдерінде пайдаланылады, ғылыми ақпаратты жеткізуге көмектеседі және осының бәрі дәйексөздің когнитивтік қызметін айқындайды.

Мысалы:

1) *Ал зерттеушілеріміз Н.Оралбаева, С.Маралбаевалар бұл көрсеткіштерді шылауға қосқанын қаламайды. Бұлардың пікірінше: «Дәйексөз»...*

Біз де осы пікірді қолдаймыз. Шынында ... Өйткені ... (А. А. Бексейітова. Байтұрсыновтың шылау сөздері жайындағы ілімі).

2) *Абай прозасының тілін әңгімелеуімізге ұлы Мұхтар Әуезовтің мына сөзі «қамшы болды»: «Дәйексөз» – деп, алдыңғы айтқандарының мән-мәнісін ашып береді.*

Әр сөзіне мән беріп жазатын Мұхаңның бұл жерде қара сөздердің өзі демей, «тілі» деуінде, біздің байқауымызша, айрықша астар бар: мұндағы «тілі» деп отырғанының өзі көрсеткеннен басқа және бір сыры қазақта әдебиеттің бұрын жоқ жанрының сөйлеу мәнері (стилі) дегеннің пайда болып, оны ұлы сөз зергерінің қалай алып кеткенін меңзегенінде болар дейміз. Абайтанушы ғалым бұл тұста қазақтың ұлттық әдеби тілінің тағы бір функционалдық стилі пайда болды, оған Абай қаламының ұшы тиді деп отыр. Демек, Абайдың прозалық туындыларының өзі де қазақ тілі үшін соны әдебиет үлгілері болса, оның сөз өрнегі де өз алдына әңгіме етерлік объект болып шықпақ... (Р. Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі).

Келтірілген мысалдардағы ескі білім зерттеушілердің көзқарастарынан (біріншісінде, Н. Оралбаева, С. Маралбаева; екіншісінде Мұхтар Әуезовтің Абайдың тілі жайында айтқандары) көрінеді, мәтін авторлары соларды келтіре отырып, оны әрі қарай өрістетуге үшін келтіреді. Бұл дәйексөздерде ескі білім мен жаңа білім қатынасқа түскен және танымдық қызметтің, яғни автордың өз ұсынысын негіздеу барысында пайдаланылған.

Ескі білім мен жаңа білім деген ұғымдар ғылымдағы сабақтастық ұғымын көрсетеді. Осы орайда Абайдың мына бір сөзін еске алсақ болады: «Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп» [30, 153-б.]. Ғылым дегеніміздің өзі бұрыннан бар нәрсенің негізінде жасалады, белгілі бір сала

бойынша жазылатын ғылыми мәтін өзімен генетикалық байланыстағы көптеген мәтіндермен қатынаста болады, сабақтастық ұғымы осыны көрсету үшін пайдаланылады. Ғылыми мәтіндер арасындағы байланыстырушы осындай бір дәнекер құрал – дәйексөз.

Дәйексөздің танымдық қызметін оның қолданысына байланысты бірнеше топқа саралап көрсетеміз. Олар: 1) Шолу қызметіндегі дәйексөздер; 2) Мәселені қалыптастыру қызметіндегі дәйексөздер; 3) Құралдық немесе бағдарлық қызметіндегі дәйексөздер; 4) Ғылыми ұғымдарды нақтылау қызметіндегі дәйексөздер; 5) Дәйектеу қызметіндегі дәйексөздер; 6) Болжау қызметіндегі дәйексөздер.

Енді солардың әрқайсысына қысқаша тоқталайық.

1. Шолу қызметіндегі дәйексөздер. Мұндай қызметтегі дәйексөздер белгілі бір ғылыми мәселенің, идеяның, я болмаса теорияның қарастырылу тарихын жеткізу үшін пайдаланылады, ғылыми білімнің қаншалықты өсу динамикасын бейнелейді, ғылыми-тарихи, хронологиялық, биографиялық сипаттағы ақпаратты жеткізеді, қарастырылып отырған саланың қазіргі ахуалын (мәтіннің жазылу кезіндегі) көрсетеді. Мысалы:

I. *Қазақ тіліндегі қос сөздер категориясы тым ерте, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, зерттеле бастағанын көреміз. Қос сөз категориясы арнайы зерттелмесе де, қазақ тілінің грамматикасын түзуші орыс миссионерлері Н.И.Ильминский [сілтеме], П.М.Мелиоранский [сілтеме], және В.В.Катаринскийлер [сілтеме] тарапынан алғаш пікір айтылып, олардың кейбір ерекшеліктері сөз болғаны белгілі...* (Ө.Қайдар. Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік).

II. *Материя, материялық дүние, жаратылыс жайында түсінік толық, дұрыс болу үшін, онда өнебойы өзгеріс, өсу, өшу, даму процестері, үздіксіз қозғалыс болатындығын естен шығармау керек. Материя әрдайым қозғалыста болады. «Қозғалыс – материяның бар екендігінің формасы. Еш жерде, еш уақытта қозғалыссыз материя болған емес, болуы мүмкін де емес...»* (Ф.Энгельс) (Б. Бірімжанов, Н. Нұрахметов. Жалпы химия);

Осындай дәйексөздердің мазмұны мәселенің зерттелу дәрежесіне, ғылыми пікірлердің, теориялардың, болжамдардың, ғылыми мектептер мен бағыттардың өмір сүру деңгейін нақтылауға қатысты болып келеді, ғылыми саладағы үстем көзқарасты жеткізеді, зерттеудің пәнаралық шегін жасауға ат салысады.

2. Мәселені қалыптастыру қызметіндегі дәйексөздер. Дәйексөз зерттеу мәселесі бойынша түйінді мәселені алға шығарып немесе қалыптастырып, соның мазмұнын ашуға қызмет етеді, бұрыннан бар білімді талдаудың негізінде жаңа білімнің аумағын нақтылайды. Мына дәйексөзге назар аударайық:

Ал Ахмет Байтұрсынов шылаудың демеулік, жалғаулық түрлерін жеке-жеке сөз табы деп әрқайсысын бөлек қарастырады. Мұны оның мына бір баяндауларынан байқаймыз: «Дәйексөз». Ал қазіргі қазақ тілі оқулықтарында бұлар шылаулардың жеке бір түрлері ретінде танылады,

осылайша қалыптасып кетті... (А.А. Бексейітова. Байтұрсыновтың шылау сөздері жайындағы ілімі).

Дәйексөз Байтұрсыновтың шылаулар жайында айтқанын негізге ала отырып, қазақ тіл біліміндегі ғылыми пікірлерді нақтылайды. Ал мына еске салу дәйексөзі зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсету үшін қызмет етіп тұр:

Ал қазақ поэзиясының тілін зерттеушілер символ дегенді кеңінен арнайы сөз еткен емес. Тіпті символды перифраз сияқты астарлап, тұспалдап атаумен алмастырушылық та жоқ емес... (Р. Сыздықова. Абайдың сөз өрнегі). Автор әдебиетке сілтеме жасай отырып, зерттеу нысанын (символ) өзекті мәселе ретінде алға шығарады.

3. Құралдық немесе бағдарлық қызметтегі дәйексөздер. Бұл дәйексөздер ғылыми айналымдағы бар зерттеудің әдістемесі мен әдістері, оларды бағалау және сол арқылы зерттеушінің жаңа білім алудағы танымдық іс-әрекетінің қалыптасуын көрсетеді. Мысалы:

Ғалым қазіргі кезде танымдық әрекетті «функционалды-прагматикалық, аккумулятивті және қатысымдық қызметтері ерекше, адамзат тіршілігіне аса қажет фактор» деп бағалайды [Сілтеме] (Р.С. Рахметова. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері).

Олай болса, дүниетанымның негізгі бағыттары да уақыт өте келе, өзгеріп, жаңа құндылықтармен толығып отырады. Е.В.Петрушкова „психологиядағы сана ұғымының болмысы субъектінің өзін басқалардан бөліп көрсетуінің, өзін сырттан бақылай алуының құралы болып табылады” [188; 950-б.] деп атап көрсетеді. Ендеше, сананың қызметі адамның өзін-өзі тануымен, өзін-өзі айқындауымен де ұштасатындықтан, когнитивистер оны әр түрлі жағдайлар мен қоршаған әлемді жылжытушы күштер негізі, жады, ойлау, сезу сияқты танымдық құбылыстардың кілті деп бағалау қажеттігін ескертеді (Э. Оразалиева. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы).

4. Ғылыми ұғымдарды нақтылау қызметіндегі дәйексөздер. Дәйексөз алдыңғы зерттеушілердің пайдаланған ұғымдарын түсіндіруді мақсат етеді, сол ұғымдардың мазмұнын ашып, дәйексөз келтіруші автор мен басқа да ғалымдар оларды бағалайды. Мысалы, проф. К. Ахановтың «синхрония» мен «диахрония» ұғымдарын дәйексөз арқылы түсіндіруіне назар аударайық:

Синхрония тілдегі құбылыстарды белгілі бір дәуірдегі қалпы, яғни Ф.де Соссюрдің терминологиясы бойынша, «бір мезгілдің білігіне» («ось одновременности») қатысы тұрғысынан қарастыру дегенді білдірсе, диахрония әр түрлі дәуірде бірінен кейін бірі келетін бір ізділік, яғни тілдегі құбылыстарды әр түрлі кездегі "бір ізділіктің білігі" («ось последовательности») ретінде қарастыру дегенді білдіреді (К. Аханов. Тіл білімінің негіздері).

Немесе терминді бөгде сөз арқылы жинақы, ықшам, тұжырымды түрде беру жүзеге асады: *Ф.де Соссюрдің пікірінше, синхрония – тілдің белгілі бір дәуіріндегі бір-бірімен өз ара байланысты, бір-біріне шарттас элементтерінің, атап айтқанда, лексикалық, грамматикалық және фонетикалық элементтерінің жүйесі* (Сонда, 70-б.).

5. Дәйектеу қызметіндегі дәйексөздер. Дәйексөз дәйектеуші құрал ретінде жаңа білімді негіздеу барысында дәлелдеу тетіктерін пайдалана отырып қолданылады, сөйтіп, зерттеу нысаны туралы жаңа ғылыми білімнің мазмұнын қалыптастырады.

Төменде берілген дәйексөзде автор (З.М. Базарбаева) қарастырылып отырған мәселе туралы (интонация) алдыңғы беделді зерттеушілерге сілтеме жасай отырып, олардың пікірлеріндегі артық-кем тұстарға тоқталған:

Ағылшын оқымыстысы Джошуа Стильдің 1776 жылы шыққан «Prosodia Rationalis» деген еңбегінде ең алғашқы рет интонацияны ерекше символдар арқылы қағазға түсіру әрекеті жасалады. Оның әдістемесі интонацияның қарқынын, әуенінің жоғарылығын, созыңқылығын, екпінді-екпінсіздігін, паузаны белгілей алған. Д. Стиль интонация әуенінің жоғары-төмен өзгеруі сөйлеу сөздерін өзгертпей-ақ оның мәнін басқаша алуға мүмкіндігі бар екенін дәлелдейді...

Бірақ Д. Стильдің 1776 жылы жазылған жұмысы өз бағасын көп уақыттан кейін алды...

Біздің ғасырдың басында Д. Джоунз жазған «Ағылшын тілінің интонациясына анализ беру және белгілеу» деген еңбегі мазмұны жағынан Д. Стильдің еңбегіне өте жақын және соның жалғасы, соны ары қарай дамытқан зерттеу сияқты.

Д. Стильдің интонацияны зерттеуде кемшіліктері де жоқ емес. Ол кемшіліктер оның интонацияның, яғни просодияның компоненттерін анықтауда кездеседі.

Бірақ Д. Стильдің еңбегі суперсегменттік фонетиканың дамуындағы ең алғашқы әрекеттердің бірі болып есептеледі... (З.М. Базарбаева. Тіл жүйесіндегі интонацияның орны).

Бұл дәйексөзде әртүрлі дәлелдеу тетіктері жымдасып қолданылған: талқылау (*Оның әдістемесі интонацияның қарқынын, әуенінің жоғарылығын, созыңқылығын, екпінді-екпінсіздігін, паузаны белгілей алған.*), түсіндіру (*Д. Стиль интонация әуенінің жоғары-төмен өзгеруі сөйлеу сөздерін өзгертпей-ақ оның мәнін басқаша алуға мүмкіндігі бар екенін дәлелдейді*), теріске шығару (*Д. Стильдің интонацияны зерттеуде кемшіліктері де жоқ емес. Ол кемшіліктер оның интонацияның, яғни просодияның компоненттерін анықтауда кездеседі*). Дәйексөздердегі осындай талдаулар ғылымның дамуы үшін пайдалы болмақ, жасалатын ғылыми пікірдің, я болмаса тұжырымның шынайылығын, деректердің сенімділігін арттырады.

6. Болжау қызметіндегі дәйексөздер. Дәйексөздер автордың тың тұжырымдарын бейнелеу мақсатында зерттеу саласының перспективаларын

көрсетуге қатысады. Мұндай қызметтегі дәйексөздер алдыңғы түрлеріне қарағанда аз ұшырасады, солай бола тұра, ғылыми мәтіндерде кездесіп тұрады. Мұндай дәйексөздер зерттеуші автор сөзімен көбінесе *атап өткендей, деп аталып көрсетілгендей* тәрізді байланыстырғыш құралдар арқылы жалғасады:

«Дәйексөз» [сілтеме] – деп аталып көрсетілгендей, лингвистикалық салалардың ұзаққа созылған қалыптасу тарихы мен өзгеше нысаны, тілдің адамзат өмірінде атқарар қызметі мен маңыздылығы оның танымдық функциясын да антропологиялық ұстанымнан бастау алатын ерекшелік деп зерделеуге мүмкіндік берді (Э. Оразалиева. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы).

Мысалдан байқалатыны, аталған қызметтегі дәйексөздер ғылыми зерттеулердің қорытынды бөлігінде қолданылады, қорытынды бөлікте жаңа білімді негіздеу, тұжырымдау мақсатында пайдаланылуы мүмкін. Әдетте ғылыми мәтіндердің қорытынды бөлігінде жаңа білім ұсынылады да, ескі білім қатыспайды. Автордың ұсынған жаңалықтары бойынша кейде болжау қызметін атқаратын дәйексөздер келтіріледі.

Қорыта келгенде, дәйексөзсіз ғылыми мәтін ұшыраспайды десе болады. Дәйексөздің ғылыми мәтінде келтірілуінің өзіндік себептері бар. Ғылыми мәтіндерде дәйексөз түрлі-түрлі мақсатта қолданылады, айталық, қарастырылып отырған саланың (тақырыптың) зерттелуін шолу мақсатында, тың, жаңа мәселені қалыптастыру үшін, ғылыми ұғымдарды нақтылау барысында, дәлелдеу, дәйектеу үшін дәйексөзді пайдалану т.б. мақсаттарда қолданылады. Осылардың бәрі айналып келгенде, дәйексөздің танымдық қызметін айқындайды, ғылыми білімнің одан әрі өрістеуіне негіз болады. Ескі білім мен жаңа білімнің арасындағы қатынасты тудырады және ғылымдағы сабақтастық ұғымын жалғастырады.

Сонымен, дәйексөз дегеніміз – көлемі жағынан сөз тіркесінен сөйлемдер кешеніне дейін болып келетін, өзге сөйленім түрлерінен өзіне тән белгілер арқылы ажыратылатын және дереккөзге сілтеме беру арқылы көрінетін ғылыми мәтіннің үзiгi, нақтырақ қайта жаңғыртылып берiлген өзге мәтіннің үзiгi деп түсiнеміз. Дәйексөзді ғылыми мәтінмен осылай тығыз байланыста қарағанда ғана оның қызметі нақты айқындалады.

**I бөлім бойынша
пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Серғалиев М. Стилистика негіздері: Оқулық. – Астана, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, 2006.
2. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. ДДА., – Алматы, 2007.
3. Мына еңбектер сөзіміздің дәлелі бола алады: Ергазиева Н.И. Формирование и развитие официально-деловой речи в казахском языке. АКД., А., 1972. 29 б.; Дүйсембекова Л. Қазақ ресми-іс қағаздары. А.: Ана тілі, 2005. 208 б.; Әбілмәжінова Б.Ж. Іс қағаздар стилінің синтаксисі. ҚДА., Астана, 2002. 29 б.; Дүйсембаев А.С. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің тілі. ҚДА., А., 2002. 28 б. (ресми стиль бойынша); Мамынова Б.Қ. Қазақ газеттерінің лексикасы. ДДА., А., 1999. 43 б.; Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі. ҚДА., 1996. 23 б. (публицистикалық стиль); Серғалиев М.С. Көркем әдебиет тілі. А., 1995. 171 б.; Әзімжанова Г.М. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті. ДДА., 2007. 44 б. (көркем әдебиет стилі); Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. - Алматы: Мектеп, 1977. - 92 б.; Ерназарова З. Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері. Филол. ғыл. докт. ... авторефераты: 10.02.02. - Алматы, 2002. - 53 б. (ауызекі тіл); және т.б.
4. Клушина Н.И. Современная стилистика: проблемы и перспективы // Актуальные проблемы стилистики. Ежегодный международный научный журнал, – М., 2015, №1, 44-47 бб.
5. Мына еңбектерді қараңыз: Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997.; Сыздық Р. Абайдың сөз өнері. – Алматы: Санат, 1997.; Сөз өнері (Тіл мәдениеті туралы). – Алматы: Ғылым, 1978. – 184 б. және т.б.
6. Амирова Ж.Р. Влияние русского языка на формирование научного стиля казахского языка. Автореферат ... канд. филол. наук: 10.02.06; 10.02.01. - Алматы, 1983. - 18 с.
7. Құрмамбаева Ж.Д. Қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік әдебиет стилінің қалыптасуы (XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басы). Филол. ғыл. канд. ... авторефераты: 10.02.02. - Алматы, 2003. - 34 б.
8. Жубанов А. К. Основные принципы формализации содержания казахского текста. - Алматы, 2002. – 250 с.
9. Тілембекова А. И. Ғылыми - техникалық мәтіндердің (ҒТМ) лингвопрагматикалық құрылымы (Электроника және байланыс салалары бойынша). Филол. ғыл. канд. ... авторефераты: 10.02.02. - Алматы, 2004. - 34 б.
10. Букейханова Р.К. Субъективный аспект когнитивного механизма обработки дискурса // Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков: Материалы международной научно-

практической конференций, посвященной 10-летию независимости РК и 60-летию КазГУМОиМЯ им. Абылайхана. Ч.1. – Алматы, 2001, 72-75 бб.

11. Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. - Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994.

12. Нурманбетова Д.Н. Философия и методология науки. Учебное пособие. - Астана: ЕНУ, 2003. - 204 с.

13. Корнилов О. А. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов. 2-е изд., испр. и доп. – М.: ЧеРо, 2003. – 349 с.

14. Хайдеггер М. Время картины мира // Новая технократическая волна на Западе. – М., 1985.

15. Шмаков В.С. Структура исторического знания и картина мира. – Новосибирск: Наука: Сиб. Отд-ние, 1990.

16. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. - Алматы: Ғылым, 1998. - 208 б.

17. Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 280 б.

18. Уәли Н. Мемлекеттік тілдің бүгінгі таңдағы әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері // Тіл және қоғам, №1 (25), 2011.

19. Қазақ әдебиеті. 1999, 17.09.

20. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қақтың Білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 208 б.

21. Котюрова М.П. Об экстралингвистических основаниях смысловой структуры научного текста (функционально-стилистический аспект). Красноярск: Изд-во Красноярского ун-а, 1988.

22. Баженова Е.А. Научный текст в аспекте политекстуальности. Пермь: ПГУ, 2001.

23. Котюрова М.П., Баженова Е.А. Культура научной речи: текст и его редактирование. М., Флинта: Наука, 2008.

24. Хомутова Т.Н. Научный текст: теоретические основы интегрального подхода. Автореферат дис. ... докт. филол. наук. М., 2010.

25. Чернявская В.Е. Интерпретация научного текста. Изд. 5-е. М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2010.

26. М.Серғалиев. Бөгде сөз // Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998, 73-б.

27. Күдерінова Қ. Дәйексөз // Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998, 92-б.

28. Шагеева А.А. Основные направления изучения цитаты в отечественном языкознании // Актуальные проблемы лингвистики: Уральские лингвистические чтения-2003: Материалы ежегодной

региональной научной конференции, Екатеринбург, 2003 г. / Урал. гос. пед. ун-т. – Екатеринбург, 2003. № 16. 146-147 бб.

29. Салова Г.С. Информативные потенции цитаты в литературно-критическом тексте // Разновидности и жанры научной прозы: Лингвостилистические особенности. – М.: Наука. – 1989, 106-120 бб.

30. Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы: Жазушы, том 2, 2002. - 336 б.

II. ҒЫЛЫМИ МӘТІНДЕРДЕГІ СУБЪЕКТ КАТЕГОРИЯСЫ

Қазіргі тіл білімінде сөз субъектісінің мәртебесі ерекше аталады [1, 10-б.]. Сөз субъектісінің адресант пен адресаттан тұратынын ескерсек, қарым-қатынас үдерісінде бұл екеуінің өзара байланысы, ынтымақтастығы, мәтінді интерпретациялаушы (мәтін мазмұнын ашу) ретіндегі орны өте маңызды. Н.Д. Арутюнова адресат факторын есепке алу сөйлеу актісінің тиімді болуының шарты деп санайды [2].

Қазақ тіл біліміндегі субъект, адам факторының қарастырылуы
3. Ерназарованың «Субъект – прагматиканың негізгі категориясы» атты мақаласында сөз болған [3, 47-55 бб.].

Соңғы кезде белгілі бір функционалдық стиль бойынша субъект факторын талдау өріс ала бастады. Қ. Есенова медиа-мәтіндегі субъект категориясын *адресант-адресат қостағаны* аясында қарастырады. Еңбекте газет мәтінінің ақпараттық-мағыналық кескіндемесіндегі автор бейнесінің сомдалуы, адресант пен адресат арасындағы рөлдік қатынастың сипаты қарастырылады [4, 45-б.].

Ғылыми мәтіндердегі субъект категориясы ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымын түзетін *эпистемиялық жағдаяттың* (білім қоры) *рефлексивтік компонентімен* тікелей байланысты. Рефлексивтік компонент бойынша мәтінде автордың өзіндік ойлау стилі, қарастырылып отырған ғылыми құбылысқа қатысты рационалды және иррационалды (эмоционалды) қатынасы, сондай-ақ ғылым саласындағы өзіндік ұстанымы көрініс табады.

Ғылыми дискурс үшін субъект категориясының күрделілігі автор арқылы алынатын ғылыми білімдердің (нәтижелердің), идеялардың әлеумет талқысына түсіп бұқаралануы, сөйтіп, көпшіліктің игілігіне айналуы болып табылады. Бұл ғылыми мәтін авторларына белгілі бір дәрежеде жақсыздық сипат үстейді, олар туғызған мәтіндердің жалпылануына, бұқаралық өнім тәрізді бейадами сипат алуына әкеледі. Қазіргі компьютерлендірілген дәуірде ғылыми мәтіндер үшін осындай стандарттарды қолдайтын көзқарастар да жоқ емес. Алайда тіл біліміндегі жаңа антропоэзектік парадигмалар, яғни «адамды тіл арқылы және керісінше тілді адам арқылы анықтау» [5, 40-б.] үрдісі «ғаламның ғылыми бейнесінен» таным субъектілерін тысқары қарастыру мүмкін еместігін көрсетеді.

Ғылыми мәтіннің интертекстуалдығы, яғни оның ашықтығы, олардағы «ескі білім» мен «жаңа білімнің» өзара ықпалдастық көрінісі ғылыми мәтіндердің арасындағы коммуникативтілікті айқындайды. Ғылыми қарым-қатынастағы жетістіктің басты кілті – автор ойын оқырманның дұрыс түсініп, тарқата білуі болып табылса, тілдік тұрғыдан келгенде, солардың әрқайсысының берілу жолдары, амал-тәсілдері болады.

Бұл тарауда ғылыми-танымдық қызмет үшін орталық тұлға ретіндегі «автор бейнесі» (адресант) мен «оқырман бейнесі» (адресат) қарастырылады, оларды тілдік тұрғыдан бейнелейтін тілдік құрылымдар сөз болады.

1. Автор бейнесі (адресант)

«Автор бейнесі» ұғымы стилистикада, әсіресе көркем әдебиет стилистикасында ежелден бар және бұл термин академик В.В. Виноградовтың есімімен тікелей байланысты [6, 48-б.].

Қазіргі тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттың белең алуымен орай «автор бейнесі» ұғымы «тілдік тұлға» ұғымына ұласып отыр. Бұл ұғым екі мәселенің басын қосады: тіл және адам (тұлға), тілдік бірліктер мен оған адамның қатысын көрсетеді. Тіл біліміндегі антропоэзектік парадигма бірінші орынға адамды (тілдік тұлғаны) шығарады да, ал тіл адам танымын құрастырушы сипатта қарастырылады [5, 40-б.].

Көптеген зерттеушілер (Ю.Н. Караулов, В.А. Маслова, А. Ислам, Э. Оразалиева және т.б.) «тілдік тұлға» ұғымының күрделілігін, оны құрастырушы бөліктері мен деңгейлерін, жалпығылымдық ортақ сипатын жан-жақты талдайды [7].

Ғылыми стильдің дискурс ретінде қарастырылуы оны құрайтын көптеген құрылымдық-мағыналық бөліктерге, когнитивтік және прагматикалық компоненттерге арнайы тоқталуды қажет етеді. Автор бейнесі – ғылыми мәтіндерде көпқырлы коммуникативтік-танымдық қызмет атқаратын және субъект категориясына орай қарастырылатын өзіндік құбылыс.

«Автор бейнесінің» ғылыми дискурстағы жан-жақты көрінісі әлі күнге арнайы зерттеудің нысаны болған жоқ [8, 90-б.]. Ал бұл тақырыптың маңыздылығы мынадан көрінеді: біріншіден, авторды таным субъектісі ретінде өздері жасайтын ғылыми әлем бейнесінен алып тастау мүмкін емес. Екіншіден, ғылыми мәтінді ғылыми саладағы қарым-қатынастың негізгі тілдік өнімі деп қарасақ, оған қатынасушы ретінде автордың өзіндік орны болады. Осы орайда автор адресат (оқырман) үшін жаңа ғылыми тұжырымдамаларды тудырушы, жаңа білімді ғылыми дискурстың өзіне тән ерекшеліктері арқылы жеткізуші әрі жалғастырушы, сондай-ақ белгілі бір ғылым саласы бойынша қызмет ететін тұлға ретінде көрінеді. Ғылыми сұхбат автор мен оқырман арасында өрбитіндіктен, олар бір-бірімен әріптестік қатынас құрайды.

Сонымен бірге, бұл жайттар ғылыми дискурс үшін адресант құрылымының күрделілігін де аңғартады. Бұл күрделілік бір-біріне қарама-қарсы екі фактордан туындайды: а) ғылыми тілдегі адресант бейнесінің максималды объективтенуі, абстракциялық сипаты, авторлық «мен»-нің жасырын көрінісі; ә) ғылыми білімді нақты бір жеке тұлғалардың (адамдардың) жасауы, сол жеке тұлғалардың ойлау шығармашылығына ғылыми стильдің белгілі бір дәрежеде тәуелді болып келетіні. Егер жалпы ғылыми стильдің біржақтылығын (бұл жерде – жақсыздығын) назарға алып, соңғы факторға мән бермесек, онда ғылыми баяндаудың өзі құрғақ, жансыз, «адам рухының» ешқандай сипаты жоқ тілдік құралдардың жиынтығы болар еді. Сондықтан ғылыми мәтінді оны тудыратын жеке тұлғалардың

шығармашылығынан тыс қарастырудың өзі біржақты деп түсінеміз және бұл үрдісті қазіргі антропоэзектік бағыт та қолдамайды.

Ғылыми мәтіндердегі авторландыруды бейнелейтін тілдік бірліктер үш топқа бөлінеді: 1) эго-құрылымдар; 2) ментальді жай-күйді білдіретін құрылымдар; 3) сөйлеу рефлексияларын білдіретін құрылымдар.

Эго-құрылымдар (лат. ego – мен) мәтіндегі автордың өзін көрсететін сөздер, сөз тіркестері арқылы беріледі: *біз* (сиректеу болса да *мен*) (*бізді ... қызықтырады, біз ... санаймыз*), *біздің*, (*біздің бұл жұмысымыз, біздің тәжірибемізге сүйенсек, кейбір реттерде біздің зерттеу бойынша т.т.*), *біздіңше*, *автор* (*автор мәселені толық зерттедім деп ойламайды*).

Мысалы: **Біз** өткен тақырыптарда тербелістің амплитудасы тұрақты болатындығын **айттық** (Ж. Абдулаев. Физика курсы); **...біздің бұл жұмысымыз** бертіндегі дәуірді қамтитын тарихи лексикология мен тарихи грамматикаға жақын келетіндігін білдіреміз (Р. Сыздық. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі); *...Абайға дейінгі қазақ әдеби тілінің жазба деген лауазымға «құрық сала алатын», біздіңше, тағы бір себебі бар...* (Р. Сыздық. Сонда); *Сөйтіп, қазақ қоғамында Абаймен тұстас, іргелес өмір сүрген әдебиет түрлерінің басты-бастылары, біздің топшылауымызша, мыналар болды* (Р. Сыздық. Сонда) және т.б.

Сөйлемдердің барлығында белгілі бір деректі тіркеу, айқындау, бағалау, нықтау мәндері бар, айтылымға автордың қатынасы (*біз* + әрекет) бейнеленеді.

Біз есімдігі сөйлемдерде нақты және жасырын тұрып та жұмсала береді. *Біз* есімдігінің түсіп қалуы стилистикалық ерекшеліктерге байланысты, кейде оны сөйлемге қатыстыру артық болғандықтан, авторлар *біз*-ді түсіріп қолданады: *Сонымен, табиғат дүниесі болған, бар және бола береді: адам, қоғам пайда болғаннан бері бар, бола да бермек дейміз* (Д. Кішібеков, Ұ. Сыдықов. Философия); *Ол міндетті түрде белгілі деңгейде сананың болуының шарты дегенбіз. Яғни ол ондай адамның өзін өзі тануы, сезінуі, өз жан дүниесін өзі шолып, оған иелік ететіндей дәрежесі дегенбіз* (Қ. Әбішев. Философия); және т.б.

Біз жіктеу есімдігінің қолданылуы көбінесе ғылыми мәтін авторларының сыпайылық, қарапайымдылық тәрізді этикалық мінез-құлықтарды сақтауына байланысты. 1-жақ көпше форманың жеке жақтық қатынасты білдіре қолданылуы қазіргі ғылыми шығармаларда дәстүрге айналды десе де болады [9, 88-б.].

Біз есімдігі сөйлемнің сипатын өзгертпейді, түрлі мәнмәтіндік позицияларды (айталық, авторлық «мен», *сіздер, олар* т.т.) өзіне жинақтаған жалпыланған тұлға. Жалпылама жақты сөйлемнің бұйрық рай тұлғасында келетін (*қарастырайық, талдайық, тоқталайық* т.т.) түрлері бұйрық мәннен гөрі, яғни басқаларды іс-әрекетке жұмылдыру, шақыру, үндеу мақсатында ғана емес, сөйлеу субъектісінің (автордың) өзінің іс-әрекетін іске асыруды бағыттау үшін жұмсалады (салыстырыңыз: *қарастырайық – қарастырамыз,*

талдайық – талдаймыз, тоқталайық – тоқталамыз т.т.). Сонымен бірге іс-әрекет нәтижелерін баяндау үшін пайдаланылады.

Біз-бен қатар сирек те болса мен-нің қолданылуы ұшырасады:

Ал мен қатардағы оқырман ретінде Сапекеңді осылайша танысам, тіл маманы ретінде жазушы мұрасын ана тіліміздің асыл қасиеті мен қазынасын сақтаған ірі қаламгер деп жоғары бағалаймын (Р.Ғ. Сыздық. Ана тіліміздің асыл қоймасы).

Сөйлемде авторды көрсететін мазмұн «мен» есімдігі арқылы неғұрлым нақты айқындалып тұр. Сөйлеушінің авторлық «мені» сол құбылысты («жазушының тілін») қабылдауы және бағалауы арқылы беріледі. Адресаттың ақпаратты қабылдауын белсенді етуге ұмтылады, демек, айтылым түрінде бұл сөйлемдер интеллектуалдық-экспрессивтік қызмет атқарады, автордың ментальді жай-күйін танытады.

«Мен»-нің қолданылуындағы тағы бір ерекшелік – тілдік тұлғаның белгілі бір ғылым саласындағы беделі мен дәрежесіне де байланысты. «Мен»-ді жекелік ерекшелік ретінде тілдік тұлға қалыптасуының прагматикалық деңгейіне орай қалыптасатын құндылықтар иесі деп қарастыруға болады.

Автор сөзі біз-ге қарағанда қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндерде соншалықты көп кездесе қоймайды. Кейде автор, сондай-ақ зерттеуші (ғалым) сөздерінің «ретінде» қолданысымен тіркесуі негізінде (автор ретінде, зерттеуші ретінде, ғалым ретінде) авторландыруды білдіреді.

Мәтінде автордікі екендігін көрсететін жанама эго-құрылымдар да өмір сүреді және олар көбінесе жанама жақты сөйлемдер (Ж. Садуақастың термині бойынша, немесе дәстүрлі «жақсыз сөйлемдер») арқылы беріледі:

Физикалық денелердің немесе бөліктерінің қозғалысын қарастырғанда, олардың нүктесінің қозғалысын зерттеу қажет (Ж. Абдулаев. Физика курсы) («бізге ... қажет» құрылымы); *Денені егер оның бөлшектері бірдей және жүрілген жолдары дененің өлшемімен салыстырғанда айтарлықтай үлкен болғанда гана материалдық нүкте ретінде қарастыруға болады* (Ж. Абдулаев. Физика курсы) («бізге ... қарастыруға болады»); *Даму процесі барысында оның әртүрлі кезеңдері, ескі мен жаңа өзара қалай байланысқан, дамудың тенденциялары мен бағыты және жалпы сипаты қандай деген сұрақтарға жауап бермей тұрып, даму туралы түсінікті терең әрі жан-жақты деп айтуға болмайды* (Д. Кішібеков, Ұ.Сыздықов. Философия) («бізге ... деп айтуға болмайды») және т.б.

Мұндай жанама жақты құрылымдар әртүрлі жолдармен жасала отырып (-у тұлғалы тұйық етістіктің дара, сондай-ақ грамматикалық түрленген қалпында бол және модаль сөздермен тіркесіп келіп), белгілі бір танымдық операцияларды жүзеге асырудың «мүмкін/мүмкін еместігіне» автордың қатысын көрсетеді, автордың тұлғасын жеткізу үшін жанама болсын қызмет атқарады. Мұндай «жақсыз» құрылымдар сонымен бірге эмоционалдықтан да құралақан емес. Әдетте ғылыми мәтінге – ғылыми ақпараттардың логикалық жағынан ұйымдасқан формасы ретіндегі қатаң логикалық тән

деген түсінік басым, сонымен бірге мәтін авторының эмоционалды жай-күйі ғылыми мәтіндерде көрініс тауып отырады. Алайда ғылымдағы эмоция берілуі жағынан ерекше тұрады, ондай эмоционалдылықтың «логикалылығын» атап өту керек. Бұл ғылымдағы эмоцияның эмоционалды-экспрессивті лексика арқылы емес, бейтарап мағыналы сөздер, тілдік құрылымдар арқылы жеткізілуінен көрінеді. Келтірілген жанама жақты сөйлемдер сондай қызмет атқарып тұр, авторды жанама тұрғыдан бейнелеумен қатар жаңа білім алу барысындағы автордың рационалды және эмоционалды жайын таныту үшін де жұмсалады (қараңыз: «бізге ... қажет», «бізге ... деп айтуға болмайды», «бізге ... қарастыруға болады» т.т.).

Демек, жанама жақты сөйлемдерді ғылыми мәтіндердегі авторландыруды бейнелейтін жанама эго-құрылымдар қатарына және **ментальді жай-күйді білдіретін құрылымдар** қатарына да қосуға әбден болады.

Ментальді жай-күй, сонымен бірге, қыстырма және модаль сөздер арқылы жасалады. Мына мысалдарға назар аударайық:

1) *Сынның туу дәуірінде, әрине, оның бастапқы қарапайым түрлері басым болды* (Т. Кәкішев. Қазақ әдебиеті сынының тарихы); 2) *Жеке және жалпы ұғымдар кейде ерекше мағынада, атап айтқанда, жинақтаушы мағына делініп жүрген мағынада қолданылуы мүмкін* (О. Айтбаев. Логика); 3) *Тағы бір айта кететін ерекше мәселе, осы болыстардың қоғамдық, топтық ерекше бір шындығы турасында* (М. Әуезов. А.Құнанбаев); 4) *Ең алдымен, қазақ әдебиеті сынының туу процесіне өнерпаздық өре берген Абай шығармашылығы екенін айту ләзім* (Т. Кәкішев. Қазақ әдебиеті сынының тарихы) т.б.

Бірінші сөйлемде қыстырма сөз (*әрине*) білімнің дұрыстығын көрсету үшін қолданылған, келесі сөйлемдердегі *атап айтқанда, ең алдымен, тағы бір айта кететін мәселе, бір ескеретін жайт* тәрізді қыстырмалар ғылыми мәтіндердегі логикалық бөлу (бір мәселеге ерекше назар аудару) мақсатында жұмсалады. *Мүмкін, ықтимал, сияқты, сондай-ақ жоқ, емес* болымсыздық тұлғаларымен келетін сөйлемдер де осы мәнде қолданылады: *Көріктеу құралдары қолданылған текстің өзінде әрдайым мазмұн мен қалыптың сәйкестігі бола бермеуі мүмкін, демек, текст әсемдіктің биігінен көрінбеуі ықтимал* (Р.Сыздық. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі); *Дегенмен сөздердің тіркесуінің әбден заңды құбылыс екеніне күмән жоқ* (Ж. Жақыпов. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары); *Өзінің шын мәнінде шексіздікті шексіз өзгеру процесі деп қарау дұрыс сияқты* (Қ. Әбішев. Философия) т.т. Таным үдерісіндегі осындай модальділік (сенім, күдік, өкініш, ерекше атау, таңданыс т.т.) автордың менталды жай-күйінен хабардар етеді.

Автордың менталды жай-күйін *шынында, дұрысында, асылында, асылы, тегінде, тегі, сірә* т.б. қыстырмалар да білдіреді, олар сөйлем арқылы айтылған пікірге автордың көзқарасын білдіру үшін жұмсалады да, модальдік

мән үстейді. Сондықтан сөйлемдер көбінесе мүмкін, сияқты, керек, мақұл, жөн, болар, шығар сөздерімен келеді:

Тегі, «Қара сөздер» кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен маңайындағы сауаттылардың қолына түсіп, сонда шашалмай, аман сақталып қалған **сияқты** (М. Әуезов. А. Құнанбаев); **Сірә**, бұл сөз түркі тайпалары тілінде монғол шапқыншылығы (XIII ғ.) кезінен бастап қолданылған **болар** (Р. Сыздықова. Сөздер сөйлейді); **Асылында**, осы атылып отырған жазба ескерткіштердің XIV-XV ғасырдан бері қарай дамып, Орта Азияда кеңінен пайдаланған әдеби тіл «шағатай» тіліндегі ескерткіштермен айырмашылығы бар екенінде ескере отырғанымыз **мақұл** (А. Аманжолов. Жазу тарихы) және т.б.

Ғылымдағы эмоциялылық қызығушылық тудырады, өкінішке орай, дұрыс емес, таңқаларлық, мойындау керек, мойындаймыз тәрізді құрылымдар арқылы да туындайды.

Эмоционалдық қатарына күшейткіштер ең, гана, тек, сондай-ақ интонацияны қосуға болады. Мына мысалға назар аударайық:

Дәл осы жерде **бізге ең қажеті** – XV ғасырдан бері келе жатқан қазақ әдебиетінің текстері емес, сол әдебиеттің болған фактісі мен тілінің негізінен халықтың сөйлеу тілі болғанын білуіміз, яғни **бізге қажеті** – Абайдың алдында неше ғасыр бойы қазақтың тұма әдебиетінің халықтық тіл негізінде өмір сүріп дамып келгендігі (Р. Сыздық. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі).

Келтірген мысалдағы эмоционалдық қатынас ең күшейткіш үстеуі арқылы ерекшеленген, автор зерттеу барысындағы маңызды саналатын мәселелерді айқындау үшін, адресатқа толықтай түсіндіру мақсатында **бізге ең қажеті / бізге қажеті** құрылымдарын пайдаланады, бұл құрылымды айту барысындағы интонацияның да рөлі болатынын ескерген жөн. Осы сияқты мысалдар ғылымдағы өзіндік эмоционалдық қатынасты көрсетеді. Ол ғылыми зерттеудегі түрлі факторларға байланысты туындап (дәлелдеу, бір мәселені іріктеу, ұсыну т.т.), ғылыми мәтінде көрініс табады.

Білімнің даусыз ақиқат және шынайылығын көрсету мақсатында автор **бізге мәлім, жалпыға мәлім, (ежелден) мәлім, белгілі болғандай** тәрізді құрылымдарды қолданады.

Сөйлеу рефлексияларын білдіретін құрылымдар (лат. *reflexio* – кейінге оралу) авторды өзінің жазған мәтініне түсініктеме беруші ретінде көрсетеді, бір тақырыпты зерттеудегі білімнің жеткізілу барысын неғұрлым дәл, жүйелі бейнелеуді қамтамасыз етеді.

Мына үзіндіге назар аударайық:

Көркем әдебиеттегі, оның ішінде поэзия тіліндегі сөздерді талдағанда, «орфографиялық сөз» нысанаға алынбауы керек, яғни жазылып көрініп (не естіліп) тұрған сөзді зерттеу мақсатын емес, сол сөздің қолданыстағы мағыналық ерекшелігін, Б.А.Ларинше айтқанда, «мағыналық обертондарын», яғни жазушының не ақынның осы сөз арқылы қандай идеяны (ойды) айтпақ болғанын және оқырман ол сөздің мағынасын қандай

деп қабылдайтынын көрсетуді көздеу керек. Ал бұл ерекше мағына немесе «мағыналық обертондар» сөздердің бір-бірімен арақатысынан, біріне-бірінің тигізетін әсерінен пайда болады **да**, жазушының (ақынның) айтпақ ойының үдесінен шығады (Р. Сыздық. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі).

Үзіндіде автор барлық назарды ғылыми білім мазмұнының («сөздің поэтикалық образы») жүйелі жеткізілуіне аударады, сол себепті мысалда нақтылау (*оның ішінде*), түсіндіру (*яғни*), қайталау (*Б.А.Ларинше айтқанда*), салыстыру (*ал*), нақтылай түсу («*да*» жалғаулығының қолданысы) мәндері қатысады, автор білім мазмұнын осы сөздердің көмегімен неғұрлым аша түсуге әрекет жасайды және өз жазғанын тарқата түсіндіруді мақсат етеді. Міне, осындай құрылымдар сөйлеу рефлексияларын білдіреді.

Сөйлеу рефлексияларының тілдік құрылымдары көбінесе қайталауға, нақтылауға құрылады. Олардың қолданылу себебі үш жағдайға негізделеді: 1) алдыңғы бөліктердегі сөз болған кейбір мәселелер (ұғымдар, құбылыстар) толықтай түсінікті әрі нақты емес; 2) түсінікті әрі нақты болса да, кейбір қырлары анықтай түсуді қажет етеді; 3) тым жалпылама және дерексіздік сипат басым, сондықтан нақтылайтын, дәлелдейтін тұстарды қажет етеді.

Мысалы: **Басқаша айтқанда**, дедуқция жалпыдан жекеге қарай жасалатын ой қорытындысы (О. Айтбаев. Логика); **Нақтылап айтқанда**, бұл әдістің өзгешелігі ақын шығармаларын жазылған жылдары бойынша топтайды; **Екінші сөзбен айтсақ**, сөздер поэтикалық қызметінде өзінің мүмкін (потенциалды) және жасырын («ұрын») жатқан мағыналарын ашады... т.т.

Осы тәріздес қайталаудың бір тобы «аталған» сөзінің қатысымен *деп аталатын, аталып жүр, аталатындай, әдетте ... аталады* қолданыстары арқылы жасалады: «*Прага мектебі*» **деп аталған** лингвистикалық бағыттың өкілдері өлең тілі дегеніміз бір төбе де, әдеби тілдің қалған қолданыстары ... бір төбе деп бөліп қарайды (Р. Сыздық. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі) т.б.

Санамалау мәнін де сөйлеу рефлексияларын білдіретін тілдік құралдарға жатқызуға болады, өйткені олар автор ойын нақтылау қызметін атқарып, бұрын-соңды жазылған пікірлерді автор арқылы ықшамдауға мүмкіндік береді:

Бүгінгі күн тұрғысынан бұл пікірден бірнеше ағат жайды байқауға болар еді: **біріншіден**, сабақтас сөйлем мен салалас сөйлемді синоним болмайды деу дұрыс емес, өйткені лексикалық құрамы бірдей болып, мазмұны бір болса, ондай құрмаластың түрлері өзара синоним деп есептелсе керек; **екіншіден**, құрмалас сөйлем, оның ішінде салалас та, сабақтас та, жай сөйлеммен синонимдік қатарға түсе алады.

Айтуға болады, егер осылай деп атасақ, қысқасы, алғашқыда тәрізді қолданыстары арқылы автор барлық назарды ғылыми білім мазмұнының жүйелі жеткізілуіне аударады.

Осындай тілдік құралдар бір жағынан, авторландыру құралдары болса, екінші жағынан, адресатқа мәтінді неғұрлым түсінікті, жүйелі етіп жеткізу

мақсатынан туындайды. Өйткені ғылыми мәтін ғылыми білімді тасымалдаушы ғана емес, ғылыми қарым-қатынас құралы да болып табылады. Кез келген мәтіннің оқырман үшін түсінікті болуын көздейтін мақсат – ғылыми мәтінге де тән. Ғылыми мәтін мамандар (болашақ мамандар) арасындағы ең негізгі тілдік өнім ретінде олардың белгілі бір ақпаратпен алмасуын іске асырады, автор оқырманды көз алдына елестете отырып, оқырманның әртүрлі реакцияларын «есепке ала отырып» жазады немесе құрастырады.

Ғылыми дискурс үшін адресант құрылымының күрделілігін сөзіміздің бас шенінде айттық. Осымен байланысты ғылыми мәтіндердегі авторландырудың көрініс дәрежесі әртүрлі болуы заңды. Авторландыру көрінісі неғұрлым аз, яғни баяндаудың жақсыздығы қамтылған мәтіндер кездеседі, сонымен бірге авторландырудың көрінісі басым, яғни авторлық «мен» айқын көрінетін мәтіндер де ұшырасады.

Бірінші типтегі мәтіндерде автордың шығармашылық ізденістері әбден екшелген болып саналады, ондай мәтіндерде жалпыға мәлім немесе тұрақталған білім қамтылады, білімнің шынайылығы пен дұрыстығы уақыт сынынан өткен. Мұндай еңбектерде авторлық ерекшеліктер, ізденістің эмоциялық сәттері, мүмкіндіктің болуы, күдік, екіұдай пікір, сенімсіздік немесе керісінше, сенімділік тәрізді модальділікті ұшырастыру қиын. Мұндай мәтіндер автордың талғампаз ойлау стилімен ерекшеленеді, яғни жоғары мәдениеттілік, ықшамдылық, қарама-қайшылықтың кездеспеуі немесе алгоритмделген стильмен жазылады, формалды-логикалық дәлеледеулердің күмәнсіздігі көрінеді.

«Ғылыми стильдің когнитивтік-коммуникативтік қызметі мәтіннің объективті мазмұнын, автор еркінен тыс фактілерді констатациялауға құрылады» [4, 47-б.].

Екінші типтегі мәтіндер автор ізденістерінің өзіндік сәттерінің бейнеленуін көрсетеді. Әдетте ондай мәтіндерде әлі ғылымда тұрақталмаған білім қамтылады да, батыл идея, тың болжамдар, жаңашыл әдіс т.б. сипаттармен бірге көрініс табады. Мұндай мәтіндердің баяндалуында ғалымның «жанды» ойы, ойдың әрбір иініндегі автордың рефлексиясы (нақтылай түсуі, қайталау арқылы нықтауы) көрініп тұрады. Мұндай мәтіндердің стилі де бірсарындылықтан, жақсыздықтан алыс болады, теория мен автор ізденісінің ерекшеліктері, жекелік баяндау тәсілдері қатар жүреді, талқылаудың логикалық құрылымы басым болып келеді. Авторлық «Мен» толықтай көрініс табады, оқырман ғылыми ой қозғалысын нақты сезеді. Ғылыми мазмұнда автордың ойы көркем шығармалардағы лирикалық шегіністер тәрізді зерттеу аясынан тыс көрініс тауып отыруы да мүмкін.

Қазіргі ғылыми қарым-қатынас үшін бір-біріне қарама-қайшылығы бар осы екі мәтіннің қайсысы қолайлы болмақ?

Көптеген зерттеушілер қазіргі ғылыми стиль неғұрлым жақсыз баяндауға ұмтылғаны жөн деген үрдісті қолдайды. Бұл үрдіс қазіргі кездегі компьютерлендіру, техникалану, ғылымдағы ұжымдық еңбек, өндірістік-

тәжірибелік бағыттардың дамуы, жалпы ақпарат ағының өсуі тәрізді экстралингвистикалық факторларға орай кеңінен көрініс табуда. Сонымен бірге қоғамдық (гуманитарлық) және жаратылыстану (техникалық) ғылымдарының арасындағы айырым-өзгешеліктер де мәтіндердің баяндалу тәсіліне ықпал етеді, айталық, жақсыз баяндау неғұрлым нақты, техникалық және эксперименталды ғылымдарға тән болса, ал гуманитарлық мәтіндерде көп жағдайда баяндаудағы жекелік ерекшеліктің басымдығы ұшырасады.

Баяндаудағы авторландыру дәрежесі ғылыми мәтіннің басқа да стилистикалық ерекшеліктеріне, атап айтқанда, баяндау түрлеріне байланысты болып келеді. Айталық, сипаттау мәтіндеріне баяндаудың стандарттылығы мен ықшамдылығы тән болып келсе, талқылау мәтіндерінде диалогтілік пен бағалауыштық жиі кездеседі.

Енді бір мәселе, ғылыми дискурстағы авторландыру құралдарын орнымен пайдалану жайында. Авторландыру құралдарын дұрыс пайдаланбау (немесе білмеу) баяндаудың шамадан тыс жақсыздығына әкеліп соғуы мүмкін және мәтіннің кейбір тілдік-мәдени тұрғыдан жетіспейтін жақтарын тудырады, айталық, тілдік жағынан құрғақтық, белгісіздік, анық еместік, бейнеліліктің мүлде жоқтығы тәрізді. Бұл сияқты факторлар мәтін мазмұнын түсінуді қиындатып, оны оқырманның қабылдауына кері әсерін тигізеді, сөйтіп, мәтіннің коммуникативтік әлеуетін бәсеңдетуі мүмкін.

Проф. Н. Уәли осы орайда «иесіздену» ұғымын қолданған. Автордың өз сөзімен айтсақ: «...автордың «өзіндік беті» болмаса, мәтін «иесіз» қалып, ажары солғындай түседі. Сөздің бұлайша «иесізденуі» адресаттың қызығушылығын бәсеңдетеді. Керісінше, адресанттың өз пікірін көрсетуі, оның жеке тұлға ретіндегі сапасының шынайылығын таныта түседі. Ал мұның өзі сөз әктісі теориясындағы кооперация принципі бойынша адресатты өзімен ынтымақтаса түсуіне әсер етеді» [1, 10-б.].

Кейбір зерттеушілердің көрсетуінде, әлем тілдері бойынша ғылыми мәтіндердегі қарапайымдылықтың этикетіне айналған *біз* қазіргі кезде міндетті түрде сақталмайды, мысалы, ағылшын және неміс тілдеріндегі монографиялар мен мақалаларда *мен (Ich)* емін-еркін қолданыла береді [10, 101-б.].

Қорыта келгенде, автор бейнесі тек көркем мәтін үшін ғана емес, ғылыми дискурс үшін де маңызды ұғым болып саналады. Ғылыми дискурстың өзіндік ерекшелігіне сай автор бейнесі көріну дәрежесі жағынан болсын, атқаратын коммуникативтік-танымдық қызметі жағынан болсын өзіне тән белгілерге ие. Ғылыми мәтіндердегі авторландыру мынадай тілдік бірліктер негізінде жасалады: 1) эго-құрылымдар; 2) ментальді жай-күйді білдіретін құрылымдар; 3) сөйлеу рефлексияларын білдіретін құрылымдар. Ғылыми мәтіндердегі автор бейнесі таным субъектісі ретінде белгілі бір тілде ғаламның ғылыми бейнесін жасауға ат салысады. Ғылыми мәтіндердегі автор адресат үшін жаңа ғылыми тұжырымдамаларды тудырушы, жаңа білімді ғылыми дискурстың өзіне тән ерекшеліктеріне сай жеткізуші әрі

жалғастырушы, сондай-ақ белгілі бір ғылым саласы бойынша қызмет ететін тұлға ретінде көрінеді.

2. Оқырман бейнесі (адресат)

Ғылыми мәтін – ғылым саласындағы қарым-қатынастың басты құралы, ол тек ғылыми білімді сақтаумен шектелмейді. Ғылыми мәтін авторы өз туындыларын оқырмандарды көз алдына елестете отырып, оқырмандардың түрлі реакцияларын «есепке ала отырып» жазады, яғни екеуара тығыз байланыс, мәтінді оқырманға бағыттаудың құралдары ғылыми мәтіннің өн бойында кездесіп отырады.

Жалпы адресаттың мазмұнына қатысты «Сөзді мұқият ұйып тыңдаушының «образын» жасау – сөздің ойдағыдай өрбуіне ықпал ететін негізгі шарттардың бірі» [1, 10-б.] деген пікір ғылыми мәтіндерге де тікелей қатысты.

Ғылым саласындағы автор мен оқырманның қарым-қатынасы белгілі бір ғылыми мәтінді қабылдаудағы белсенділік танытудан, шығармашылық көзқарастан, сыни қабылдаудан көрінеді. Мәтін авторы кері байланыстың қандай болатындығын алдын ала болжай білу керек. Екеуара осы тәріздес байланыс болмаса, ғылыми сұхбаттың тиімділігі жайында айту қиын.

Адресатты ескеріп отыру ғылыми мәтіннің тілдік бейнесінде өзіндік бірліктерді жұмсау арқылы жасалады, олар оқырман үшін әдейі бағытталады. Мұндай тілдік бірліктер мәтін тақырыбынан тыс, оған қатыссыз болады, олар мәтінді тілдік жағынан ресімдейтін қызмет атқарады. Бұл бірліктер *бағыттау (адресациялау) құралдары* деп аталады, кейбір зерттеушілер *бағыттаудың тілдік (лингвистикалық) сигналдары* де те атайды [10, 103-б.].

Ғылым тілі қалыптасқан тілдерде мұндай бірліктердің тұрақталған, дайын күйінде жұмсалатын тобы бар. Қазақ тілінде де мәтінді оқырманға бағыттаудың тілдік құралдары әбден екшелген деп айтуымызға болады. Бір қарағанда көзге елеусіз болып көрінетін бұл бірліктер кез келген ғылыми мәтінге тән және оның қай бөлігінде болмасын (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) кездеседі. Мысалы:

Жоғарыда айтқанымыздай, өндірістік жүйенің мақсаты – барынша жемісті нәтижеге жету (С. Сатыбалдыұлы. Маркетинг – нарықтану).

Сөйтіп, молекулалардың жылдамдықтары оның аса ықтимал мәнінің төңірегінде топтасады дей аламыз (Ж. Абдулаев. Физика курсы).

Әрбір экономикалық системаның логикалық жүйесі бар. Біріншіден, олар бір-бірімен динамикалық өзара әсер ететін қатынаста болады. Бүгін аргумент (дәлел) болған зат, ертеңінде функция ретінде болуы. Екіншіден, системаның әрбір элементі тарихи даму процесінде болады. Сондықтан тарихи және логикалық бірлікті сақтау проблемасының маңызы зор. (Я. Әубәкіров, М. Есқалиев. Экономикалық теория негіздері).

Немесе «әрбір жазған кітабы оқырман қолынан түспей, оқулыққа айналып, әрбір жазған мақаласы оқырман назарынан қалт қалмай, танымдық-тәлімдік үлгіге айналып жүрген Р. Сыздықтың...» [11] кітабынан келтірілген мына жолдарға назар аударайық (Еңбектің көлеміне сәйкес мысалдар қысқартылып келтіріледі – С.Ә.):

Келесі назарымызды Сейдахмет Бердіқұловтың қаламына аударалық. Тұжырымымызды сөз басында айтып алатын болсақ, ...Қысқасы, ... (Р. Сыздық. Сөз құдіреті).

Мысалдардағы қарамен терілген құрылымдар әртүрлі қызмет атқарады, олардың бірі қайталау, нақтылау, қорыту мәнінде қолданылса, енді бірі – оқырманның назарын күшейту мақсатында жұмсалады. Ал акад. Р. Сыздықтан келтірген мысал мәтінді оқырманға бағыттаудың логикалық тізбегі тәріздес рөл атқарып тұр. Айталық, оқырман назарын әрі қарай (*келесі назарымызды*) бағыттайды, мәтіннің келесі бөлігінде не баяндалатындығына назар аудартады, белгілі бір тұжырымға келудің маңызды аспектісін көрсетеді (*тұжырымымызды сөз басында айтып алатын болсақ*) және солар арқылы қорытындыға келеді (*қысқасы*). Бұдан біз ғалымның тақырыпты қарастырудағы ой қозғалысын көреміз, сол ой қозғалысының дамуы мәтіннің бөліктерін байланыстырып қана қоймай, мәтінтүзушілік те қызмет атқарып тұр. Осы бірліктер арқылы мәтін тақырыбының ұлғаю, кеңею барысы көрінеді, ұсынылған тезис логикалық жолмен мүшелену арқылы тұтас мәтінге айналады. Автордың мәтінді оқырмандарға бағыттаудың реакциясы, мәтінді оқу, түсіну, белгілі бір қорытындылар шығару үдерісіндегі оқырманмен бірлескен «одақтастық идеясы» көрінеді.

Акад. Р. Сыздықтан алынған мысалға әрі қарай үңілетін болсақ, осы айтылғандардың дәлеліне көз жеткіземіз. Келтірген мәтінде тақырып нақтыланды («С.Бердіқұловтың шығармашылығы»), тұжырым мен тезис жасалды (ықшамдап айтсақ: «С.Бердіқұлов – көркем дүние ұсынуда өз мәнері бар, ...мазмұн мен түрдің гармониясы жақсы сезілетін жоғары сауатты әдебиетімізді танытатын қалам иелерінің бірі»). Енді осы тезисті дәлелдеу қалай іске асады? Келесі мысалда соның логикалық жалғасы көрініс табады:

Сейдахмет Бердіқұловтың тіліне мұндай баға бергізетін белгі-сипаттарының ішіндегі екі-үшеуіне ғана тоқталалық. Ең алдымен, ...

Осы шағын мысалдың өзінен зерттеушінің өз ойын жеткізу барысындағы әрбір «қадамын» көруге болады, тұжырымдалған тезисті мысалдар арқылы дәлелдеу, соның ішінде маңызды мәселені таңдау (*ең алдымен*), сондай-ақ, оқырманды танымдық іс-қимылға бағыттау да (*тоқталалық*) қатынасқан. Осындай бағыттау құралдары баз бір көше қатынасындағы жол белгілері тәрізді мәтін деңгейіндегі кеңістікте нұсқаушылық қызмет атқарып, оқырманға жол көрсетіп тұрады. Ғылыми мазмұнның белгілі бір жүйемен тілдік сипатта жүзеге асуына дәнекер болады, сонымен бірге ғылыми мазмұнның тиімді игерілуін қамтамасыз етеді.

Сөйтіп, бағыттаудың тілдік құралдары мынадай қызмет атқарады:

- Белгілі бір салаға тән ғылыми мазмұнға үйлесе отырып, оны ақпараттық айқын тілдік мәтінге айналдырады;
- Мәтіннің барлық мағыналық бөліктерін бір-бірімен байланыстырады, автордың ғылыми ойының қозғалысын, дамуын қамтамасыз етеді;

- Мәтіндегі неғұрлым маңызды бөліктерді ерекшелейді;
- Оқырман назарын өзіне аударту үшін дәнекерлік қызмет атқарады,

мәтінді толықтай түсінуге мәндік-мағыналық жағынан тірек болады.

Осы қызметіне сәйкес зерттеушілер мәтінді оқырманға бағыттаудың тілдік бірліктерін үш топқа саралап жүр: 1) композициялық-бағдарлау; 2) ақпараттың маңыздылық дәрежесін көрсететін; 3) ойды күшейтуші [8, 101-б.].

Енді осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталалық.

Композициялық-бағдарлау қызметіндегі бағыттау құралдары уақыт пен кеңістіктегі мәтін ұзақтығының арасындағы қарам-қайшылықты еңсеру қажеттігіне орай жұмсалады.

Көлемі үлкен ғылыми (ғылыми-көпшілік) мәтіндер тақырыптың зерттелуіндегі үзіктілікпен, алшақтылықпен сипатталатыны мәлім. Оқырманға ойдың дамуындағы логикалық байланысты жоғалтып алу, оқығанды ұмытып қалу, алаңдау тән, сондай-ақ ақпарат бөліктерінің арасындағы мағыналық байланыстарды бірден игере алмауы да мүмкін. Автордың мақсаты осындай үлкен көлемдегі ғылыми ақпаратты оқырманға жүйелі түрде жеткізу. Автор келтірген жайттарды ескере отырып, мәтіннің оқырман тарапынан бірізді ұғынылуына әрекеттенеді және сол мақсатты көздей отырып, *проспекция* мен *ретроспекция* категорияларының арнайы құралдарын пайдаланады [12]. Проспекция мен ретроспекция құралдары өз кезегінде оқырманға бағдар беру қызметін атқарады және мынадай сызба бойынша жүзеге асады:

алға ↔ артқа, жоғары ↔ төмен, бұрын (алдыңғы) ↔ кейін (кейінгі).

Мұндай сызба тақырыпты дамытудың логикалық жүйесін белгілей отырып, мазмұн бөліктерінің мағыналық жағынан байланысын қамтамасыз етеді.

Ретроспективті бағыт баяндалған мәтіннің сол жақ бөлігіне немесе сол жақ мәнмәтініне (*артқа, жоғары, бұрын*) қатысты сілтемелер жасайды. Ғылыми мәтіндердегі *жоғарыда айтылғандай, жоғарыда келтірген мысалдардан шығатын қорытынды, бұдан бұрын келтірілгендей, байқап отырғанымыздай, бұдан бұрын көрсетілгендей, атап өтілгендей, жоғарыда айтылғандар бойынша, осы тұрғыдан қарағанда, осы тұрғыдан алғанда* тәрізді қыстырма құрылымдар осының мысалы бола алады:

Бұдан бұрын келтірілгендей, информацияға болған бір оқиға туралы немесе материалдық жүйенің жағдайы туралы берілетін хабарлардың жиынтығы жатады; ***Жоғарыда айтқанымыздай***, өндірістік жүйенің мақсаты – барынша жемісті нәтижеге жету (С. Сатыбалдыұлы. Маркетинг – нарықтану).

Сондай-ақ, *алдыңғы, баяндалған, келтірілген, жазылған* сөздері де мәтіннің сол жақ бөлігінде баяндалған жайттарға нұсқайды. Жақша ішіндегі сілтемелер де (мысалы: *қараңыз, ... параграфты қараңыз, бұл жайында / бұл туралы қараңыз* тәрізді) осы қызметте жұмсалады.

Мұндай бағыттау құралдары ғылыми мәтіндердегі ой қозғалысын, мәтіннің бірқалыпты емес, секірмелі күйде, жаңа ақпараттың біртіндеп, «бөлшектеп» енгізілуі арқылы мәтінді тудыратындығын көрсетеді. Алдыңғы мазмұнды негізге алу, нақтылай түсу, маңызды деген ақпаратты (үзікті) қайталап отыру жүзеге асады. Бұл қайталамалар белгілі бір ақпаратты оқырман жадысынан қайталап өткізуге (өткенге оралу), сол арқылы ақпаратты есте сақтау беріктігін шыңдауға баулиды.

Проспекция мәтіннің оң жақ бөлігіне немесе оң жақ мәнмәтініне (*алға, төмен, кейін*) бағытталады, оның сипаты алдағы баяндалатын, яғни «келер шақпен» байланысты мазмұнды қамтиды. Проспекциялық бағытты бейнелейтін тілдік бірліктер алдыңғы бөліктерде (әлі оқылмаған) не айтылатындығын білдіретін *қарастырып өтейік, түсіндіріп көрейік, мысал ретінде келтірсек, бұдан кейінгі бөлімдерде қарастырылады, алдыңғы бөліктерден белгілі болатындай, бұл туралы төменірек айтылады, бұдан әрі т.т.* әртүрлі құрылымдар арқылы беріледі. Жақша ішіндегі сілтемелер де қолданылады (мысалы: *қараңыз, ... параграфты қараңыз, бұл жайында / туралы қараңыз тәрізді*).

Проспекция мен ретроспекция құралдары мәтіннің композициялық құрылымын көрсетеді, мәтіннің бөліктері (бөлім, тарау, параграфтар т.т.) арасындағы логикалық байланысты қалыптастырады, жалпы ғылыми мазмұнды тұтас күйінде қабылдауға мүмкіндік тудырады.

Ақпараттың маңыздылық дәрежесін көрсететін бағыттау құралдары мәтіндегі маңызы бар үзіктерді ерекшелеп күшейтуге, немесе керісінше маңызы онша емес үзіктерді бәсеңдетіп көрсету үшін қызмет етеді. Осы орайда білім көлемін сығымдау (тарайту), шектеу, нақтылау мәніндегі тілдік бірліктер жұмсалады. Солардың ішіндегі неғұрлым кең таралғандары мыналар:

Шектелеміз, қозғаймыз, ... гана қарастырамыз т.т. етістікті құрылымдар, мысалы: *...жалпы белгілерін қарастырумен шектелеміз; Осы тұрғыдан көз жүгіртсек, бүгінгі таңда, дамымаған сатушылар нарығы жағдайында, өндірушілер төмендегідей стратегия ұстағаны жөн; осы орайда т.б.;*

Емес болымсыз етістігі мен шектеу мәнді жалғаулықтар гана, тек, бар болғаны т.т.;

Ғылым тілінде тұрақты қолданысқа айналып кеткен оралымдар: *аясынан тыс, тар // кең аядағы мәселелер, егжей-тегжейлі қарастырмаймыз т.б.;*

Жақсыз құрылымдар: *мүмкін емес, қажет емес, қажеттігі жоқ, ... деп санау артық, қайталау қажет емес деп санаймыз т.б.*

Осы тектес құрылымдар зерттеу тақырыбының аясын шектеуге, бір бағытты таңдауға, маңызды немесе маңызды емес мәселелерді атап көрсетуге байланысты болып келеді.

Мысалы: *Бұл еңбекте біз қазақ көркем сөзінің тек прозалық түрлерінің «сөз құдіретін» әңгіме арқауы етпекпіз және талдаулар мен*

түйіндерімізді ... оқу бағдарламасы бойынша жүргізілген талдаулар түрінде емес, ... өзіміз ден қойған шығармаларды ғана әңгімелейтін «еркін ізденістер» түсінде ұсынамыз (Р. Сыздық. Сөз құдіреті); ...үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қалам тартыстарына соқпай өту мүмкін емес (Сонда) т.б.;

Адресаттың ойлау белсенділігін күшейтетін құралдар да ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымында үлкен рөл атқарады. Баяндаудың логикасын түзе отырып, мұндай бірліктер оқырман назарын мәтінге аударады, сонымен бірге ғылыми ақпаратты мүшелу қызметінде жұмсалады.

Сөйлеу және ойлау етістіктерінің көмегімен оқырман жадын әрекетке шақырады (*еске түсірейік / еске түсірсек, еске алсақ, қайта оралайық / қайта оралсақ т.б.*); елестетуге мүмкіндік тудырады (*көз алдымызға келтірсек / көз алдымызға елестетсек, бейнелесек т.б.*); оқырман назарын бірлескен іс-қимылға шақыру (*қарастырайық, көрсетейік, байқаймыз, мысалдар келтірейік, атап өтейік т.б.*); адресатты танымдық іс-әрекет жасауға бағыттау (*салыстырайық, есептейік, көбейтейік, бөлейік, өлшейік т.б.*); логикалық түйіндер жасауға жетелейді (*шешім жасасақ / шешім шығарсақ, қорытындыласақ, қорыта келсек, түйіндесек т.б.*).

Ғылымның мәні жаңа білім алуда немесе «білмегендіктен» «білгендікке» (білімділік) ұмтылу болса, аталған тілдік бірліктер осы жолдардан оқырманды автормен бірге өтудің сәттерін бейнелейді. Оқырман мәтінде көрініс табатын зерттеу нәтижелерімен жай ғана танысып қоймайды, автормен бірлесе отырып, сол нәтижелерге өзі де жетеді, яғни жаңа білімге ие болады. Тақырыптың кеңеюіндегі маңызды болып табылатын үзіктерді ойға түю, зерттеудің болашағын анықтау мүмкіндігіне ие болады.

Оқырман назарын күшейтетін құралдардың үлкен бір тобы – қыстырма құрылымдар, бұлар баяндау барысын ерекшелейді, әртүрлі мағыналық қатынастарды тудырады. Айталық, санамалау құралдары *біріншіден, екіншіден.., ең әуелі, бір жағынан, басқа жағынан (алып қарағанда) т.т.* мәтіндегі өсу (градациялық) қатынастарын репрезентациялайды, айтылған хабардың маңыздылығын көрсетеді; мәтін үзiгiн негiзгi талқылау нысанына орай ерекшелейді: *мәселен, нақтырақ / дәлірек айтқанда т.т.*; қосымша ақпарат, дәйек ретінде қызмет етеді: *оның үстіне, бұған қоса, сонымен бірге т.т.*; иллюстрациялайтын материалдарды енгізеді: *мысалы, мысал үшін, мысалға алғанда, мәселен, атап айтқанда, әсіресе т.т.* Ғылыми мәтіндердегі тұрақты қолданыстар *қорыта келсек, айтылғандарды жинақтап келе, сөз соңында айтарымыз т.т.* – қорытындылау мен жинақтау құралдары.

Оқырман назарын күшейтуге арналған бұл бірліктер мәтіндегі талдау барысының әрбір қадамын бейнелейді, әсіресе мәтіннің дәлелдеу мен дәйектеуге құрылған бөліктерінде, тезисті негіздейтін жерлерде, белгілі бір болжамды ұсыну сәттерінде қыстырма құрылымдардың шоғырланған тобы қатысады.

Бағыттаудың аталған бірліктері ғылыми ақпаратты өзара байланысқан мәтін түрінде түзу үшін қатысады, олар мәтінтүзушілік қызмет атқарып, мәтін құрудың бір тәсілі ретінде көрініс береді.

Біз есімдігі ғылыми мәтіндердегі «автор бейнесімен» жасаумен қатар, автор мен оқырманды бірлестікте қарастыратын бірлік ретінде де көрініс табады. Сонда *Біз* адресанттылықты да, адресаттылықты да өзіне жинақтайтын («авторлық Мен» және «оқырман Мені») тұлға («біз бәріміз» моделі) болып табылады, мұндай мағына ойлау етістіктері арқылы оқырманды белгілі бір танымдық іс-әрекетке бағыттау барысында көрініс табады: *қарастырайық, талдайық, тоқталайық* т.б. Егер *Біз өткен тақырыптарда тербелістің амплитудасы тұрақты болатындығын айттық* сөйлемінде *біз* автор бейнесін көрсетсе, мынадай сөйлем түрлерінде адресанттылықты да, адресаттылықты да біріктіретін «біз бәріміз» моделі қатынасқан: *Күнделікті тәжірибемізде біз әр түрлі шамалардың арасындағы тәуелділіктермен жиі кездесеміз* (М. Есмұқанов. Математикалық анализ курсы).

Ғылыми мәтін авторлары өз туындыларын мазмұндық элементтердің мағыналық сатысын (иерархиясын) ескере отырып құрайды, тұжырымдау барысында, белгілі бір қорытындылар жасауда неғұрлым маңызды аспектіні көрсетуге ұмтылады. Мазмұндық элементтерді мәтін кеңістігінде (тақырып дамуының бас шені, ортасы мен соңы, біртепті мазмұндық бөліктер немесе оған қарама-қарсы мағыналық бөліктер т.т.) мүмкіндігінше тиімді орналастыруға тырысады. Ғылыми материалды баяндау арқылы автор өзінің ой қозғалысын, бір пайымдаудан екінші бір пайымдауға ауысу жағдайларын бейнелейді және соның бәрінде жүйелілік, бірізділік болуы қажет, өйткені адресат тарапынан мәтіннің дұрыс түсінілуі, оның жадында жақсы сақталуы – автордың негізгі мақсаты.

Әдетте ғылыми мәтіндерге ең әуелі мақсатын анықтап алу тән, бұл өз кезегінде ұйытқы немесе негіздің қызметін атқарады, одан әрі негіздеме, зерттеу міндеттері жалғасады. Ұйытқы ғылыми ой қозғалысының жөнелтуші нүктесі тәрізді, әрі қарайғы мәтін түзілімінің бастамасы. Мұндай бастама мәтіннің мағыналық тұтастығы үшін «білім қорын» жасап алуға мүмкіндік тудырады.

Бұдан әрі мәтіннің кеңею барысы тезисті (ұйытқыны) логикалық жолмен мүшелу, ой қозғалысының жекелеген тұстарын ерекшелеп көрсету, нақтылау арқылы жалғасады. Байланыстырғыш құралдар мәтіннің әрбір мағыналық кешендерінде өзіндік қызмет атқарады, айталық, кейінгі абзацтың алдыңғысына мазмұн ортақтылығының белгілеріне қарай жалғасатындығын білдіреді (*сондай-ақ, сонымен бірге, мұндай* т.т.); нақтылайды (*дәлірек / нақтырақ айтқанда, басқаша айтқанда, басқа сөзбен айтсақ, айтылғандарды нақтылай түссек, басқаша терминмен...* т.т.); тезиске дәлел, дәйек ретінде қызмет етеді (*шын мәнінде, сөзсіз, толықтай түсінікті, дәлелдеуді қажет етеді* т.т.); тезисті мысалдармен бекітеді (*мысалы,*

мысалдар келтірсек, айтылғандарға дерек келтірсек, мысал ретінде алуға болады т.т.) және т.б.

Қорытынды тәрізді композициялық блок *сөйтіп, қорытындылайық, қорыта келгенде, соңында т.б.* тәрізді тұрақты қолданыстар арқылы баяндаудың аяқталғандығын білдіреді, оқырман назарын мәтіннің маңызды бөлігі болып табылатын – жинақтауға бағыттайды, онда жаңа білімнің негізгі мазмұны тұжырымдалады.

Мәтінді осылай оқырмандарға бағыттау құралдары түрлі құрылымдар арқылы бейнеленетін логикалық тізбектер болмақ, олар мәтіннің бір-біріне өзара жақын, алыс немесе аралас келетін бөліктерін байланыстырады. Мәтіндегі ой қозғалысының даму кезеңдерін көрсетеді, бір ойдан екінші ойға ауысуды қамтамасыз етеді, қысқасы, мәтіннің логикалық-композициялық кеңею үдерісін қалыптастырады, сонымен бірге оқырманның «ұйып тыңдауының образын» жасауға ат салысады.

Ой қозғалысын бейнелейтін мұндай логикалық тізбектер баяндалып отырған білім мазмұнына қатысы жоқ, олардың қолданыс тұрақтылығы, стереотиптілігі әбден қалыптасқан, олардың ерекше рөлі мәтінді ұйымдастырудағы мәтін түзудің әмбебап коммуникативтік-прагматикалық құралы екендігінен көрінеді.

Бағыттаудың бұл құралдарын дұрыс пайдалана білу өзінше жеке әңгіменің жүгі болары хақ. Тіл мәдениетінің талаптарына сай олардың қолданысы дәл, нақты болғанда және мазмұнмен үйлесіп, өзінің негізге қызметін орындағанда ғана – ғылыми қарым-қатынас аясында белгілі бір жетістікке жетуге болады. Олар мәтіннің логикалылығын, анықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етіп, оқырманға жаңа білім әлеміне енуді оңтайландырады (дұрыс қолданбаған жағдайда керісінше болуы да мүмкін). Адресатқа кедергі келтіретін тілдік-мазмұндық сипаттағы түрлі қиындықтарды еңсеруге көмектеседі, ақыр аяғында ғылыми сұхбатты барынша тиімді етуге өз үлесін қосады.

Ғылыми мәтіндердегі оқырман бейнесін сөз еткенде олардың типі жайында айта кеткен жөн.

Бәрімізге белгілі, адресат сипаты функционалдық стильдердің бәрінде бірдей емес. Белсенділік таныту, назар аудару, түсіну стратегиясы бойынша жалпыға ортақ жақтары бола тұра, ол функционалдық стильдердің коммуникативтік мақсат-мүддесіне сәйкес ерекшеленеді.

Көркем тілде оқырманның эмоциясына мән береді. «Жазушы көркем туындылары арқылы өзінің идеясын, көзқарасын білдіреді. Ал ол идеясын қабылдаушының қажетіне жарайтындай, оқырманның түсініп, сүйсініп оқитындай тілдік бірліктермен береді» [13, 53-б.].

Искери сөз адресаттың әлеуметтік рөліне қарай құрылады [1, 11-б.] т.т.

Ғылыми мәтіндердегі адресат сипаты туралы Н.Уәли: «Ғылыми стильде адресат факторы «маман» - «маман» деген формулаға сай қолданылады, адресаттың білім деңгейлері шамалас болады, екеуіне де ортақ білім қоры болады» [1, 11-б.].

Ғылыми мәтіндердегі оқырман бейнесін анықтау ғылыми мәтіндердегі басты прагматикалық бағыттармен тікелей байланыста және ол өз кезегінде *ғылыми стильдің шағын түрлері* деген дәстүрлі ұғымға қатысты болып келеді. Ғылыми қарым-қатынас аясында прагматикалық бағыттар былайша ажыратылады: 1) **адресант білім аясын кеңейтуге, сапалық өзгерістер жасауға ұмтылады** (таза ғылыми немесе академиялық шағын стиль); 2) **адресант белгілі бір уақыт үзегіндегі білім аясының жай-күйін тіркеп отырады** (ғылыми-оқу шағын стилі); 3) **адресант өз көзқарасын неғұрлым айқын, бейнелі жеткізуге ұмтылады** (ғылыми-публицистикалық шағын стиль); 4) **адресант нысанды қатаң логикалылық негізінде түсіндіру әрекетін көрсетеді** (ғылыми-ақпараттық шағын стиль); 5) **шындықтың қандай да бір фрагменті эксперимент, тәжірибе арқылы баяндалады** (ғылыми-техникалық шағын стиль).

Бұдан көрінетіні ғылыми мәтін авторының оқырмандардың арнайы дайындығының белгілі бір деңгейіне бейімделуі.

Ғылыми туынды таза мамандарға арналады, не болмаса кең көлемді аудиторияға арналады. Адресат сипаты осындай болып келетін ғылыми мәтіндердің тілдік ерекшелігі жайында Р. Сыздық былай деп жазады: «...ғылыми әдебиет те таза ғылыми, яғни белгілі бір ғылым саласының мамандарына арналған және ғылыми-көпшілік, яғни қалың оқырман қауымына ұсынылған болып ажыратылады. Алдыңғысында ғылыми терминдер, олардың ішінде көпшілікке түсініксіздері молынан қолданылатын болса, ғылыми-көпшілік қолды әдебиетте жалпыға түсініксіздеу терминдер суреттеме жолымен (тіркестермен) түсіндіріліп беріледі...» [14, 175-б.].

Ғылыми мазмұндас мәтіндердегі баяндалатын мазмұн материалының қабылдауға неғұрлым оңай (жеңілдетілген) болғанын қалайтын және соған жетуді көздейтін прагматикалық мақсат та кездеседі.

Айталық, жаңа сипаттағы мектеп, лицей-гимназияға арналған оқулықтың бірі – «Ежелгі әдебиет» (авторы: А. Қыраубайқызы). Оқулықта ғылыми ақпарат коммуникативтік бағдарға сай қабылдаушылардың танымына сәйкес неғұрлым жеңілдетіп берілген. Оқулық атауының («Ежелгі әдебиет») және оның бөлімдері (тараулары) тақырыптарының (Мысалы: *I-тарау: «Заманымыздан бұрынғы аңыз-жырлар (сақ-ғұн, үйсін дәуірі, б.з.б. VII ғ. – б.з. IV ғ.)», II – тарау: «Түрік қағанаты дәуіріндегі әдебиет (V-VII ғ.ғ.)», III-тарау: «Оғыз дәуіріндегі әдебиет (IX-X ғ.ғ.)», IV-тарау: Ислам дәуіріндегі әдебиет (X-XII ғ.ғ.)», V-тарау: «Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет (XIII-XIV ғ.ғ.)»*) ғылыми жағынан байыптылығына, салмақтылығына қарамастан, олардың мазмұны қарапайым болып келеді. Оны мына мысалдан байқаймыз:

Қазақ мәдениеті біздің дәуіріміздің арғы жағындағы скиф-сақ тарихынан басталып, түріктер тарихына жалғасады. Бұрын қазақ, қырғыз, түрікпен, қарақалпақ, қарашай, өзбек, ұйғыр, татар, башқыр, бурят (саха), Түркия түріктерін бір ауыз сөзбен түріктер деп атаған. Қазақтың кең даласында еркін жортқан ата-бабаларымыз бізден екі

жарым-үш мың жыл бұрын-ақ ақыл-айламен, қылыш-найзамен елін, жерін сақтай білді. Дәстүріне берік болды. Алыс-жақын елдермен байланыс жасады. Қазақта «Ұлың – Үрімге, қызың – Қырымға» деген мақал бар. Одан ұғатынымыз: аталарымыздың атының тұяғы Рим мен Қырымға дейін жеткендігі. Он бірінші ғасырдағы ғалым бабамыз Махмұд Қашқари «Түрікше сөздік» деген кітабында: «Сол кездегі қыпшақтардың мекені Русь пен Румға дейін созылады», - деп жазған. Қазақтар – ежелден өнерлі, шешен, дана халық...

Оқулықтың өн бойында ғылыми ақпарат осындай қарапайым тілмен баяндалып отырады. Автор «ақпараттың берілуін» оқырмандардың оны қалай қабылдайтынына, ал «ақпараттың игерілуін» оқырмандардың оны қалай түсінетініне қарап түзеді. Автордың осындай коммуникативтік бағдарына сәйкес мәтінде субъективті модальділік элементтері де кездесіп отырады. Олар автордың сөйлеу тақырыбына деген жеке қатынасы болып табылады. Айталық, «Сіз – қазақ дейтін ұлы халықтың ұрпағысыз!», «Сіз де сондай болыңыз, өсіп-жетіп толыңыз!» тәрізді көтеріңкі үнмен айтылатын лепті сөйлемдер ғылыми ақпараттың берілуіне қатыссыз, автордың мәтіндегі субъективті қатынасы деуге болады.

Зерттеушілер арасында мектеп оқулықтарын ғылымға енгізбейтін пікірлер кездесіп қалуы кәдік. Біз осы орайда академик Р.Сыздықтың ұзақ жылдар бойы үзбей айтып жүрген (1960-жылдардағы Душанбе қаласында өткен конференциядан бері) «Қазақтың ұлттық ғылымы мектеп оқулықтарынан басталады» – деген пікірін ұстанамыз. А.Байтұрсынұлының еңбектеріне сүйене отырып, ғалым «нағыз лингвистикалық талдаулардың көзі – сол талдаулардың бастауы – мектеп оқулықтарынан басталады, яғни «мектеп грамматикаларында ғылыми сипат жоқ» деген пікірді қостамаймыз» – деп тұжырымдайды. Ғылыми мәтіндердің мазмұнын құрайтын ғылыми білімнің бастамасы, қайнар көзі дәл осы мектеп оқулықтарынан, бұқара көпшілікке арналып жазылған ғылыми-көпшілік оқу құралдарынан басталатындығын мойындаймыз. Оларда белгілі бір ғылыми саланың жалпы және тұрақты белгілері сипатталады және бұл ақпараттар оқырманның деңгейіне сәйкес беріледі. Сондықтан мектеп оқулықтарынан бастап монографияларға дейінгі мәтіндерде адресатқа орай бейімделетін өзіндік мазмұндық әрі тілдік ерекшеліктер орын алатындығы сөзсіз. Ілгеріде келтірген А. Қыраубайқызының «Ежелгі әдебиеті» соның бір мысалы ғана.

Сөйтіп, ғылыми қатынас аясында адресат және оның мәтінді қабылдауы өте маңызды. Адресат автормен бірге мәтінді түзуге қатысады, адресаттың мәтінді қабылдау деңгейі сөйлеушінің тарапынан әрқашан ескеріліп отырады, бұл жағдай стильдің құрылымдық компоненттерінің бірі ретінде танылады. Сонда мәтін авторы адресатқа неғұрлым түсінікті болу мақсатында тілдік құралдарды ғана сұрыптап қолданбайды, сонымен бірге мәтіннің композициялық құрылымын мүшелену барысында да есте ұстайды.

Осы айтылғандарды жинақтай келе, ғылыми қарым-қатынас аясында адресаттың екі үлкен тобын көрсетуге болады: а) сөйлеушімен тең дәрежелі

адресат, «маман – маман» қатынасы; ә) сөйлеушімен тең дәрежелі емес адресат, мұны іштей екіге бөлеміз: «маман – маманданушы» (автор арқылы оқытылатын) және «маман – қалың оқырман» қатынасы.

Адресаттың бұл негізгі типтері түрлі дәрежеде ғылыми стильдің шағын түрлері мен жанрлық құрылымдарында нақты көрініп отырады, соған сәйкес олардың тіліне де, композициялық құрылымына да қатты ықпал етеді.

Қорыта келгенде, «оқырман бейнесі» «автор бейнесі» тәрізді ғылыми дискурс үшін қарым-қатынасты ойдағыдай қалыптастырушы маңызды бірліктердің бірі. Ғылыми қарым-қатынас аясында екеуара сұхбаттың тиімділігі, нәтижелілігі ескерілуі тиіс. Ол үшін «оқырман бейнесінің» типі, мәтінді оқырмандарға бағыттаудың тілдік құралдары анықталады. Ғылыми мәтіннің түсініктілік деңгейі осыларды назарға алғанда ғана неғұрлым арта түспек. Кез келген мәтіннің оқырмандарға арналатындығы ғылыми қарым-қатынас аясында да басты назарда болады. Бұл мәселенің практикалық жағы да маңызды, айталық, қазіргі ғылыми мәтіндердің өз оқырмандарына жетпей жатуы, түсініксіз болуы, сөйтіп, ғылыми қарым-қатынас барысында тілдік кедергілердің орын алуы, автор мен оқырман арасындағы екіжақты байланыстың жоқтығынан деп түсінген жөн. Сондықтан осы бағытта жұмсалатын тілдік бірліктердің қызметін айқындау, ғылыми мазмұнмен бірлігін көрсету т.б. көптеген мәселелер алдағы уақытта практикалық тұрғыда сөз етілуі тиіс.

**II бөлім бойынша
пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. докт. ... авторефераты: 10.02.02. - Алматы, 2007. - 54 б.
2. Арутюнова Н.Д. Фактор адресата // Известия АН СССР литературы и языка. 1981, №4.
3. Ерназарова З. Субъект – прагматиканың негізгі категориясы // А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы, 2001, 47-55 бб.
4. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). – Алматы: Экономика, 2007. – 450 б.
5. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, 2001, №4. - 39-44 б.
6. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. – Алматы: Ы.Алтынсарин ат. Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 197 б.
7. Мына еңбектерді қараңыз: Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. Изд.4-е, стереотипное. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 264 с.; Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 202 с.; Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). – 10.02.19: филол. ғыл. докт. ... дис. авторефераты. – Алматы, 2004. – 55 б.
8. Котюрова М.П., Баженова Е.А. Культура научной речи: текст и его редактирование. М., Флинта: Наука, 2008.
9. Садуахасов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің жақ категориясы. – Алматы: Қазақстан, 1994. - 128 б.
10. Мына еңбекті қараңыз: Чернявская В.Е. Интерпретация научного текста. Изд. 5-е. М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2010. – 128 б.
11. Қараңыз: Жүнісбек Ә. Қазақ тілі сұрақтарының құрамы мен жүйесі // Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері (конференция материалдары). - Алматы: Арыс, 2004, 15-21 бб.
12. Бұл ұғымдар жайында қараңыз: Проблемы текстуальной лингвистики. – Киев, 1983. С. 7-29.
13. Есенова Қ. Р.Сыздыкова зерттеулеріндегі прагмалингвистика мәселелері // Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері (конференция материалдары мен тезистері). – А.: «Арыс» баспасы, 2004, 53-56 бб.
14. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. - 163 б.

III. ҒЫЛЫМ ДИСКУРСТЫ МЕТАФОРАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

Ғылым тілі тәрізді тілдің өзінше бір функционалды аумағын құрайтын дискурстың өзіндік түрін жаңаша зерттеуді, соның ішінде танымдық негіздерін анықтау тіл білімі үшін қажет мәселе болмақ. Өйткені, алдыңғы бөлімдерде де айтылғандай, ғылым тілін тану қазақ тіл білімінде қазіргі уақытқа дейін дәстүрлі-құрылымдық, функционалды-стилистикалық бағытта жүзеге асып келді [1; 2; 3]. Сонымен бірге тіл білімінде өріс алып отырған жаңа бағыттарға (когнитивтік) сай зерттеуге деген талпыныс та жоқ емес [4]. Осындай жаңа үрдістегі жұмыстарды кеңейте түсу күн тәртібінен түспейді.

Ғылыми дискурстың танымдық негіздері айқындау бізге не береді дейтін сауалға келетін болсақ, когнитивтік бағыт жалпы ғылым атаулының тілдік табиғатын, болмысын түсінуге септігін тигізеді, өзекті тақырыпқа айналып отырған ғаламның тілдік бейнесінің құрамдас бір бөлігі ретінде «ғаламның ғылыми бейнесін» қалыптастыруға жол ашады, ғылыми ойлау мен оның тілдік тұрғыдан бейнеленуіндегі, көрініс табуындағы амал-тәсілдерді, белгілі бір заңдылықтарды ашуға мүмкіндік береді, жалпы ғылыми ойдың әуел бастағы қалпы мен оның модельдік сипат алуының тілдік көріністерін анықтайды.

Бұл бөлімде ғылыми дискурстағы метафоралану негізінде пайда болатын кейбір когнитивтік модельдердің жай-күйі сөз болады, негізінен гуманитарлық ғылым деректері бойынша олардың тілдік көрінісі талданады, түсіндіріледі.

Мына бір нәрсені айта кеткен жөн: әдетте ғылым туралы сөз болғанда ойлаудың рационалдылығы, жасанды интеллект мәселесі еске түседі. Ал когнитивтілік болса, осыларға керісінше бағытты көздейді, адам ойлауының алгоритмдік және атомистік емес табиғатын түсіндіруді, тілді ойлаудың ажырамас бір бөлігі ретінде санай отырып, оның барлық психикалық және когнитивтік үдерістерге қатысатындығын танымдық тұрғыдан модельдеу аспектісінде қарастыруды қолдайды.

Ғылым тілін дискурстық негізде қарастыру – ғылымның мәнін қарым-қатынас аясында зерттеумен тығыз байланысты екендігі айтылды. Өйткені *дискурс* дегеніміздің өзі – белгілі бір саладағы қарым-қатынастың жүзеге асу тәсілдерін анықтайтын, мәтіндер жиынтығы ретінде жүзеге асатын, тілдік құрылымдардың өзіндік (стилистикалық) түрлері қатысатын, белгілі бір қарым-қатынас аясында қабылданған әлемді бейнелеудің ерекше тәсілдерін бойына сіңіретін коммуникативтік және тілдік белгілердің (параметрлердің) жиынтығы [5].

Ж. Манкеева: «Тіл мен ойлау бірлігінің өзіндік ерекше қасиеттерін тіл білімінің дәстүрлі, «таза», тілдік жеке ғылым саласы шеңберінде зерттеу мүмкін емес. Оған қажет ғылыми парадигма – когнитивті лингвистика, онымен сабақтас этнолингвистика, психоллингвистика, социоллингвистика т.б. тұтасуы. Осы тұтастық адам санасы қалай құрылған, адам дүниені қалай таниды, қабылданған мәліметтер қалай танымға айналады, менталдық

кеңістіктер қалай жасалады деген сұрақтарға жауапты тілдің терең құрылымдарын зерттеу арқылы анықтайды...» [6, 40-41 бб.] деп жазады.

Осы айтылғанды негізге алсақ, ғылыми дискурстағы менталды кеңістік қалай қалыптасады, қандай модельдер үлгісінде жасалмақ, олардағы метафоралану сипаты қай дәрежеде көрініс бермек деген сауалдар зерттеу тақырыбы үшін өзінің тартымдылығын арттыра түседі.

Когнитивтік модель ұғымын тілдің когнитивтік үдерістің бір түрі екендігін, табиғи тілдегі категоризациялау үдерісінің сипаттамасы болып табылатын термин деп түсінеміз.

Жалпы «модель», «модельдеу» ұғымдары ХІХ ғ. геометрияға қатысты жұмыстарда пайда болған, одан кейін математикалық логикаға арналған философиялық еңбектерде көрініс тапты. Тіл біліміне бұл ұғымды алғаш енгізген З. Хэррис болып саналады, ХХ ғ. 60-жылдарында фонология мен синтаксис салаларында модельдеу мәселелері жандана бастады [Табиғи тілді модельдеу жайында мына еңбекті қараңыз: 7, 380-406 бб.].

ХХ ғасырдың аяқ шенінде «модель/модельдеу» негізінен барлық ғылым салалары бойынша ғылыми айналымға енді десе болады, бұл терминді ХХ ғасырдың 40-жылдарынан бастап философиялық тұрғыдан жинақтау мен талдаудың ғылыми тәсілі ретінде қолдана бастады. Соның нәтижесінде «модель» терминіне «зерттеушілер шешетін міндеттерге орай туындайтын нақты нысандардың толық емес белгілерін бейнелейтін және нақты шындықтың нысандарын имитациялайтын (немесе презентациялайтын) артефакт, нысан» деген философиялық анықтама ұсынылды [8]. Осы анықтамаға сәйкес «модельдеу»: 1) нақты өмір сүретін заттар мен құбылыстардың имитациялық моделін жасау; 2) болжау нысандарының олардың функционалдық белгілерін бағамдауға арналған аналитикалық моделін құру мағыналарын білдіреді.

Жасанды интеллект саласындағы модельдеу мәселесі адам санасының жұмыс істеу механизміне неғұрлым терең қарауды қажет етеді. Сезімдік тұрғыдан қабылданатын модельдер ретіндегі кибернетикалық «виртуалды шындықтың» пайда болуы нақтылықтың шекарасын өзгертті, ғалам бейнесінің трансформациялануына әкелді, бұрыннан өмір сүріп келе жатқан модель табиғатына жаңаша қарауға мәжбүр етті. Осының бәрі «модель/модельдеу» ұғымына және модельдеу нысандарын қалыптастыру үдерісіндегі тілдің рөліне жаңаша мән беру қажеттігін көрсетті.

Тілді әлем мен адам арасындағы рухани көпір іспетті қарайтын тұжырымдар ХІХ ғ. пайда болғанымен (В. Гумбольдт, А.А. Потебня), кең қолданыста ХХ ғ. ғана көрініс тапты. Когнитивтік негізде «модел», «модельдеу» термині когнитивтік модельдердің – ғалам жайындағы ақпаратты қабылдайтын, сақтайтын, жеткізетін құрылымдардың зерттелуіне байланысты жаңа мәнге ие болады. Когнитивтік модель ғылымда гносеологиялық конструкт ретінде қалыптасты, ол дегеніміз – адамның ойлауы мен психикасының құрылымы жайындағы болжамдар [Түпнұсқа когнитивтік модельдер мен тілдік құрылымы жайында қараңыз: 9, 37-46 бб.].

Ғылыми дискурста ақпараттың берілу тәсілдері әрқашан өзекті болған. Когнитивтік бағыт аясында көптеген зерттеушілер метафоралық модельдерге назар аударады. Ғылыми танымдағы метафоралану үдерісіне орай мынадай көзқарас кездеседі: метафора – ғылыми ойлаудың негізін қалайтын базистік тетік, ғылыми қызметің негізгі қағидасы. Ғылым саласы тұтас алғанда да, сондай-ақ жекелеген салалары да табиғаты жағынан виртуалды салалар тәрізді метафоралық тұрғыдан модельденеді. «Метафора – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Ол – жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа ұғымның қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор...» [10, 281-б.].

Метафоралық модельдер интеграцияланған типтегі неғұрлым жиынтық модель болып табылады, когнитивтік модельдер жүйесінде негізгі орынды алады, өйткені олар сәйкестендіруші модельдер негізінде неғұрлым ірі болып табылатын синтездеуші модельдерді құруға қатысады және бұл ерекшелік ғылыми дискурстың қалыптасуындағы метафоралық модельдердің маңыздылығын көрсетеді.

Концептуалды метафоралар ғылыми дискурс үшін метафоралану үдерісінің ең негізгісі, орталығы. Ол ұқсастыққа негізделі отырып, белгілі бір нысанды (құбылысты, мәнді) басқа заттар жайындағы білім арқылы түсінуге мүмкіндік тудыратын түпнұсқа когнитивтік модель болып табылады. Бұл үлгі ғылым тілінде (ғылыми дискурста) метафоралық қолданыстардың тұтас жүйесі ретінде қолданылады.

Ғалымдар концептуалды метафоралардың танымдық негізін ескере келе, оларды былайша ажыратады:

Онтологиялық метафора – эмоцияны, оқиғаларды, әрекеттер тізбегін белгілі бір зат немесе субстанция ретінде қарастырудың амалы. Когнитивті терминдер сөздігінде оған «абстрактылы ұғымдардың кеңістіктегі шекарасын анықтау» деген анықтама берілген;

Бағдарлы метафора – бір-біріне қатысты дәрежеде ғана айқындалатын әрі кеңістіктегі бағдарға негізделген тұжырымдар жүйесі, мұнда «жоғары-төмен», «іші-сырты», «терең-таяз», «орталық-шеткі» секілді қарсылықты ұғымдар қолданылады;

Концептуалдық метафора – ерекше хабарлы құрылымды құрайтын, білім туралы мәлімет беруге, оның жадыдағы көрінісін сұрыптауға мүмкіндік беретін амалдардың бірі [10, 282-283 бб.].

Ғылыми дискурсты модельдеу барысындағы метафоралық тұжырымдаудың орны мен рөліне қазіргі ғалымдар бей-жай қарамайды. Әдіснамалық жағынан әртүрлі көзқарас бағытында болса да, көптеген зерттеушілер мен ғалымдардың ойы ғылым тілін жүйелеудегі метафораның рөліне келгенде бір жерден шығады. С.С. Гусев өз еңбегінде метафораны ғылыми қатынаста жұмсалатын тілдік құралдардың жаңа мағыналарын қамтамасыз ететін элемент ретінде, ғалам жайындағы ғылыми білімді бір жүйеге түсіретін құрал ретінде сипаттайды. Еңбекте танымдық қызметте қолданылатын тілдік метафоралардың құрылымы мен типтері анықталады.

Метафораның ғылымдағы болжамдарды айту мен оны дамытудағы қызметі сөз болады [11, 131-б.].

Келесі бір зерттеуші Г.Г. Кулиев жаңа білімді тілдік белгіге айналдырудағы метафораның орны мен қызметін анықтауға көңіл бөлген. Ғалым метафораға сүйену, оны тілде қолдану коммуникативтік қызметтің әртүрлі мақсаттарына байланысты екендігін айта келіп, оның жаңа білімді атау арқылы қарым-қатынасты жандандыратын зор мүмкіншілігін баса көрсетеді. Зерттеушінің өз сөзімен айтсақ: «Творческая сила метафоры конечно же, и в том, что она позволяет переодолеть немоту и «схватить» новизну: метафора – это «первый луч света» потемках парализованного новизной сознания. Метафора регулирует взаимоотношения между новизной и языком, субъектом и социумом. Главное назначения метафоры не в освоении новизны, а в ее способности «высказать новое» – превратить новое в «субстрат» коммуникации. Метафора способствует преодолению «болезни» некоммуникабельности языка в состоянии немоты» [12, 85-б.].

Метафораны зерттеудегі когнитивтік бағыт қазақ тіл білімінде де белең алуда [Мына еңбекті қараңыз: 13]. Ғылым тіліндегі метафоралану үдерісі де зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған: А.С. Сыбанбаева, И.С. Мұратбаева т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде қарастырады (3.2 тараушасы).

Алайда бұл зерттеулердің міндетіне еңбеген ғылым тілін неғұрлым кең аяда, дискурстық негізде қарастыру, ғылыми дискурс үшін метафораланудың жаңа көкжиектерін айқындайды, ғылыми қатынас пен ғылыми қызмет жүзеге асатын ғылыми дискурстағы метафоралық кеңістіктің өзіндік қолданысын көрсетіп береді. Бұл ғылыми дискурс аясында пайда болған метафоралық модельдер жайында әңгіме қозғауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан келгенде, біздің зерттеу үшін Н.А. Мишанкинаның ұстанымдары жақын, аталған ғалым өз жұмысында *дискурсивті-онтологиялық метафоралар* мен *гносеологиялық метафораларға* назар аударады. Зерттеуші метафоралық модельдеу үдерістерін, яғни оның жұмсалу деңгейін мына бағыттарда анықтайды: ғылыми мәтіннің тілдік ұйымдасуы деңгейінде, интертекстуалды және интердискурсивті деңгейде. Бұлар өз кезегінде метафоралау моделінің жаңа білім қалыптастырудағы және білімді онтологизациялаудағы рөлі мен орнын сипаттайды [14].

Бұл айтылған жайттардың жалпы дискурс теориясын, сонымен бірге ғылыми дискурсты менталдық кеңістік ретінде қабылдаудың аясын кеңейтетіні сөзсіз. Төменде аталған мәселелердің барлығына тоқталмасақ та, қазақ ғылыми дискурсының материалдары негізінде метафоралану моделінің кейбір жақтарын қарастыруға тырыстық.

1. Дискурсивті-онтологиялық метафоралар

Ғаламның ғылыми бейнесі белгілі бір ұлт тілінің ерекшеліктеріне сай қалыптасады. «Ғаламның ғылыми бейнесі» ұғымының өзін модельдеу негізінде пайда болғандығын ескерсек, соны қалыптастырудағы ұлт тілінің ерекшеліктерімен қоса, жекелеген зерттеуші тұлғалардың орнын, олардың ойлау стилінің нақыштарын, тәжірибесін, ұлт менталитетін ескермеуге тағы болмайды. Осылардың барлығы тұтаса келе, ғаламды қабылдаудың белгілі бір ұлттық шеңбердегі бейнесін жасайды және метафоралық модельдер бұл бейнені түсіну мен қабылдаудағы когнитивтік тетік ретінде маңызды орындардың бірін алады. Метафоралық модельдеу интуитивті және рационалды тәрізді ғаламды түсінудегі бір-біріне қайшы екі тәсілді біріктіреді, ассоциациялық байланыс арқылы ғылыми құбылыстың тұтас бейнесін түзуге қызмет етеді.

Метафоралық модельдеудің классикалық үлгісін қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салған Ахмет Байтұрсынұлы ұсынады. Сәулет өнері мен сөз өнерінің ұқсастық жақтарын сипаттай келіп, метафораның эвристикалық және ақпараттық сыйымдылығын орынды пайдаланған. Әлемді түсінудегі интуитивті және рационалды тәсілдерді метафоралау механизмі арқылы біріктірген. Қараңыз: *«Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас. Үй салуға мәселен, түрлі зат керек. Ол керек зат – топырақ болса, оны біріктіріп илейді, иленген балшықтан кірпіш құяды. Кірпішті қалап, неше түрлі үй қылып шығарады. Үйдің жақсы-жаман болып шығуы балшығынан да, кірпішінен де болады. Кірпіш қандай жерде қалай қаланып, қандай үй болып шығуы жасаған жобаға қарай болады. Неғұрлым жоба жасайтын сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым салған үй сәулетті, әдемі болып шығады»* (А. Байтұрсынов. Шығармалары).

«Сөздер мен «топырақтан иленген кірпіштің» функцияларын салыстыра отырып, тілші адам әрекетімен жасалатын өнер атаулының ең басты бір заңдылыққа бағынатынын таныды, ол – ақыл мен қиялды сабақтастыра білу, кез келген іске барша зейінмен қарау. Осыған орай, автор «Дыбыстан құралып, сөз жасалған, кірпіштен қалап, түрлі үй жасау сияқты, сөзден бірігіп түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы – балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатын сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен... Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті әдемі болып шығатыны сияқты, неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі әдемі болып шықпақ... Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу сияқты нәрсе» деген тұжырымын да сол аналогиялық қабылдаудың ұстанымына сүйене дамытты» [10, 215-б.].

Зерттеуші Э. Оразалиеваның түсіндіруіндегі Байтұрсыновтан алынған осы мысалдар ғылым саласындағы метафораның рөлін әу бастан күшті болғандығын көрсетеді.

Метафоралану үрдісі кейін де жалғасын тауып отырған. Метафоралану белгілі бір ғылыми мәселелерді қабылдауды сол халықтың танымына, тәжірибесіне жақындатады және сол арқылы ғылымның түсініктілік деңгейін арттырады. Метафоралану ғылыми нысан мен ұлттың рухани және материалдық тәжірибесіне негізделеді. Осыған орай модельдер пайда болады. Айталық, Қ. Жұбановтан алынған мына үзіндіні «нысан – шаруашылық» моделіне жатқызуға болатын тәрізді:

...Сонымен Телжанның шығармаларында қазақ тілінің бет-аузы көріне алмай қалған. Оның мақсаты қазақ тілінің қасиеттерін, өзгешеліктерін көрсетіп беру болмай, қазақ тілі заңдарын формашыл грамматика шеңберіне қалай да болса сыйдыру ғана болатын. Қойына өлшеп қорасын салмаған. Даяр қораға әкеп қамаған. Сондықтан басқа тілдерге өлшеп салынған форма қорасының түкпірлерінде бос қалған алаңдар да болғаны сияқты, тарлық етіп, тоқты-торымның сыймай қалғаны да болған (Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер).

Мысалда тіл біліміндегі теориялар сөз болады, басқа тілдегі тіл теорияларын механикалық түрде қазақ тіліне көшіру жайы айтылған, сол бағытта «қойына өлшеп қорасын салмаған», «даяр қораға әкеп қамаған», «қорасының түкпірлерінде», «тоқты-торымның сыймай қалуы», «қазақ тілінің бет-аузы» тәрізді метафоралық қолданыстар пайдаланылады. Ең бастысы, осы жолдарды оқыған адам қазақтың жанына жатық көріністер негізінде ғылыми мәселенің жай-күйін бағамдайды. Ғылыми құбылысты ұлттық өлшем тұрғысынан түсінуді көрсетеді.

Келтірілген мысалдар – метафоралану – ғылыми ойлаудың негізін қалаған базистік тетік (механизм) болып табылатындығын дәлелдейді. Авторлар дискурста тән негізгі ерекшеліктерді сақтай отырып, нысанды өзіндік тану арқылы өзіне жақын келетін модельдерді таңдайды, нақтылайды, я болмаса мәтін аясында өзгертіп қолданады. Жаңа білімді игеру барысында бұл модельдер онтологиялық дәрежеге ие болады да, нақты білім қалыптастыру үшін қызмет етеді.

Ғылымды «іргелі» және «қолданбалы» деп бөлудің өзінде метафоралық модель жатыр, *іргелі* ұғымында («ірге», «қабырға» семалары) «іргетас», «ғимарат», «құрылыс» мәніндегі түсініктер бары рас, айталық, «іргетас» маңызды бөлік, онымен ғимараттың беріктігі байланысты. Сондай-ақ, А. Байтұрсынұлының сөз өнері ғылымын құрылыс саласымен салыстыра көрсетуі де осыған келіп саяды.

Кеңістік метафоралары

Когнитивтік тіл біліміндегі әлем бейнесін модельдеуге бағытталған әдістер ғылыми дискурстағы кеңістік қатынасының берілу жолдарын

айқындау үшін пайдалы. Кеңістік ұғымы ғылыми дискурс үшін аса маңызды болып табылады. Ғылыми қарым-қатынас осы кеңістікте жүзеге асады, сондықтан белгілі бір танымдық үлгілер (модельдер) негізінде тілдік құрылымдар арқылы қалыптасатын кеңістіктік қатынастарды табу, берілу тәсілдері мен қолданылу деңгейлерін анықтау ғылыми дискурстың менталды кеңістігін көрсету болып табылады.

Ғылым дегеніміздің өзі – физикалық кеңістік (ғылыми сала) ретінде қабылданады. Ғылыми кеңістік аясына кез келген дерексіз ұғым енуі мүмкін, сонымен бірге зерттеу нысаны, зерттеуші ғалымдар, пікірлестер мен қарсыластар (ғылыми қауымдастық), өзара ғылыми байланыстар т.т. енеді.

Кеңістік қатынасы тік (вертикал) және көлденең (горизонталь) бағдармен сипатталатыны белгілі. Ғылыми дискурс үшін тік бағдар «жоғары деңгей / төмен деңгей» ұғымдарымен байланысты. Көлденең белгі ғылымның түрлі салаларына және олармен шектесетін, түйісетін тұстарын байланысты түсіндіріледі. Мысалы: *Тірі организм биологиялық құбылыстардың қатарына жатса, тіл қоғамдық құбылыстардың қатарына жатады* (К. Аханов. Тіл білімінің негіздері).

Ал *Абайдың тілі – кең тақырып* (Р. Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі, 9-б.) немесе *Абай қаламынан шыққан әдебиет дүниелерінің тілін жеке алып суреттемес бұрын, сол Абай тұсында, айналасында қазақ тілінде тағы да қандай әдебиеттер болды дегенді санап алуға тура келеді* (Сонда, 19-б.) мысалдарындағы «кең», «тұсында», «айналасында» ғылыми кеңістіктің қаншалықты ауқымдылығын, тереңділігін және ғылыми дискурстың сол тереңдікті айқындау әрекеттерін көрсетеді.

Айталық, зерттеу нысанына байланысты «тереңдік» өлшемі қолданылады, «тереңдік» негізгі кеңістік деңгейінен төмен орналасады да, «тереңдіктегі жасырын» нысанды айқындау – әр сала бойынша іске асырылатын ғылыми іс-әрекеттің мақсаты болып табылады. Мысалы:

Физика фундаментальдық ғылымдар қатарына жатады. Қазіргі заман талабына сай, техниканың жедел дамуына байланысты бұл пәнді терең, жан-жақты игеру біздің болашақ техника саласында қызмет ететін инженер мамандарымызды теориялық және практикалық жағынан дайындауда шешуші рөл атқарады (А.Қ. Ахметов. Физика).

Осыған байланысты академик Ә. Қайдардың «*індете зерттеу*» («төркіндете зерттеу» термині де бар) метафоралық қолданысын алуға болады. Ғалым бұл қолданыстың мән-жайын былайша түсіндіреді: «...Тіл байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеудің тағы бір принципін біз «індете зерттеу» деп атадық. Аңшылар лексиконында: «*аңды індетіп алу*» – тазылардан қашып келіп, жан сауғалап, кез келген інге тығылған аңдарды (түлкі, қасқыр, қарсақ, борсық т.б. аңшы амалдап, су құйып, түтін салып, таяқ жүгіртіп т.т.) қолға түсіру әдісі.

«Індете зерттеу» деп шартты түрде алынып отырған бұл терминнің мәнісі – зерттеушінің тілімізде күнделікті айтылып, жазылып жүрген («қолбала, елгезек») сөздермен ғана шектеліп қалмай, не өзі білетін, шеті

көрініп тұрған, не ұмыт болған тіл фактілерінің «ізіне түсіп», лексикалық қордың қойнау-қалтарынан іздеп тауып, түп-тамырымен қопарып, түбегейлі айқындауға тырысу деген сөз. Сонда ғана этнос табиғатын толық танып-білуге қажетті тілдік фактілерді, сол фактілердің қабатында, астарында, қайнар көзінде жатқан небір ғажайып этнолингвистикалық деректерді тауып, сөйлетуге болады. Олардың «ірілерін» ғана емес, «майда-шүйделеріне» дейін түгел қамту ләзім. *«Индете зерттеуге»* әрбір зат пен құбылыстың, ұғым мен түсініктің жеке бастарын ғана емес, олардан туындап, өркендеп, бұтақтап, балалап, тарап жатқан туындыға да қатысты дүниенің бәрін (олардың атауы арқылы) түгел қамту міндеті де жатады...» (Ә. Қайдар. Қазақ этнолингвистикасы, 494-495 бб.).

Мұның бәрі «тереңдіктегі жасырын» нысанды айқындау – бір ғылыми жұмыспен шектелмейтінін, «бір еңбектің ішінде талдау мүмкін еместігін», оларды ажыратып, айырып, саралап талдау керектігін көрсетеді.

Мысалы: *Сөз жоқ, Абайдай жазушының тілін осы айтылған жақтардан түгел қамтып, бір еңбектің ішінде талдау мүмкін емес. Және осылардың баршасы бір-екі зерттеушінің үлесіне тиюі тағы шарт емес.*

Біз бұл жұмысымызда Абай тілін жоғарыда көрсетілген аспектілердің бірінен ғана алып таңдадық (Р. Сыздықова Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі).

Ал бұлардың дәл қайсылары қай топқа жататынын осы үлгілердің бәрінің тіліне жан-жақты лингвистикалық талдау жасап барып айырып, орындарын көрсету – келешектегі міндеттеріміздің бірі (Сонда, 35-б.).

Егер ғылыми сала үшін әлем түсінікті, түсініксіз, танылған және танылмаған, зерттелген (игерілген) немесе белгісіз болатын болса, мұндай модельдер соларды тануға, жеткізуге мүмкіндік береді. Ғылымның терең қатпарын игеруге арналған менталды іс-әрекеттердің жиынтығын көрсетеді. Қабылдау үдерісі таным нысанының бөлшектелуіне тікелей байланысты, айталық, жіктеу, ажырату, бөлу, топтастыру т.б. Келтірілген мысалдар соны білдіреді. Қандай да бір нысанның түрі ғылыми танымның аясына түсе отырып, оның негізгі ерекшеліктерін сақтау арқылы бөлшектенетін конструктивті ұғым ретінде көрініс табады.

Сөйтіп, ғылыми дискурс үшін кеңістік – «кен», «қазына» тәрізді онтологиялық модельдермен шектесіп жатады. Онтологиялық білім қалыптастыру, әлем жайындағы бастапқы түсініктер – ғылыми дискурсты модельдеудің алғашқы кезеңіне тән. Дж.Лакофф пен М.Джонсон «онтологиялық метафора» терминін енгізгенде осыны көздегенге ұқсайды: *Онтологиялық метафора* – эмоцияны, оқиғаларды, әрекеттер тізбегін белгілі бір зат немесе субстанция ретінде қарастырудың амалы. Когнитивті терминдер сөздігінде оған «абстрақтылы ұғымдардың кеңістіктегі шекарасын анықтау» деген анықтама берілген [Бұл жайында қараңыз: 10, 282-283 бб.]. Н.А.Мишанкина «дискурсивті-онтологиялық метафора» терминін ұсынады. Ғылымның көрсетуінде, бұл терминдік ұғым – дискурсты жеке менталды сала ретінде онтологизациялау қызметін атқарады [14].

Модельдеудің бұл кезеңінде физикалық құбылыстардың абстрактілі аяға көшуі сипатталады. Мысал ретінде Ә. Қайдардың келтірген мәтінін алуға болады, онда ғылыми нысандардың зерттелуі барысындағы зерттеу әрекеттерінің нақтылықтан дерексіздік сипат алуы жақсы түсіндірілген: «...әрбір зат пен құбылыстың, ұғым мен түсініктің жеке бастарын ғана емес, олардан туындап, өркендеп, бұтақтап, балалап, тарап жатқан туындыға да қатысты дүниенің бәрін ... түгел қамту міндеті де жатады». Осындағы табиғаттағы өсімдік дүниесіне тән әрекеттің (бұтақтау, өркендеу) абстрактілі құбылыстардың (бұл жерде – тілдік деректер) өзіндік «өмірін», дербестігін көрсету үшін қолданылып тұр. Автор қолданысындағы «балалау» етістігі де жан-жануарға тән әрекетті абстрактілік сапада қолданудың жарқын мысалы. Модельдеудің бұл үлгісін «нысан – өсімдік дүниесі», «нысан – жан-жануар» деп көрсетуге болатын тәрізді. А.С. Сыбанбаева концептуалдық метафора тудыратын *жеміс, ағаш, бұтақ, бәйтерек, өркен, қабық, тамыр* т.т. өсімдік атауларын атайды [15, 76-б.]. Бұл модельдер ғылыми нысанның жақындастығын, байланыстылығын, сатылы байланыс болатындығын бейнелеу үшін қолданылады және ол ғылыми дискурс үшін қажет.

«Таным – көрінім» моделі

Кеңістік ұғымы мен көзбен көру (визуалды) арқылы қабылдаудың тығыз байланысы бар, бұлардың бірқатарын «таным – көрінім (видение)» моделін репрезентациялайтын модельдеуге жатқызуға болады. Мұндай модельдер ғылыми дискурстағы «көрнекілік қағидатын» айқындайды және оның қолданысы таным мен түсініктілік деңгейінің дискурс үшін маңыздылығын көрсетеді. Мына мысалдарға назар аударайық:

1) *Соңғы кездердегі зерттеулерге қарағанда, XV ғасырдан, қазақ халқының этникалық тұтастық болып құрылған кезінен басталған қазақ әдебиеті келесі ғасырлар бойына үзілмей келгенін байқаймыз* (Р. Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі, 25-б.); 2) *Демек бұл анықтамаға қарасақ, осы күнгі жазба тілімізде қолданылатын ...* (Р. Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі, 30-б.); 3) *Ойлауды екі түрлі апектіде қарауға болады: зерттеушілер ойлауды сөз еткенде, біріншіден, оны ұғым, байымдау формаларында болатын абстракті мазмұн, абстракті процестер түрінде қарайды да, екіншіден, қабылдау мен елестерді образы түрінде болатын сезім-образдардың мазмұны ретінде қарайды* (К. Аханов. Тіл білімінің негіздері, 45-б.); 4) *Осыларды келтіре отырып, Қ.Жұбанов олардың қазақша баламаларын көрсетеді* (І. Кеңесбаев. Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов / Кітапта: Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, 19-б.).

Осы сөйлемдердегі қыстырмалар өздерінің негізгі мәндерімен (салыстыру мағынасындағы) қоса дискурс аясында жүзеге асатын ғылыми іс-әрекеттің белгілі бір дәрежедегі нәтижесін көрсету үшін қолданылған. Ғылыми кеңістіктегі авторға дейінгі бар ақпаратты қажетіне жарату, бір

карағанда, көзге байқала бермейтін дискурс ішіндегі мазмұнды көрсетеді және бұл дискурсивтік-когнитивтік талдау жүргізу барысында ғана анықталады. Дәстүрлі-функционалдық тәсіл сөйлемдердегі бар мағынаны назарға алса, дискурсивтік-когнитивтік мәнмәтін арқылы өмір сүретін, ойлау тәжірибесі мен когнитивтік операциялар негізінде қалыптасатын, модельдену сипаты болатын үзіктерді айқындайды. Мұндай үзіктер тіл мен ойдың жалғастығын ғана емес, дискурстың, соның ішінде мәтіннің түзілу заңдылықтарын құрайды. Мысалдар кеңістіктегі жалпылаушы таным мен автордың өзіндік танымын (ғылыми нысанға қатысты топшылауын) ұштастыратын қызмет атқарады.

Осы орайда функционалды-стилистикалық зерттеулерде мәтіннің ұғымдық-логикалық жағын, орамдылығын арттырады деп көрсетілетін [3, 207-215 бб.] байланыстырғыш құралдарды да аталған модельді құрайтын бірліктердің қатарына жатқызуға болады. Өйткені кез келген ғылыми мәтін байланыстырғыш құралдарсыз жазылмайды, олар мәнмәтінді байланыстыруда белсенді қызмет етеді. Мысалы:

*Төл сөз де, төлеу сөз де, ортақ төл сөз де-белгілі бір ойды екінші біреуге жеткізудің әр түрлі жолдары. Сондықтан, олардың мазмұны ұқсас, **тіпті**, бірдей болатыны түсінікті. **Міне**, осы ұқсастық олардың бір-бірімен алмасуының мол мүмкіндігі барын көрсетеді. **Мұның өзі, айталық**, төл сөз түрінде келген сөйлемді бөгде сөздің басқа түрлеріне айналдыру ыңғайында да байқалады...*(Сөз өнері). Мәтін үзіндісінде қарамен көрсетілген *тіпті*, *міне*, *мұның өзі*, *айталық* тәрізді сөздер жеке сөйлемдер арасындағы байланысты күшейтіп, логикалық ойдың қозғалысы солғын тартып, бір жағынан, автор мен оқушы арасындағы қарым-қатынас та бәсеңдеген болар еді.

***Қысқасы**, революциядан бұрын Абайдың баспаға шығуы зор қадірлі тарихтық іс болғанымен, ойдағыдай шыға алмаған (М. Әуезов); **Түптен келгенде**, мұның бәрі таптық айқастың жеделдеуіне әкеліп соқтырады (XIX ғасырдағы қазақ ақындары); **Демек**, бұлардағы аға сөзі осы күнгі «жасы үлкен ер адам» мағынасынан басқарақ қолданыста тұрғанын аңғартады (Р. Сыздықова. Сөздер сөйлейді); **Міне**, педогогика тарихы осыларды баяндайды (М. Жұмабаев) және т.б.*

Дискурс тұрғысынан келгенде, бұл ғылыми танымның визуалды ақпаратпен байланысын көрсетеді, байланыстырушы құралдар жоғарыда аталған көрнекілікті күшейту мақсатында қызмет етеді. Мәтін авторы тақырыпты (нысанды) өз оқырмандарымен бірлесе отырып қарастыру интенциясын көздейді. Олардың ғылыми дискурстағы қолданысы зерттеу нысандары мен түрлі үдерістерді қабылдаудың жолдарын модельдеуге мүмкіндік береді, зерттеліп (қарастырылып) отырған нысанның зерттеушінің кеңістіктік ұстанымына қатыстылығын көрсетеді.

Әдетте ғылыми нысанның көп қырлы болып келетіндігі айтылды. Тіл ғылымына қатысты Ә.Қайдардан келтірілген мысалдан оны мынадай метафоралық қолданыс арқылы байқаймыз: «лексикалық қордың қойнау-

қалтары...», «түп-тамыры...», тілдік фактілердің «қабаты», «астары», «қайнар көзі», «ірілері», «майда-шүйделері» т.т. Демек, көп қырлы нысанды көзбен қабылдаудың енді бір қыры – нысанның барлық тұстарын бірмезгілде айқындау мүмкін еместігі. Осыған орай белгілі бір тақырыпты зерттеу – нысанның бір қырын тануға арналады. Зерттеу нысаны жайында толыққанды әрі шынайы мәлімет алу үшін оны **жан-жақты зерттеу** қажет:

Сонымен қатар, аналитикалық химияның мақсаты анализдің, аналитикалық әдістердің теориялық негіздерін жан-жақты және кеңінен зерттеу, әр түрлі ортада элементтер мен олардың қосылыстарының болу формаларын, агрегаттық күйін оқып үйрену, координациялық қосылыстардың тұрақтылығын және құрылысын, құрамын анықтау, заттардың термиялық, оптикалық, электрохимиялық, магниттік және т.б. сипаттамаларын зерттеу (А.Ж. Сейтеметова, С.С.Лиходий. Биологиялық химия).

Ғылыми дискурста қабылдаудың анатомиялық-физиологиялық шектеулігі зерттеу нысандарының зерттеу назарына алынған/алынбаған ретінде беріледі және нысанды таңдау, қарастыру барысында бұл маңызды белгілердің бірі болып саналады. Тілдік жағынан бұл әртүрлі жолдармен беріледі: *алғаш, алғаш рет, тұңғыш, дәстүрлі зерттеу, ертеден* т.т.

Сексенінші жылдары ес құбылыстарын зерттеу лабораторияда тұңғыш жүргізіле бастайды... Тоқсаныншы жылдарда француз психологы А.Бине (1857-1911) алғаш рет ойлау процесіне тәжірибе жасады (Қ. Жарықбаев. Психология); *Осылай болғандықтан, философтар мен лингвистер бұл мәселеге (тілдің таңбалық сипаты туралы мәселеге) ертеден бері-ақ назар аударып келеді* (Қ. Аханов. Тіл білімінің негіздері).

Ғылыми дискурс үшін маңызды модель тірі/жанды ұғымдарының жансыз нәрселермен байланысынан өрбиді. Жанды және жансыз арасындағы мұндай байланыстың бір көрінісі – белгілі бір ғылыми мәселелердің өзектілігіне орай туындайды. Сол модельдің кейбір сипатына назар аударайық.

«Жанды және жансыз» моделі

Ғылымды ментальды кеңістік ретінде түсіну жансыз бен жандының әрекетін байланыстырады. Мәселен, ғылыми салалардың адам әрекетін атқаруы осымен байланысты. Мынадай сөйлемдерді кез келген саладан кездестіруге болады:

Биохимия тіршілік туралы ғылым, яғни тіршілік ету процесіндегі заттардың құрамын, энергия алмасуын және олардың бірімен-бірінің тығыз байланыста екендігін молекулалық деңгейде зерттейтін ғылым...

Биохимия ХІХ ғасырдың аяғына жақын физиология мен органикалық химия ғылымдарынан жеке ғылым ретінде бөлініп шықты (А.Ж. Сейтеметова, С.С. Лиходий. Биологиялық химия) немесе *Аналитикалық химияның мақсаты жаңа анықтау әдістерін зерттеу немесе*

белгілерін жетілдіру, сондай-ақ анализдерді тәжірибе жүзінде іске асыру болып табылады (Қ.С. Құлажанов. Аналитикалық химия).

Келтірілген сөйлемдердің негізгі мағынасы «Биохимия зерттейді», «Биохимия бөлініп шықты», «аналитикалық химияның мақсаты ... іске асыру» тәрізді болып келеді. Егер *Д.И. Менделеев* өзінің бірінші статьясында-ақ элементтер қасиетінің периодтылығының мәнін бірінші болып бағалады, ол элементтердің топтық ұқсастығын маңызды деп санағаны соншалықты, қажет болған жағдайда элементтер ретін, олардың атомдық салмағының мәніне қарсы өзгертіп отырған іспеттес сөйлемдерде субъектінің іс-әрекеті нақты көрініс табатын болса, алдыңғы сөйлемдерде мұндай қызмет жансыз сала атауларына жүктелген. Жансыз бен жанды арасындағы бұл байланыс нысанды таным үшін бейімдеуге мүмкіндік береді. Ғылыми дискурстағы іс-әрекеттерді, қозғалысты модельдеу тәсілдерін анықтайды.

Жанды мен жансыздықтың қатарында «Өмір мен өлім» моделін тануға болатын тәрізді. Гуманитарлық мәтіндерде, әсіресе лингвистикалық зерттеулерде зерттеу нысанын, нақтырақ айтқанда, *тілді* ассоциациялау арқылы физиологиялық әрекет жүктейді, мысалы, *тіл туады, өседі, қартайып тозады, өледі* т.т.:

...Неміс лингвисті *Август Шлейхер (1821-1868)* дәл осындай пікірде болып, *тілді тірі организм сияқты* құбылыс деп есептеді. Оның пікірінше, *тіл де тірі организмше туады, өседі, қартайып тозады, өледі...* Тірі организмнің өлуі биологиялық тұрғыдан болмай қойылмайтын шарасыздық. Ал тіл қандай бір тірі организмнен болсын анағұрлым ұзақ өмір сүреді... (Аханов К. Тіл білімінің негіздері).

Адамға тән белгілер зерттеу нысанына да қатысты жұмсалады:

Тілдің дамуы дегенде, біз, әдетте, оның жаңа сөздер мен сөз тіркестері арқылы толығын, баюын көз алдымызға келтіреміз де, бірақ сол сөздердің жасалуына негіз болып келе жатқан жүздеген, мыңдаған көне де байырғы түбір сөздердің тағдырына көп көңіл аудармаймыз (Қайдар Әбдуәли. Қазақ тіліндегі императив тұлғалы етістіктердің өлі түбірлері жайында // Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. 520 бет; 29-б.).

Мысалда *тағдыр (сөздердің тағдыры)* сөзінің метафоралық қолданысы жаңа білім алудың бір тәсілі ретінде көрінеді.

Әлеуметтік лингвистикада *тілдің өміршеңдігі* деген ұғым бар:

Тілдік өміршеңдік үш түрлі өзара тәуелсіз социолингвистикалық өлшеммен сипатталады. Олар: *тілдің құқықтық қалпы...*, демография (сөйлермен саны, бала туу, өсіп-өну жағдайы), институционалдық демеу (БАҚ, білім, саяси бақылау)... (Хасанұлы Б. Мемлекеттік тіл: әлемет және жастар. А., 2013, 17-б.)

Өмір атауларына қарама-қарсы «Өлім» атаулары да ғылыми дискурс үшін ой тудыру моделіне ие. Айталық, тіл білімінде *өлі тілдер, өлі түбірлер* ұғымы кездеседі:

...Солардың ішінен біз қазақ тіліндегі екі буынды, екінші дәрежелі императив етістіктердің құрамында жиі кездесетін бір буынды **өлі түбірлерді** зерттеу объектісі етіп алып, арнайы сөз етпекшіміз (Ә. Қайдар. Қазақ тіліндегі императив тұлғалы етістіктердің өлі түбірлері жайында).

Көне, мағына жағынан күңгірттенген, көнеленген т.т. қолданыстар «Өлім» моделінің аясында жұмсалады: ...Олар негізінен, фразеологизмдер құрамында кездесетін –дай/-дей формалас сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерде ұшырайтын **мағына жағынан күңгірттенген, дербетігін жоғалтқан кейбір сөздер** негізінде жасалмақшы (Ә.Қайдар. Сонда); **Көнерген, ескірген сөздердің** бәрі бірдей біржола қолданыстан шығып қалмайды: олар бейне бір тіл тұлғасындағы **ескінің елесі, көненің көзі** іспетті өз нақыш-сәнімен, өз жарасымдылығымен көпке дейін сақталып қала береді (Сонда).

«Өмір мен өлім» моделінің бағалауыштық сипаты бар: «өмір» – оң бағытында, ал «өлім» – кері бағалауыштық сипатта жұмсалады.

«Ойын» моделі

Үлкен рөлге ие, үлкен рөл ойнайды, өзіндік орны бар тәрізді қолданыстар ғылыми дискурстағы шындықты бейнелеудің өзіндік жолдарын көрсетеді. Ғылыми дискурс үшін бұлар екіншілік модельдейтін жүйе болып табылады және динамикалық сипатта өріс алады. Екіншілік болатын себебі олардың жалпы шындықты модельдеудің ежелгі және дәстүрлі тәсілі ретіндегі алғашқы қызметі бар, әсіресе салт-дәстүр мен бейнелеу саласы. Ғылыми дискурста ойын моделі түрлі аспектілер бойынша қолданылады, осы модель бойынша метафоралану ойынның түрлі ерекшеліктерін, шартын қамтиды. Ойын – әдетте белгілі бір талаптар бойынша жүзеге асатыны белгілі, кейді виртуалды шындықты жасау үшін қолданылады. Мысал үшін *тарих сахнасында, әлемдік аренада, рөл атқару* тәрізді әсіресе, гуманитарлық салада көп ұшырасатын метафоралану құбылыстарын алуға болады:

Жалғастылық принципінiң әдеби тәсiлдердi шыңдай түсуде, әдеби нормаларды тұрақтандыруда үлкен рөл атқаратыны және мәлім (Р. Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі).

Қабылдау (ұғу, түсіну) театрдағы рөл арқылы орындалады. Жекелеген кеңістік ретінде актердің қызметі мен сипатына ие, оны мына сөйлемдерден көреміз: 1) *Иштей сөйлеудің негізінде туған ойдың толық көрінісі дыбыстан сөйлеуде іске асады* (К. Аханов. Тіл білімінің негіздері); 2) *Әсіресе поэзия жанрында жазған қаламгердің тілін тану деген сөзді оның поэтикалық тәсілдерін, ол тәсілдердің тілдегі көрінісін зерттеу деп танимыз* (Р. Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі, 9-б.); 3) *Абайдың шеберлік лабораториясына үңілмес бұрын, оның сөздік құрамы мен грамматикасын таза лингвистикалық тұрғыдан тіркеп, жүйелеп талдап шығу қажеттігі сезіледі* (Р. Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби

тілі). Мысалдардағы қарамен терілген *көрініс, шеберлік лабораториясы* тәрізді ұғымдар әдетте театр (сахналық көрініс), ондағы актерлардың шеберлігімен байланысты болып келеді.

Сурет (картина) ғылыми дискурс үшін маңызды болып табылады, өйткені ғылымдағы көп нәрселер, жалпы мәселелер, жекелеген жайттар көз алдымызға сурет күйінде елестейді, сондықтан бұл ұғымның модельдену барысы да дискурс үшін өзекті болады:

Сондықтан қалған деректер мен автордың өзі келтірген дәлелдеріне қарап отырып, ол кісінің лингвистикалық білімінің қаншалықты терең болғанын, әр алған тақырыбын, жазған мәліметін ғылыми-теориялық тұрғыдан қалай қорытып, мазмұнын байытып, түйіндегенін көз алдыңызға айқын елестетесіз (І. Кеңесбаев. Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов / Кітапта: Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, 18-б.).

Мәтін лингвистикасында мәтіннің туу (пайда болу) заңдылықтары ерекше қаралады, мұндай заңдылықтар ғылыми мәтіннің қалыптасуында да маңызды болып саналады. Когнитивтік тұрғыдан келгенде, таным үдерісінде ежелден бар ойлау, әлемді қабылдау үлгілері ғылыми таным үшін де белгілі бір дәрежеде рөл атқарады. Ғылыми тақырыптың, саланың, мәселенің өрістеуіне, мәтін, мәтін үзгі ретінде түзілуіне және қазақ тілінің ойлаудың ұлттық ерекшелігіне сәйкес тілдік құралдары негізінде түзілуіне қызмет етеді. Қазақ тіліндегі ғылыми дискурстың жалпыадамзаттық, әмбебаптық мәселелерін өзіндік тұрғыдан баяндауға жол ашады.

Сөйтіп, сөз болған модельдер ғылыми дискурстағы коммуникативті-когнитивті кеңістікті қалыптастырады және соны ұйымдастыруға қызмет ететін басты тетік. Метафоралану үдерісі осы орайда білімді онтологизациялау рөлін атқарады, ғылыми қатынас пен ғылыми қызмет жүзеге асатын ғылыми дискурстың метафоралану кеңістігін айқындайды, метафораланудың ғылым атаулыға да жат емес екендігін, таным үдерісіндегі әлеуетін көрсетеді. Сондай-ақ метафоралық модельдеу үдерістерін ғылыми мәтіннің лингвистикалық ұйымдасуы деңгейінде, интертекстуалды және интердискурсивті деңгейде қарастыру метафораның жаңа білім қалыптастырудағы және онтологизациялаудағы рөлін айқындайды. Бұл таным үдерісіндегі рационалды және иррационалды компоненттердің қатынасын жаңаша анықтауға мүмкіндік береді.

2. Терминдену үдерісіндегі метафоралану

Терминдену үдерісіндегі метафораланудың маңызы әрқашан жоғары болған. Терминдердің метафоралану негізінде қалыптасуы адамның беймәлім немесе жаңадан танылған шындықты ежелден таныс ұғымға негіздей отырып атау берінде. Заттар мен құбылыстарды өзара ұқсату арқылы жаңа ұғым тудыру – бүгінгі күні өрістеп отыр [13, 8-б.].

Көптеген терминдік тіркестер әуелі метафораның қатысуымен жасалып, кейіннен ұғымдық сипаттағы сөз тіркесіне айналған терминологиялық тіркес ретінде белгілі. Терминдік тіркестердегі мұндай метафораланып қолданылу екі жағдайдан көрінеді: таза ұғымдық сипатқа ие болған және ғылыми тіл синтаксисіне тән болып келетін, ғылыми ойды беру үшін қатынасатын терминологиялық мәні бар, терминологиялық сипаттағы қолданыстардан. Біріншісіне мынадай мысалдар келтіруге болады: *келте қылмыс құрамы, төте сайлау құқығы, төтенше заң шығару, сөйлеу тілінің ағысы, немістің классикалық философиясының жоғарғы шыңы, философия тасы, Де Бройль толқындары* және т.б.

Екіншісіне мынадай мысалдар жатады: *дүниетанымдық көкжиек, ой-түсінік қоймасы, таным процесінің баспалдақтары, тарихтың терең түкпірі, ұлттық ерекшеліктердің психологиялық астарлары, ұлттық рухтың қайнар бұлағы* және т.б.

Метафоралы тіркестер әуелі есте сақтау, ассоциациялау, ұқсату белгілеріне сәйкес жасалады. Оларда бағалауыштық мән, коннотация басым. Мысалы, *бас мидың жүйке жолдары* термині «жол» сөзінің нақты мағынасы абстракт мағынаға ауысуы арқылы метафораланған. Немесе *төркіндете зерттеу, індете зерттеу* (Ө. Қайдар) тәрізді қолданыстарды мысалға алалық. Әдетте «төркінде» етістігі «әйелдің ел-жұрты, туған-туысқанына барып аралауы» мағынасын береді: *Үш жылдан кейін төркіндеп туыстарына келді* (Қазақ тілінің сөздігі). Терминологиялық қолданыста (*төркіндете зерттеу*) етістік абстракт сипат алған. Осындай пікірді *індете зерттеу* тіркесіндегі «індете» сыңары туралы да айтуға болады. «Індет» сөзінің етістік ретіндегі мағынасы «аңдарды қуып жүріп ініне тығу, ұстау үшін амал жасау» (Қазақ тілінің сөздігі). Жалпы әдеби тілдегі нақты әрекетті білдіретін бұл сөз ендігі жерде абстрактіленген. Демек, терминдік метафоралы тіркестерде нақтылықтан абстрактілікке көшу құбылысы орын алады. Ш. Құрманбайұлы *актиний үйірі, изотоптар үйірі, радий үйірі, уран үйірі, нептун үйірі, сызықтар үйірі, қисықтар үйірі, радиоактивті элементтер үйірі* немесе *механизмнің қажуы, металдың қажуы, материалдың қажуы, термалық қажу, коррозиялық қажу* тәрізді бір топ күрделі терминдерінің жасалуына лексика-семантикалық тәсілдің де қатысы бар деп санайды [16, 58-б.]. Аталған терминдердің құрамындағы «үйір» және «қажу» сөздері ұқсату белгілеріне сүйеніп, терминологиялық қолданысқа көшкен.

И.С. Мұратбаеваның байқауында, коннотативтік мағынасы анық білінетін терминдер экономика саласында көптеп кездеседі: *семіз мысық* // «жирный кот», *сауын сиыр* // «дойная корова», *көгілдір фишка* // «голубая фишка», *алтынға бөлеу* // «золотое рукопожатие», *алтын парашюттер* // «золотые парашюты» және т.б. Автордың ойынша, терминдердегі коннотация әр түрлі функцияда қолданылады: номинативтік мағынаның жасалуына әсер етеді, терминологиялық жүйеде өз орнын алып, терминді қолданушылардың есінде сақталып, қолдануға ыңғайлы болуы үшін жұмсалады т.т. [17].

Метафоралы тіркестердің жасалу барысында көрінетін бейнелілік уақытша. Ондай бейнелілік, экспрессия терминологиялық тіркестің белгілі бір терминологиялық жүйеде орнығуы үшін қызмет атқарады. Метафоралық мағына біртіндеп жойылады да, олар ұғымдық сөз тіркесіне айналады.

Сөйтіп, метафоралану ғылым тілінде, соның ішінде термин қалыптастыру үдерісінде кездеседі, соның бір дәлелі терминдерді, терминдік тіркестерді қалыптастырудағы рөлі. Олар терминологиялық лексиканы байытуға үлес қосады.

Метафоралы терминдік тіркестердің пайда болуында, әрине, аударма ықпалының болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Соның ішінде әсіресе, жиырмамыншы, отызыншы жылдардан басталған қоғамдық-саяси әдебиеттерді аудару ісі қоғамдық ой-сананың дамуына үлкен ықпал еткені сөзсіз. Ө. Айтбаевтың сөзімен айтсақ: «Содан бергі жерде біздің әдеби тіл қолданыстағы қызметі ерекше неше алуан термин сөздер мен терминдік мәндегі тіркестерге молыққан екен» [18, 139-б.]. Сондай тіркестердің бір саласы – метафоралану арқылы қалыптасқан терминдік тіркестер екендігі сөзсіз. Мына мысалдар ең алғашқы жасалу көзін сол жылдардан алады: *терең диалектика, әлсіз жерлерді ұстау, фактілерді созып жеткізу, күрес жүргізу, көзқарастардан шегіну, тұтас философияны қойыртпаққа айналдыру, тану сатылары, өсу ауыртпалығы, платондық махаббат* және т.б. Демек, метафораның ғылым тілін дамытып, жаңа ұғымдарды қалыптастыруы тарихи негізі бар құбылыс болып саналады.

Қазіргі кезде қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістер, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлінің артуы қазақ тілінде көп жанрлы ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиет, публицистиканың пайда болуына жақсы мүмкіндік тудырып отыр. Тілдің ғылыми қарым-қатынас аясындағы қызметі өсіп, қоғамдық ғылым салаларын айтпағанның өзінде жаратылыстану, техникалық әдебиеттерді ана тілінде жазу дәстүрі кең өріс алды. Ғылыми салада осындай қомақты арнаулы әдебиеттің жарық көруі, жариялануы – ғылыми дискурстың (мәтіннің) жалпы тілге жан-жақты әсер етуші, ықпалы зор тілдік құбылыстың біріне айналып, ұлттық тілдің осы салада жұмсауға қажетті, қабілетті дейтін тілдік құрылымдарының жасалуына қызмет етіп отыр.

Осындай жаңалықтардың тілдік тұрғыдан қалыптануындағы негізгі рөлдің бірінде жұмсалатын бірлік – метафора екендігі сөзсіз. А. Сыбанбаева

өз зерттеу жұмысында ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі концептуалдық метафораның тілдік сипатына назар аударады. Концептуалдық немесе ғылыми метафоралардың ғылымның барлық салаларында кең қолданылатындығын көрсете келе, олардың мағыналық топтарына, жиі кездесетін түрлеріне талдау жасауға талпынған [15]. Автор терминдік лексикадағы *математикалық өрнек, электрон бұлты, философияның түп-тамыры, тарихтың қойнауы, таным процесінің баспалдақтары, сөйлеу тілінің ағысы, ұғымның бет пердесі, ми қатпары, көз аласы, семантикалық өріс, электромагниттік толқын* т.б. терминдерді концептуалдық метафораға жатқыза отырып, бұл ұғым үшін мынадай анықтама ұсынады: "Концептуалдық метафора дегеніміз – тілде атауы жоқ деректі және дерексіз ұғымдарға тілдің сөздік қорында бар сөздер арқылы атау беріп, танымдық қызмет атқаратын, ғылым тілінде терминдерді қатыстыруға қатысатын тілдік құбылыс" [15, 71-б.].

Қазіргі кездегі метафораның когнитивтік сипатына ғалымдардың ерекше назар аударып отырғандығын ескерсек, бұл анықтамадан концептуалдық метафораның ғалам бейнесін модельдеу үшін тұжырымдау мен танудың үлгісі ретіндегі, оның негізіне жаңа білім алудағы гносеологиялық бағыт жататындығы ескерілмегендігі аңғарылады. Қалай болғанда да, бүгінгі күні метафора танымдық қызметті қалыптастыратын тәсіл ретінде, тілді дамытатын, кеңейтетін, тұжырымдайтын құрал ретінде, табиғи тіл мен ғылым тілін байланыстыратын құрал ретінде талданады.

Б. Қасым былай деп жазады: «Метафораны тілдік құбылыс ретінде зерделеуде қолданылған семасиологиялық, ономасиологиялық, гносеологиялық т.б. бағыттармен қатар соңғы кездерде бұл тілдік құбылыс когнитивтік бағытта қарастырыла бастады. Адамның таным процестерімен тілдік дамудың байланысы лингвистикаға жаңаша көзқараспен келуді талап етіп қойды. Когниттану саласы ғылымның философия, логика, лингвистика, психология, мәдениеттану, жасанды интеллект сияқты бірнеше салаларының басын тоғыстыру арқылы тілдік мәселелерді шешуді ұсынады. Тілдік бірліктердің когнитивтік тұрғыда қарастырылуы адамның қоршаған әлемді қабылдауымен байланысты. Тілдік мәселелердің өзге салалармен байланысы адамның ойлау процестерінің ерекшелігін жете тануды алға тартады. Адамның ойлау әрекеттері тәжірибе арқылы жинақталған білім қорына әртүрлі операциялар жүргізумен іске асырылады. Жинақталған білім таңбалар арқылы белгіленеді» [19, 55-б.].

Ғалымдар метафораның танымдық осы негізін ескере келе, оларды онтологиялық метафора, бағдарлы метафора, концептуалдық метафора деп ажыратып көрсеткен.

Ғылымның міндеті – белгіліден белгісіздікке қарай жылжу арқылы ғылыми білімді тұжырымдау болса, бұл адамның ойлау мен таным үдерісінің қатысынсыз жүзеге аспақ емес. Ғылыми ұғымдардың дамуы жалпы адам танымының, ой-өрісінің, керек десеніз, қоғамдық ғылыми сананың дамуына түрткі болады. Міне, осы орайда метафоралану ғылыми ұғымдарды санада

тұрақтандыру барысында маңызды қызметке ие болады. Келтірілген мысалдар соның бір дәлелі.

III бөлім бойынша пайдаланылған әдебиеттер:

1. Амирова Ж.Р. Влияние русского языка на формирование научного стиля казахского языка. Автореферат ... канд. филол. наук. Алматы, 1983.
2. Құрмамбаева Ж.Д. Қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік әдебиет стилінің қалыптасуы (XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басы). Филол. ғыл. канд. ... авторефераты. Алматы, 2003.
3. Әлісжанов С. Ғылыми прозаның синтаксисі (құрылымдық және коммуникативтік негіздері). Алматы: Арыс, 2007.
4. Тілембекова А. И. Ғылыми - техникалық мәтіндердің (ҒТМ) лингвопрагматикалық құрылымы (Электроника және байланыс салалары бойынша). Филол. ғыл. канд. ... авторефераты. Алматы, 2004.
5. Букейханова Р.К. Субъективный аспект когнитивного механизма обработки дискурса // Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков: Материалы международной научно-практической конференций, посвященной 10-летию независимости РК и 60-летию КазГУМОиМЯ им. Абылайхана. Ч.1. – Алматы, 2001, 72-75 бб.
6. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, 2001, №4. - 39-44 бб.
7. Жұбанов А. Қолданбалы тіл білімінің мәселелері. Вопросы прикладного языкознания. Алматы: «Арыс» баспасы, 2008.
8. Неуймин Я.Г. Модели в науке и технике: история, теория и практика. Ленинград: Наука, 1984.
9. Мишанкина Н.А. Специфика метафорического моделирования научного дискурса // Вопросы когнитивной лингвистики, №1, 2010, 37-46 бб.
10. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: «Ан Арыс», 2007.
11. Гусев С.С. Наука и метафора. Л., Изд-во ЛГУ.
12. Кулиев Г.Г. Метафора и научное познание. Баку: Элм, 1987.
13. Зайсанбаева Г.Н. Метафоралы сөзжасам. Өскемен: С.Аманжолов ат. ШҚМУ, 2012.
14. Мишанкина Н. А. Лингвокогнитивное моделирование научного дискурса. Автореферат ... докт. филол. наук. Томск, 2010.
15. Сыбанбаева А.С. Қазақ тіліндегі концептуалдық метафораның қызметі. Канд. дисс. Алматы, 1999.
16. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. - Алматы: Ғылым, 1998.
17. Мұратбаева И.С. Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы. Филол. ғыл. канд. ... авторефераты: 10.02.20. - Алматы, 2000.
18. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1988.

19. Қасым Б.Қ. Сөзжасам: семантика, уәждеме. – Алматы, 2003.

Дереккөз әдебиеттер (мысалдар алынған)

Абдулаев Ж. Физика курсы – Абдулаев Ж. Физика курсы. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы: Білім, 1994.

Айтбаев О. Логика – Айтбаев О. Логика. Оқулық. - Алматы: Қазақстан, 1994.

Аханов К. Тіл білімінің негіздері – Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., Санат, 1993.

Ахметов А.Қ. Физика – Ахметов А.Қ. Физика (оқулық). Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. А., 2000.

Әбішев Қ. Философия – Әбішев Қ. Философия (Жоғары оқу орындарының студенттері мен аспиранттарына арналған оқулық). – Алматы, 1999.

Әуезов М. А.Құнанбаев – Әуезов М. А.Құнанбаев: Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырған Н.Ақбаев). - Алматы: Санат, 1995.

Базарбаева З.М. Тіл жүйесіндегі интонацияның орны – Базарбаева З.М. Тіл жүйесіндегі интонацияның орны // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1994, №5, 3-11 беттер.

Байтұрсынов А. Шығармалары – Байтұрсынов А. Шығармалары. Олендер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989.

Бексейітова А. А. Байтұрсыновтың шылау сөздері жайындағы ілімі – Бексейітова А. А. Байтұрсыновтың шылау сөздері жайындағы ілімі // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1994, №5, 52-57 бб.

Бірімжанов Б., Нұрахметов Н. Жалпы химия – Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. - Алматы: Ана тілі, 1992.

Есмұқанов М. Математикалық анализ курсы – Есмұқанов М. Математикалық анализ курсы. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 1995.

Жақыпов Ж. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары – Жақыпов Ж. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. – Қарағанды: ҚарМУ, 1998.

Жарықбаев Қ. Психология – Жарықбаев Қ. Психология: Арнаулы орта оқу орындары оқушылары мен пединституттардың педагогика және бастауыш мектеп әдістемесі факультеті студенттеріне арналған оқулық. А., “Білім”, 1993.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Өнд., 3-бас. – Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010.

Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы – Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994.

Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия – Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. Оқулық. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994.

Қайдар Ә. Қазақ тіліндегі қос сөздер – Қайдар Ә. Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік. – А.: «Сардар» баспа үйі, 2013.

Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасы – Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасы // Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014.

Құлажанов Қ.С. Аналитикалық химия – Құлажанов Қ.С. Аналитикалық химия. Физикалық-химиялық талдау әдістері. Оқулық. - Алматы: Санат, 1996.

Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика – Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: «Ан Арыс», 2007.

Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисін... – Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ЖОО филолог мамандықтары үшін). ДДА., Алматы, 2010.

Сейтембетова А.Ж., Лиходий С.С. Биологиялық химия – Сейтембетова А.Ж., Лиходий С.С. Биологиялық химия. А., Білім, 1994.

Стамбеков С.Ж. Жалпы генетика – Стамбеков С.Ж. Жалпы генетика. - Алматы: Ана тілі, 1993.

Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі – Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. А., Арыс, 2004.

Сыздық Р.Ф. Ана тіліміздің асыл қоймасы – Сыздық Р.Ф. Ана тіліміздің асыл қоймасы (С. Бегалин шығармаларының тілі жайында) // Тілтаным. 2003, №4. – 19-23 бб.

Шайқұтдінов Е. және т.б. – Шайқұтдінов Е.М., Төреханов Т.М., Шәріпханов А.Ш. Органикалық химия. Оқулық. – Алматы: Білім, 1999.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғылым тілін дискурстық негізде қарастыру – ғылымның мәнін қарым-қатынас аясында зерттеумен тығыз байланысты. Дәстүрлі *ғылыми стиль* ұғымы тіл біліміндегі жаңа парадигма – когнитивтіліктің – туындауымен *ғылыми дискурсқа* ұласып отыр, бұл зерттеу аумағын кеңейтіп, қазақ тіліндегі ғаламның ғылыми бейнесін толықтай тануға жетелейді. Өз бастауын жалпы *дискурс* табиғатынан алатын *ғылыми дискурс* ұғымы – ғылыми саладағы қарым-қатынастың жүзеге асу тәсілдерін анықтайтын, мәтіндер жиынтығы ретінде көрініс табатын, тілдік құрылымдардың өзіндік стилистикалық түрлері қатысқан, қарым-қатынас аясында қабылданған ғаламды бейнелеудің ерекше тәсілдерін бойына сіңірген коммуникативтік және тілдік белгілердің (параметрлердің) жиынтығы болып табылады.

Ғылыми дискурстың ерекшелігі – ғылыми шынайылық – ғалам құрылымы жайында шынайы білім ұсынуы, олар абсолютті болмауы мүмкін, зерттелетін нысанның бір бөлігін анықтауға септігін тигізеді және эмпирикалық дәлелдемелерді қажет етеді. Сол себепті ғылыми дискурстың маңызды өлшемдері: жүйелілік, әдістемелілік, сындарлылық, нәтижелердің мәнділігі. Ғылыми қарым-қатынас стратегиясы коммуникативтік мақсаттарға орай анықталады. Ғылыми қарым-қатынастың негізгі мақсаты жаңа білім алумен тікелей байланысты. Ғылыми дискурс аясындағы мәтін авторының коммуникативтік мақсаты ақпаратты толықтай айқындауға бағытталады.

Ғылыми стиль термині өзі сияқты басқа да стиль түрлерін жіктеуге негіз болған тілдің қарым-қатынас, хабар беру, ықпал ету қызметтеріне сәйкес функционалды стилистиканың ұғымы ретінде өмір сүруін жалғастырмақ. Бұл термин тілдің ғылыми мәтіндердегі синтезделу заңдылықтарын қарастыру үшін қолданылады.

Ғылыми мәтіннің мазмұнын тілдік қалыптағы (вербалданған) ғылыми білім құрайтындықтан, ол өз кезегінде *ғылыми дискурс* ұғымымен барабар. Ғылыми мәтінді талдау ғылыми дискурсты талдаумен теңбе-тең, өйткені мәтін мазмұны мәтінді тудырудың менталды және коммуникативті-типологиялық талаптарымен, когнитивтік және прагматикалық стратегиялар жүйесімен, ғылыми мәтін авторының адресатпен бірге қарастырылатын логикалық ұстанымдарымен, тілдік ерекшеліктерге негізделетін экстралингвистикалық факторлардың кешенімен үздіксіз байланыста.

Сонымен бірге, ғылыми дискурсты мәтіндегі барлық нәрселердің, ғылыми білімді ғылым субъектілерінің таным қызметінің нәтижесі ретінде тілдік қалыпқа (вербалды) енгізетін факторлардың жиынтығы ретінде қабылдауға болады. Ғылыми дискурс мәтіндері кең мағынада алғанда бір-бірімен өзара тығыз байланыста және коммуникативтік, функционалды-мақсаттық аспектіде бірігіп кеткен десе болады.

Ғылыми мәтіннің «бүтін жүйе» болып қалыптасуы оның мағыналық құрылымының тұтастығынан, бірізділігінен, жинақылығынан көрінеді. *Эпистемиялық жағдаяттар* – ғылыми мәтіннің мазмұндық тұтастығын

камтамасыз ететін басты экстралингвистикалық фактор. Эпистемиялық жағдаяттар ғылыми танымның метамоделі ретінде ғылыми мәтінді композициялық-мағыналық, тілдік құрылымын айқындайтын әмбебап мәтіндік деңгейдегі бірлік болмақ. Ғылыми мәтінге осындай эпистемиялық жағдаяттар тұрғысынан қарау мәтіннің мәнін тұтастай білім ретінде тануға мүмкіндік туғызады. Эпистемиялық жағдаяттар арқылы ғылыми білім мазмұндық және тілдік тұрғыдан ұйымдасады, мәтіннің мағыналық құрылымын нақты түзеді. Эпистемиялық жағдаяттарың әрбір компонентінде ғылыми білімнің қалыптасу үдерісі бейнеленеді, олардың өзара мазмұндық үйлесімділігі мен өзіндік тілдік құрылымдардың сұрыпталуы арқылы ғылыми мәтіннің мағыналық кешендері түзіледі, бұл мағыналық кешендер мәтін тұтастығына қызмет етеді.

Ескі білім мен жаңа білімнің өзара байланысы жаңа білімді тудырады, демек, жаңа – ескінің жалғасы іспеттес. Интертекстуалдылық – ғылыми мәтіндердің өзара байланысы, мәтінге «бөгде мәтіндердің» кірігуі дегенді білдіреді. Ғылыми мәтіннің абсолютті интертекстуалдығы мәтіннің ашықтығын көрсететін фактор. Интертекстуалдылықтың кең тараған түрі – *дәйексөз*, Ғылыми мәтіндерде дәйексөз түрлі-түрлі мақсатта қолданылады, айталық, қарастырылып отырған саланың (тақырыптың) зерттелуін шолу мақсатында, тың, жаңа мәселені қалыптастыру үшін, ғылыми ұғымдарды нақтылау барысында, дәлелдеу, дәйектеу үшін дәйексөзді пайдалану т.б. мақсаттарда қолданылады. Осылардың бәрі айналып келгенде, дәйексөздің танымдық қызметін айқындайды, ғылыми білімнің одан әрі өрістеуіне негіз болады. Ескі білім мен жаңа білімнің арасындағы қатынасты тудырып, ғылымдағы сабақтастық ұғымын жалғастырады.

Еңбекте ғылыми-танымдық қызмет үшін орталық тұлға ретіндегі «автор бейнесі» (адресант) мен «оқырман бейнесі» (адресат) қарастырылады, оларды тілдік тұрғыдан бейнелейтін тілдік құрылымдар сөз болады.

Ғылыми дискурстың өзіндік ерекшелігіне сай автор бейнесі көріну дәрежесі жағынан болсын, атқаратын коммуникативтік-танымдық қызметі жағынан болсын өзіндік белгілерге ие. Ғылыми мәтіндердегі авторландыру мынадай тілдік бірліктер негізінде көрініс табады: 1) эго-құрылымдар; 2) ментальді жай-күйді білдіретін құрылымдар; 3) сөйлеу рефлексияларын білдіретін құрылымдар.

Оқырман бейнесі автор бейнесі тәрізді ғылыми дискурс үшін қарым-қатынасты ойдағыдай қалыптастырушы маңызды бірліктердің бірі. Ғылыми қарым-қатынас аясында екеуара сұхбаттың тиімділігі, нәтижелілігі ескерілуі тиіс. Ол үшін *оқырман бейнесінің* типі, мәтінді оқырмандарға бағыттаудың тілдік құралдары анықталады.

Ғылыми дискурстың танымдық негізі метафоралану үдерісімен тікелей байланысты. Ақпараттың берілу барысы да метафоралануды ерекше бір тәсіл ретінде айқындайды. Метафоралық модельдер интеграцияланған типтегі неғұрлым жиынтық модель болып табылады, когнитивік модельдер жүйесінде негізгі орынды алады.

Когнитивтік тұрғыдан келгенде, таным үдерісінде ежелден бар ойлау, әлемді қабылдау үлгілері ғылыми таным үшін де белгілі бір дәрежеде рөл атқарады. Ғылыми тақырыптың, саланың, мәселенің өрістеуіне, мәтін, мәтін үзігі ретінде түзілуіне және қазақ тілінің ойлаудың ұлттық ерекшелігіне сәйкес тілдік құралдары негізінде түзілуіне қызмет етеді. Қазақ тіліндегі ғылыми дискурстың жалпыадамзаттық, әмбебаптық мәселелерін өзіндік тұрғыдан баяндауға жол ашады.

Метафоралық модельдер ғылыми дискурстағы коммуникативті-когнитивті кеңістікті қалыптастырады және соны ұйымдастыруға қызмет ететін басты тетік. Метафоралану үдерісі осы орайда білімді онтологизациялау рөлін атқарады, ғылыми қатынас пен ғылыми қызмет жүзеге асатын ғылыми дискурстың метафоралану кеңістігін айқындайды, метафораланудың ғылым атаулыға да жат емес екендігін, таным үдерісіндегі әлеуетін көрсетеді. Сондай-ақ метафоралық модельдеу үдерістерін ғылыми мәтіннің лингвистикалық ұйымдасуы деңгейінде, интертекстуалды және интердискурсивті деңгейде қарастыру метафораның жаңа білім қалыптастырудағы және онтологизациялаудағы рөлін айқындайды.

Сонымен бірге терминдену үдерісіндегі метафораланудың маңызы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып баяндалады.

МАЗМҰНЫ

Автордан	3
Кіріспе	4
I. Ғылыми дискурс: құрылымы мен белгілері	6
1. Ғылыми стиль – ғылыми мәтін – ғылыми дискурс: ұғымдарды нақтылау	6
2. Ғаламның ғылыми бейнесі	11
3. Ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымы	18
3.1. Ғылыми мәтіндердегі бағалауыштық	27
4. Дәйексөз және оның танымдық қызметі	32
I бөлім бойынша пайдаланылған әдебиеттер	40
II. Ғылыми дискурстағы субъект категориясы	43
1. Автор бейнесі (адресант)	44
2. Оқырман бейнесі (адресат)	53
II бөлім бойынша пайдаланылған әдебиеттер	63
III. Ғылым дискурсты метафоралық модельдеу	64
1. Дискурсивті-онтологиялық метафоралар	68
2. Терминдену үдерісіндегі метафоралану	78
III бөлім бойынша пайдаланылған әдебиеттер	82
Дереккөз әдебиеттер (мысалдар алынған)	84
Қорытынды	86
Мазмұны	89

Әлісжан Сарқыт Қалымұлы
Ғылыми дискурстың танымдық негіздері
(коммуникативтік-прагматикалық аспект)

оқу құралы